# МАТЕМАТИКА 6

#### Жалпы орта білім беретін мектептердің 6-сыныбына арналған оқулық

Қайта істелген және толықтырылған 2-басылымы

Өзбекстан Республикасының Халыққа білім беру министрлігі бекіткен

«OʻQІТUVCHI» БАСПА-ПОЛИГРАФИЯ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІ ТАШКЕНТ — 2017

УЎК 51(075.3) КВК 22.я72 М29

#### Авторлар:

#### М.А.МЫРЗААХМЕДОВ, А.А.РАҚЫМҚАРИЕВ, Ш.Н.ИСМАИЛОВ, М.А.ТУХТАХОДЖАЕВА

Арнаулы редактор:

А.Н.Елмурадов — Республикалық білім орталығының әдіскері.

Пікір жазғандар:

**Ш.Х.Саидова** — Юнусабад ауданындағы 273 орта мектептің математика оқытушысы;

**Г.А.Фозилова** — Юнусабад ауданындағы 274 орта мектептің математика оқытушысы.

#### Кұрметті оқушы!

Отанымыз Өзбекстан әлем ғылым-біліміне, мәдениетіне жүздеген ұлы ғалымдарды, ақындарды, мемлекет қайраткерлерін, суретшілерді берген. Сен олардың ізгі істерін жалғастырушысын. Бұл кітапта өлкеміздің ұлы ғұламаларының шығармаларынан үлгілер берілген. Олар ғасырлар өтсе де, сенімен тілдеседі — сен оларды мақтан тұт!

Жастық — білім алу кезені. Ғұламалар айтады: «Жас кезде алынған білім тасқа ойып жазылған мөр сияқты». Математиканы үйрену құнт пен тиянақтылықты, есептер мен мысалдарды түсіне отырып шешуді талап етеді. Мені жақсылап үйреніп алсаң, саған өмір бойы дос боламын!

Мінез-құлқың үлгілі, білімің мол болсын деп,

Авторлар

# ОҚУЛЫҚТАҒЫ ШАРТТЫ БЕЛЛГІЛЕР: — білу керек және есте сақтау пайдалы мәтін; — жандандырушы сұрақтар мен тапсырмалар; — сыныпта орында жаттығулар; — дамытушы жаттығулар; — қайталау үшін жаттығулар; — үйде орындалатын жаттығулар; — тақырып мәтінінен есептерді ажырату.

#### Республикалық мақсатты кітап қорының қаржысы есебінен басылды

- © М.А.Мырзаахмедов, А.А.Рақымқариев, 2013.
- © М.А.Мырзаахмедов, А.А.Ракымкариев, , Ш.Н.Исмаилов, М.А.Тухтаходжаева , 2017.
- © «Oʻqituvchi» БПШҮ, 2013, 2017.

ISBN 978-9943-22-086-7





#### Кұметті оқушы!

Сен 5-сыныпта натурал сандар; аудан және көлем; жай бөлшектер, оларды қосу және азайтуды; ондық бөлшектер, олардың үстінде төрт амалды орындауды, пайыздар туралы білім алдың. Алған білімдеріңді қайталау үшін төмендегі жаттығуларды орында.

«Келешегіміздің іргесі білім ошақтарында қаланады, халқымыздың ертеңі перзенттеріміздің бүгін қандай тәлім-тәрбие алуына байланысты».

И.А. Каримов.

(«Жоғары руханият — жеңілмес күш» кітабынан.)

#### 1. НАТУРАЛ САНДАР

- 1. Колайлы тәсілмен есепте:
  - 1)  $(38 \cdot 54 + 38 \cdot 42) : 24$ ;
- 3)  $736 \cdot 983 736 \cdot 883$ ;
- 2)  $2416 \cdot 67 + 33 \cdot 2416$ ;
- 4)  $(88 \cdot 89 88 \cdot 69) : 440 + 60$ .
- 2. Соңы 7 цифрымен аяқталатын сан бес таңбалы саннан кіші және 9 987-ден үлкен екені белгілі. Сол санды тап.
- **3.** Тік төртбұрыштың ені ұзындығынан 8 м қысқа, периметрі болса 64 м. Осы тік төртбұрыштың ауданын тап.
- **4.** Мен сан ойладым. Егер сол сан 12-ге бөлінсе және бөліндіге 350 қосылса, қосынды 410 болады. Ойлаған санымды тап.
- **5.** Екі сөреде 180 кітап бар. 1-сөреден 2-сөреге 10 кітап алып қойылған еді, екі сөредегі кітаптар саны теңесті. Әр сөреде нешеуден кітап бар?
- **6.** Мен бір сан ойладым. Егер одан 41-ді айырып, айырманы 12-ге көбейтсем, көбейтіндіде 1080 пайда болады. Ойлаған санымды тап.
- **7.** Сандар арасындағы ережені анықтап, бос торкөздегі санды тап (1-сурет).

1	74	45	16	62	46	30	26	54	
									٠ ,

8. Абайсыздықтан судың краны жақсы жабылмады. Сондықтан одан секундына бір тамшы су тамуда (2-сурет). Егер 100 тамшы судың массасы 7 г болса, 1 сағатта неше грамм су ысырап болады? Бір айда ше? Суды ысыраптама!



9. Санды өрнектің мәнін тап:

1) 
$$1+1\cdot 1-1: 1+(1+1-1): 1+1-(1+1);$$

2) 
$$1:1+1+1 \cdot (1+1:1-1) \cdot 1+1-1:(1+1\cdot 1-1)$$
.

10. Амалдарды орында:

1) 
$$614 \cdot 905 + 2736 : 76$$
; 2)  $812 \cdot 35 - 2436 : (3732 - 48 \cdot 27)$ .

**11.** Теңдеуді шеш: (1 324 — x) = 350.

#### 2. Жай бөлшектер

**12.** Бөлшектерді салыстыр: 1)  $\frac{8}{17}$  және  $\frac{9}{17}$ ; 2)  $\frac{13}{14}$  және  $\frac{13}{15}$ .

13. Амалдарды орында:

1) 
$$\left(2\frac{13}{17}-1\frac{11}{17}\right)+\frac{12}{17}$$
; | 2)  $4\frac{5}{13}+1\frac{6}{13}-3\frac{8}{13}$ ; | 3)  $5\frac{9}{11}-3\frac{5}{11}+2\frac{3}{11}$ .

14. Теңдеуді шеш:

1) 
$$\frac{19}{27} - \left(x + \frac{10}{27}\right) = \frac{2}{27}$$
; | 2)  $\left(\frac{19}{15} - \frac{11}{15}\right) + x = \frac{8}{15}$ ; | 3)  $\frac{5}{9} + x = \frac{8}{9} - \frac{1}{9}$ .

**15.** *а*-ның қандай натурал мәндерінде:

1)  $\frac{a}{8}$  бөлшек дұрыс бөлшек;

2)  $\frac{10}{a}$  бөлшек бұрыс бөлшек болады?

16. Бөлімі 7-ге тең барша дұрыс бөлшекті жаз.

17. Амалдарды орында:

1) 
$$\frac{22}{37} - \frac{7}{37} + \frac{15}{37}$$
; 2)  $\frac{23}{35} - \left(\frac{17}{35} - \frac{11}{35}\right)$ ; 3)  $\frac{13}{15} - \left(\frac{4}{15} + \frac{7}{15}\right)$ .

18. Тендеуді шеш:

1) 
$$x + \frac{5}{9} = \frac{8}{9}$$
; 2)  $x - \frac{7}{12} = \frac{1}{12}$ ; 3)  $6\frac{19}{35} - x = 1\frac{2}{35}$ .

#### 3. Ондық бөлшектер

- 19. Колайлы тәсілмен есепте:
  - 1) 8,435 (1,111 + 6,324);
- 2) 29,14 + 15,39 28,14.

- 20. Тендеуді шеш:
  - 1)  $7.05 \cdot 12.4 x = 28.5$ ;
- 2)  $x + 25.4 = 5.04 \cdot 6.05$ .
- **21.** Тік төртбұрыштың бір қабырғасы 7,85 м, екінші қабырғасы болса одан 4 есе ұзын. Осы тік төртбұрыштың ауданы мен периметрін тап.
- 22. Самолёт 1440 км-ні 800 км/са-
- гат жылдамдықпен, қалған 510 км-ні 850 км/сағат жылдамдықпен ұшты. Самолёт барша жолды неше сағатта ұшып өткен (3-сурет)?



- 23. Терімділік ережесін пайдаланып есепте:
  - 1)  $2,71 \cdot 12,6 + 87,4 \cdot 2,71;$
- 3)  $3.08 \cdot 17.9 3.08 \cdot 7.9$ ;
- 2)  $20.8 \cdot 17.9 20.8 \cdot 7.9$ ;
- 4)  $7.5 \cdot 8.7 + 2.5 \cdot (9.4 2.7)$ .
- **24.** Теңдеуді шеш: 1) 15,6 : *x* = 2,6;
- 2) 5,12x = 20,48.

#### 4. Пайыздар

- **25.** Тік төртбұрыштың ұзындығы 45 см, ал ені ұзындығының 60%-ын құрайды. Осы тік төртбұрыштың периметрі мен ауданын тап.
- **26.** Банкке 1 000 000 сум ақша қойылды. Банк 1 жылда аманатшыға қойылған ақшаның 19 %-ы көлемінде пайда төлейді. Аманатшы 1 жылда неше сум пайда алады?
- **27.** Отанымыз Өзбекстанның алаңы 448,9 мың шаршы км (4-сурет). Бұл алаңның шамамен 80%-ын жазықтық алып

жатыр. Алаңның жазықтық бөлігі неше мың шаршы километр?

**28.** Оқушы 1-күні кітаптың 32 %-ын, 2-күні кітаптың 30%-ын, 3-күні қалған 76 бетін оқыды. Оқушы 1 және 2- күні неше бет оқыған?





### 6-СЫНЫП МАТЕРИАЛДАРЫ

#### І тарау. Натурал сандардың бөлінуі

#### 1-2

#### Сандардың бөлгіштері және еселігі

Балалар, ойлап көрейікші! 15 гүлден неше түрлі гүлшоқ жасауға болады?

15 гүлден неше түрлі гүлшоқ жасауға болады? Әдетте, гүлшоқта нешеуден гүл болады? Біздің ойымызша, бұл проблеманы сен шеше аласың.



Бұл проблеманы шешуде математикадан алған білімің саған көмектеседі. Натурал сандарды екі санның көбейтіндісі түрінде жаза аламыз. Мысалы, 15 санын екі санның көбейтіндісі түрінде жазуға болады:

$$15 = 1 \cdot 15 = 3 \cdot 5 = 5 \cdot 3 = 15 \cdot 1.$$

Демек, 15 гүлден жасау мүмкін гүлшоқ санын көбейткіштер анықтап береді: 1 гүлді гүлшоқ саны 15, 3 гүлді гүлшоқ саны 5, 5 гүлді гүлшоқ саны 3 және 15 гүлді гүлшоқ саны болса 1-еу болады (5-сурет).

Егер m натурал сан n-ге қалдықсыз бөлінсе, m сан n -нің **еселігі (бөлінгіш)**, n сан m -ның **бөлгіші** делінеді.

Олай болса т саны п-ге бөлінеді делінеді.



8-ді 1, 2, 4 және 8 сандарының біріне бөлсек, қалдықта 0 шығатыны белгілі.

Мысалы, 8:1=8; 8:2=4; 8:4=2; 8:8=1.

1, 2, 4 және 8 сандарын 8-дің **бөлгіштері**, 8 санын болса 1, 2, 4 және 8 сандарының **еселігі** деп атаймыз. Олай болса 8 саны 1, 2, 4 және 8-ге **бөлінеді** делінеді. Сонымен қатар 3 саны 8-дің бөлгіші болмайды, өйткені 8 санын 3-ке бөлгенде қалдықта 2 қалады. Бұл жағдайда 8 саны 3-ке **бөлінбейді** дейміз.

Есеп. 36 санының барша бөлгіштерін жаз.

Шешуі. 1, 2, 3, 4 т.с сандарды қатарынан тексереміз. Онда егер олардың бір санға көбейтіндісі 36 санын берсе, оны былайша жазамыз:

 $36 = 1 \cdot 36 = 2 \cdot 18 = 3 \cdot 12 = 4 \cdot 9 = 6 \cdot 6 = 9 \cdot 4 = 12 \cdot 3 = 18 \cdot 2 = 36 \cdot 1$ . Демек, 1, 2, 3, 4, 6, 9, 12, 18, 36 сандары 36-ның бөлгіштері.



Көбейту нәтижесі көбейткіштер тәртібіне байланысты болмағандықтан тексеруді 6 · 6 көбейтіндіде тоқтатуға болады.

Егер сан бөлінгіштердің көбейтіндісі түрінде жазылса, ол сан бөлгіштерге жайылған делінеді.

Мысалы, 10 санын екі бөлгішке былайша жаюға болады:  $1 \cdot 10$ ,  $10 \cdot 1$ ,  $2 \cdot 5$ ,  $5 \cdot 2$ .

Көбейтінді көбейткіштердің тәртібіне байланысты емес екенін ескерсек,  $1\cdot 10$  және  $10\cdot 1$ , сондай-ақ  $2\cdot 5$  және  $5\cdot 2$  жайылымдарды бірдей деп есептейміз. Демек, 10 саны екі бөлгішке екі тәсілмен жайылады:  $1\cdot 10$  немесе  $2\cdot 5$ .

12 саны 1, 2, 3, 4, 6 және 12 бөлгіштерге ие, төмендегі үш тәсіл де екі бөлгішке жайылады:  $1 \cdot 12$ ,  $2 \cdot 6$  және  $3 \cdot 4$ .

Натурал сан 2-ге бөлінсе, ол жұп сан делінеді.

Натурал сан 2-ге бөлінбесе, ол так сан делінеді.


- 2, 4, 6, 8, 10, ... жұп сандар қатары.
- 1, 3, 5, 7, 9, ... так сандар қатары.
- 0 саны да жүп сандар қатарына кіргізілген.
- **29.** 1) Натурал санның еселігі деген не? Қандай сан берілген натурал санның бөлгіші делінеді?
  - 2) Жұп сан деп неге айтылады? Тақ сан деп ше? Олар қандай цифрлармен аяқталуы мүмкін?


- 30. Сандардың барша бөлгіштерін жаз:
  - 1) 30; 2) 19; 3) 54; 4) 59; 5) 62; 6) 89; 7) 95.
- 31. Тұжырымдар дұрыс па?
  - 1) 91 саны 7-ге еселі;
  - 2) 12 саны 1 248 санының бөлгіші?
- **32.** Төмендегі сандардың барша ортақ бөлгіштерін тап: 1) 36 және 24; | 2) 15 және 48; | 3) 18 және 42; | 4) 76 және 57.
- **33.** Қос теңсіздік шешімдерінің ішінен жұп және тақ сандарды бөліп жаз:
  - 1) 23 < *x* < 34:
- 2)  $34 < x \le 43$ ;
- 3)  $157 \le z \le 166$ .
- **34.** Берілген 1, 2, 3, 4, 5, 6, 9, 10, 15, 18, 20 сандарының арасынан 9, 10, 12, 15, 18, 20 сандарының бөлгіштерін ажыратып жаз.
- **35.** Координата өсінде a саны белгіленген. A, F, B, C және D нүктелердің координаталарын тап. Бұл нүктелерге сәйкес сандар a санға еселі бола ма (6-сурет)?




- 36. Сандарды екі бөлгіш жайылымы түрінде жаз:
  - 1)  $38 = 2 \cdot ...;$
- 3)  $48 = 12 \cdot ...$ ;
- 5)  $90 = 5 \cdot ...;$

- 2)  $88 = 8 \cdot ...$ ;
- 4)  $54 = 3 \cdot ...$ ;
- 6)  $72 = 12 \cdot \dots$
- **37.** 144, 153, 145, 150, 161, 139, 141, 165, 157 сандарының арасынан 3-ке еселіктерін тап және оларды кемею тәртібімен жаз.
- **38.** Сандардың арасынан өзара еселіктерін тап: 9; 22; 15; 30; 70; 81; 17; 24; 28; 42; 60; 108?
- **39.** Сандардың орналасуындағы қағиданы анықтап (7-сурет), түсіп қалған сандарды тап (8-9 суреттер).







- **40.** «Жұп» және «тақ» сандарды пайдаланып дұрыс тұжырымдарды айт:
  - 1) екі жұп санның қосындысы әрқашан ... болады;
  - 2) екі тақ санның қосындысы әрқашан .... болады;
  - 3) үш жұп санның қосындысы әрқашан ... болады;
  - 4) үш тақ санның қосындысы әрқашан ... болады.
- **41.** Үш таңбалы 32\* санында жұлдызша (\*) орнына қай цифрды қойсақ, дұрыс тұжырым жасалады? Барша жауапты тап.
  - 1) 32\* саны 2-ге бөлінеді; 3) 32\* саны 3-ке бөлінеді;
  - 2) 32\* саны 5-ке бөлінеді; 4) 32\* саны 9-ға бөлінеді.
- **42.** 42-ден үлкен, 97-ден кіші сандардың арасынан 6-ға еселік сандарды жаз.
- **43.** 2-ге де, 5-ке де, 10-ға да еселік сандар қандай цифрмен аяқталады?
- 44. Қайсы сан кез келген натурал санның бөлгіші болады?
- **45.** Қос теңсіздік шешімдерінің ішінен жұп және тақ сандарды ажыратып жаз:
  - 1) 11 < x < 25;
- 2)  $66 < x \le 96$ ;
- 3)  $45 \le z \le 79$ .
- **46.** 1) 21-дің барша бөлгіштерін жаз:
  - 2) 75-тің барша бөлгіштерін жаз.
- **47.** Тек бір бөлгіші болған натурал сандарды айт. Ондай сандар нешеу?
- **48.** «Жұп» және «тақ» сөздерін пайдаланып дұрыс тұжырым айт.
  - 1) екі тақ санның көбейтіндісі әрқашан .... болады.
  - 2) тақ және жұп сандардың көбейтіндісі әрқашан ... болады.
- **49.** 26-дан үлкен қатар келген үш: 1) жұп санды; 2) тақ санды жаз.
- 50. Сандардың біріншісі екіншісіне еселік бола ма:
  - 1) 144 және 36; 2) 4 545 және 9; 3) 3 678 және 24.
- 51. Сандардың біріншісі екіншісіне еселік бола ма:
  - 1) 5 және 10; 2) 19 және 24; 3) 8 және 48; 4) 21 және 63?
- **52.** 13, 2, 48, 3, 1, 15, 4, 17, 60, 6, 12 сандарынан:
  - 1) бір таңбалы жұп сандарды; 2) екі таңбалы тақ сандарды;
  - 3) 48 және 60 сандарының бөлгіштерін таңдап ал.

#### 3-5

## Сандардың 10-ға, 5-ке және 2-ге бөлінгіштік белгілері



- Тұжырымдардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс:
- о егер сан 10-ға бөлінсе, ол сан 5-ке де бөлінеді;
- о егер сан 5-ке бөлінсе, ол сан 10-ға бөлінеді;
- о егер сан 2-ге бөлінсе, ол сан 10-ға бөлінеді;
- егер сан 5-ке бөлінсе, ол сан 2-ге бөлінеді. Қорытынды шығара аласың ба? Мысалдар келтір.
- 1. Қосынды, айырма және көбейтіндінің бөлінгіштігі.
- 1.1. Қосындының бөлінгіштігі (1-қасиет).

Егер екі немесе одан артық санның әрқайсысы бір санға бөлінсе, онда бұл сандардың қосындысы да сол санға бөлінелі.

Егер натурал сандардың бірі бірер санға бөлінсе, екіншісі бөлінбесе, онда бұл сандардың қосындысы да сол санға бөлінбейлі.

- **1- мысал.** 36 + 81 қосындысы 9-ға бөлінеді, өйткені әрбір қосылғыш 9-ға бөлінеді; 12 + 7 қосындысы 6-ға бөлінбейді, өйткені 12 саны 6-ға бөлінеді, 17 болса 6-ға бөлінбейді; 13 + 23 қосындысы 6-ға бөлінеді, бірақ 13 және 23 сандары 6-ға бөлінбейді.
  - 1.2. Айырманың бөлінгіштігі (2-қасиет).
- **2- мысал.** 63 49 айырмасы 7-ге бөлінеді, өйткені азайғыш пен азайтқыш 7-ге бөлінеді; 56 48 айырмасы 6-ға бөлінбейді, өйткені азайғыш 56 саны 6-ға бөлінбейді, азайтқыш 48 болса 6-ға бөлінеді.

1-қасиеттегідей қорытындыны өзің шығарасың.

1.3. Көбейтіндінің бөлінгіштігі (3-қасиет).

Егер көбейткіштердің бірі бірер санға бөлінсе, онда бұл сандардың көбейтіндісі де сол санға бөлінеді.

- **3- мысал.** 15 · 17 көбейтінді 5-ке бөлінеді, өйткені 15 : 5 = 3. Демек, (15 17) : 5 = 15 :  $5 \cdot 17 = 3 \cdot 17 = 51$ .
  - 2. 10-ға, 5-ке және 2-ге бөлінгіштік белгілері.
  - 2.1. 10-ға бөлінгіштік белгісі.

10-ға еселік натурал сандар 🖒 10, 20, 30, ...

Егер натурал санның жазуы **0** цифрымен аяқталса, ол сан **10**-ға бөлінеді. Егер санның жазуы **0**-ден басқа (**1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9**) цифрымен аяқталса, ол сан **10**-ға бөлінбейді.

- **4- мысал.** 1 23**0** саны **10**-ға бөлінеді, 3**1** болса **10**-ға бөлінбейлі.
  - 2.2. 5-ке бөлінгіштік белгісі.

**5-ке еселік натурал сандар** 
$$\Rightarrow$$
 **5, 10, 15, 20, ...**

Егер натурал санның жазуы **5** немесе **0** цифрымен аяқталса, ондай сан **5**-ке бөлінеді. Егер натурал санның жазуы **5** немесе **0**-ден басқа цифрмен аяқталса, ондай сан **5**-ке бөлінбейді.

- 10-ға бөлінетін барша сан 5-ке де бөлінеді.
- **5- мысал.** 10**5**, 11**0**, сандары **5**-ке бөлінеді; 2**1**, 2**3**, 4**8**, 2**6**, 2017 сандар болса **5**-ке бөлінбейді.
  - 2.3. 2-ге бөлінгіштік белгісі.

Бұдан **2**-ге еселік сандар **0, 2, 4, 6, 8** цифрларының бірімен аяқталатынын көреміз. Бұл цифрлар **жұп цифрлар** делінеді. Қалған **1, 3, 5, 7, 9** цифрлары **тақ цифрлар** делінеді.

Егер натурал санның жазуы **жұп цифрмен** аяқталса, ондай сан **2**-ге **бөлінеді**. Егер натурал санның жазуы **тақ цифрмен** аяқталса, ондай сан **2**-ге **бөлінбейлі**.

- **2**-ге бөлінетін натурал сандар **жұп сандар**, қалған натурал сандар **тақ сандар** делінеді.
- **6- мы сал.** 50, 102, 164, 566, 2008, ... жұп сандар, өйткені **2**-ге бөлінеді; **1**, **3**, 1**5**, 2**7**, 3**9**, 201**7** ,... тақ сандар, өйткені **2**-ге бөлінбейді.
- **10**-ға бөлінетін барша натурал сандар **2**-ге де, **5**-ке де бөлінелі.
- **7- мысал.** 1) 50 346 саны 2-ге бөліне ме? 50 343 саны ше?
  - 2) 17 325 саны 5-ке бөліне ме? 17 324 саны ше?
  - 3) 7 380 саны 10-ға бөліне ме? 7 384 саны ше?

Шешуі. 1) 500346 санының соңғы цифры жұп 6 болғандықтан ол сан 2-ге бөлінеді.

Қалған мысалдар да осыған ұқсас талқыланады.

Көрініп тұр, сандардың бөлінгіштік белгілері белгілі бір жағдайларда сандарды «баған тәсілімен» бөлмей-ақ бірі екіншісіне бөлінетін не бөлінбейтінін жылдам анықтау мүмкіндігін береді.

Мысалы, 660 санының 2-ге, 5-ке және 10-ға бөлнетінін, бөлінбейтінін тексер.

Шешуі. 660-тың соңғы цифры 0. Демек, бұл сан 2-ге, 5-ке және 10-ға бөлінеді.

- **53.** 1) Қосынды, айырма, көбейтіндінің бөлінгіштігін мысалдармен түсіндір.
  - 2) Қандай сандар 10-ға; 5-ке; 2-ге бөлінеді?
  - 3) Қайсы цифрлар жұп цифрлар, қайсылары тақ цифрлар делінеді?
- **54.** Осы 12 +36 +18 қосынды 6-ға бөліне ме? 4-ке ше? 11-ге ше?
- **55.** 64 56 айырма 4-ке бөліне ме? 8-ге ше? 7-ге ше?
- **56.** Екі таңбалы жұп сан нешеу? Екі таңбалы тақ сан ше? Олардың арасынан ең кішісін көрсетуге бола ма? Ең үлкенін ше?
- **57.** 58, 180, 462, 1 020, 2 725 сандарының қайсысы:
  - 1) 2-ге; 5-ке; 10-ға бөлінеді;
  - 2) 2-ге бөлінеді, бірақ 5-ке бөлінбейді;
  - 3) 5-ке бөлінеді, бірақ 2-ге бөлінбейді.
- **58.** 2, 5 және 7 цифрларын пайдаланып (оларды қайталамастан):
  - 1) 2-ге; 2 ) 5-ке еселі барша үш таңбалы сандарды жаз.
- **59.** Қос теңсіздік шешімдерінің ішінен 2-ге, 5-ке және 10-ға еселілерін жаз:
  - 1) 34 < *x* < 53; 2) 75 < *x* < 95; 3) 115 < *x* < 132.
- **60.** 100-ге (4-ке) еселі сандар қатарын жаз. 100-ге (4-ке) еселі натурал сандарың соңғы екі цифрына назар аудар. 100-ге (4-ке) бөлінгіштік белгісін өрнекте.
- **61.** Егер әрбір қосылғыш бір натурал санға бөлінбесе, онда олардың қосындысы сол санға бөлінуі мүмкін бе? Егер мүмкін болса мысалдар келтіріп қорытынды шығар.
- **62.** 1 653 78\* айырма: 1) 2-ге; 2) 5-ке; 3) 10-ға бөлінуі үшін жұлдызшаның (\*) орнына қандай цифрларды қою керек?

- **63.** 220, 555, 27, 63, 144, 1 236, 379, 458, 810, 151, 75, 7 894, 71, 12 547 сандарынын кайсысы 2-ге бөлінелі?
- **64.** 0, 1, 2, 3 цифрлары қатысқан ең үлкен және ең кіші жұп сандарды жаз.
- **65.** 25-ке еселі сандар қатарын жаз. 25-ке еселі натурал сандардың соңғы екі цифрына көңіл бөл. 25-ке бөлінгіштік белгісін өрнекте.
- 66. 2-ге де, 5-ке де бөлінетін ең үлкен және ең кіші төрт таңбалы сандарды жаз.
- **67.** 5-ке бөлінетін жұп сан қандай цифрмен аяқталады? Ондай сан қай санға еселі болады?
- **68.** 515, 160, 461, 505, 723, 1 012, 420, 5 435, 28, 33, 6 130, 866, 262, 990, 102 сандарының қайсысы 5-ке бөлінеді?
- **69.** 54\* + 271 қосынды; 1) 2-ге; 2) 5-ке бөлінуі үшін жұлдызшаның (\*) орнына қандай сандарды қоюға болады?
- **70.** 2 110, 5 000, 45 980, 1 026, 2 017, 3 000, 32 110 және 2 018 сандарының қайсысы 10-ға бөлінеді?

#### 6—7 Сандардың 9-ға және 3-ке бөлінгіштік белгілері



#### Мына пікірлер дұрыс па:

- о тақ сандар: 3-ке еселік, 9-ға еселік;
- о соңғы цифры 3 болған сандар 3-ке бөлінеді;
- соңғы цифры 9 болған сандар 9-ға бөлінеді?
   Мысалдармен түсіндір.

#### 1. 9-ға бөлінгіштік белгісі.

Егер натурал санның цифрларының қосындысы 9-ға бөлінсе, ондай сан 9-ға бөлінеді. Егер берілген натурал санның цифрларының қосындысы 9-ға бөлінбесе, ондай сан 9-ға бөлінбейлі.

**1- мысал.** 8 964 саны 9-ға бөліне ме?

Шешуі. 8 964 санының цифрларының қосындысын есептейміз: 8+9+6+4=27; 27 саны 9-ға бөлінеді, яғни 27:9=3. Демек, 8 964 саны да 9-ға бөлінеді: 8 964:9=996.

**2- мысал.** 2 643 саны 9-ға бөліне ме?

Шешуі. 2 643 санының цифрларының қосындысын есептейміз: 2+6+4+3=15-ке тең болып, бұл сан 9-ға бөлінбейлі.

Сондықтан 2 643 саны 9-ға бөлінбейді.

**2. 3-ке бөлінгіштік белгісі.** 3-ке бөлінгіштің белгісі 9-ға бөлінгіштің белгісіне ұқсас.

Егер натурал санның цифрларының қосындысы 3-ке бөлінсе, ондай сан 3-ке бөлінеді. Егер натурал санның цифрларының қосындысы 3-ке бөлінбесе, ондай санның өзі де 3-ке бөлінбейді.

- **3- мы сал.** 52 461 санының цифрларының қосындысы 5+2+4+6+1=18-ге тең болып, ол сан 3-ке бөлінеді. Сондықтан 52 461 саны да 3-ке бөлінеді.: 52 461 : 3=17 487.
- **4- мысал.** 4 327 санының цифрларының қосындысы 16-ға тең, бұл сан 3-ке бөлінбейді. Сондықтан 4 327 саны да 3-ке бөлінбейді.



«Цифрлармен өрнектелген бір таңбалы сандар қосындысы» сөздерінің орнына сөйлемді ықшамдау мақсатында «цифрлар қосындысы» тіркесі қолданылады.

Цифр — санды білдіретін жазбаша белгі, оларға амалдар қолданылмайды. Амалдар сандарға қолданылады.

- 71. 1) 9-ға, 3-ке бөлінгіштік белгісін айт және мысалдармен түсіндір.
- 2) 3-ке бөлінетін сан 9-ға да бөліне ме?
- **72.** 363, 454, 2 340, 5 463, 7 705, 3 777, 4 523 сандары 9-ға бөліне ме? 3-ке ше? Қайсылары 3-ке бөлінбейді? Неге?
- 73. 2 017 саны кемінде неше рет қатар жазылса, пайда болатын сан 3-ке бөлінеді?
- **74.** 1) 2-ге де, 3-ке де; 2) 5-ке де, 9-ға да бөлінетін сандар тағы да қандай санға бөлінеді? Мысалдар келтір.
- **75.** 1) 660; 2) 993; 3) 758; 4) 2 880; 5) 1 089 сандарының 3 және 9-ға бөлінетін бөлінбейтінін тексер.
- **76.** Жұлдызшалардың (\*) орнына сондай сандарды қойғанда нәтижеде 4 \* 3 \* 1 саны: 1) 9-ға; 2) 3-ке қалдықсыз бөлінсін. Мүмкін болған барлық шешімдерін тап.
- **77.** Осы 1) \*23 + 1\*7; 2) 2\*0 + 35 \* қосынды: а) 3-ке; b) 9-ға бөлінуі үшін жұлдызшаның (\*) орнына қандай цифр қою керек?

- 78. Төмендегі пікірлер дұрыс па:
  - 1) 9-ға бөлінетін сандар әрине 3-ке де бөлінеді;
  - 2) 3-ке бөлінетін кейбір сандар 9-ға бөлінеді;
  - 3) 3-ке бөлінетін сандардың ешқайсысы 18-ге бөлінбейді?
- **79.** Тек 1 цифрын пайдаланып: 1) 3-ке; 2) 9-ға бөлінетін ең кіші санды жаз.
- **80.** 618, 70, 710, 1 446, 403, 868, 530, 124, 89, 961, 455, 2 016, 3 726, 15 470 сандары 6-ға бөліне ме?

Нұсқау. 618 саны **6-ға бөлінеді**, өйткені ол **2-ге** де, **3-ке** де **бөлінеді**. **70** саны **6-ға бөлінбейді**, өйткені ол **2-ге бөлінеді**, бірақ **3-ке бөлінбейді**. Ондағы қорытынды сол: егер натурал сан **2-ге** де, **3-ке** де **бөлінсе**, берілген сан **6-ға бөлінеді**. Басқа натурал сандар 6-ға бөлінбейді.

- **81.** Сан 6 цифрымен аяқталса, оның 6-ға бөлінетіні дұрыс па? Сан 6-ға бөлінсе, ол сан 6 цифрымен аяқталатыны дұрыс па?
- **82.** Қос теңсіздік шешімдерінің ішінен қайсылары 9-ға еселік болалы:
  - 1) 453 < x < 500; 2)  $35 \le y < 70$ ; 3)  $44 < z \le 72$ ?
- **83.** Тек: 1) 5 цифрынан құралып 3-ке бөлінетін; 2) 6 цифрынан құралып 9-ға бөлінетін 3-тен сан жаз.
- **84.** 4-ке бөлгенде қалдықта 4-ке тең сан шығуы мүмкін бе? Қалдықта 5 шығуы мүмкін бе? Жауабынды негіздеп бер.
- **85.** Бөлінгіштік белгілерін пайдаланып, төмендегі сандардан қайсылары 2-ге, 3-ке, 5-ке, 9-ға бөлінетінін анықта. 1) 7 236; 2) 82 740; 3) 74 961; 4) 47 199.
- **86.** 600, 81, 3 330, 405, 9 034, 9 339, 75 870, 2 763, 480, 1 536, 12 521, 7 587 сандары 1) 9-ға; 2) 3-ке бөліне ме?
- **87.** 202 + 2\*2 қосындысы: 3-ке; 9-ға бөлінуі үшін жұлдызшаның (\*) орнына қандай цифр қою керек?
- **88.** Қос теңсіздік шешімдерінің ішінен қайсылары 9-ға еселік болады:
  - 1) 120 < x < 170; 2)  $81 < y \le 99$ ; 3)  $63 \le z \le 117$ ?
- **89.** Төрт таңбалы 6 \*5\* сан: 3-ке; 9-ға бөлінуі үшін жұлдызшалардың (\*) орнына қандай цифрлар қою керек? Барша жағдайларды қарастыр.
- **90.** Төмендегі 0, 4, 6 және 8 сандарынан оларды қайталамастан 9-ға бөлінетін барша 4 таңбалы сандарды құр.

#### 10

#### Жай және күрделі сандар

1-ден басқа әрбір натурал санның кемінде екі бөлгіші болады. 2, 3, 5, 7, 11, 13, 17 — сандарының әрқайсысы 2 бөлгішке ие: 1 және сол санның өзі (*тексеріп көр!*). Дәл сондай, 4, 6, 12, 25, 28 сандарының әрқайсысының екеуден көп бөлгіші бар (*тексеріп көр!*).

Егер натурал сан тек екі бөлгішке (санның өзі және 1) ие болса, ол сан жай сан делінеді.

Осы сипаттама бойынша 2, 3, 5, 7, 11, 13, 17 сандары **жай** болады. Жай сандар сипаттамасына негізделіп 1 саны жай бола ма?

Егер натурал сан екіден көп бөлгішке ие болса, ондай сан **күрделі сан** делінеді.

Осы сипаттама бойынша 4, 6, 12, 25, 28 сандары **күрделі** болады. Осы сипаттама бойынша 1 күрделі сан бола ма?

Жоғарыдағы пікірлерден төмендегідей қорытындыға келеміз:

#### 1 — саны жай сан да, күрделі сан да емес.

Жай сандар кестесін түзу тәсілдерінің ең қарапайымы да сонымен қатар ежелгісін грек математигі **Эратосфен** ұсынған. Бұл тәсіл саннан үлкен емес барша жай сандарды табу әдісі. Осы тәсіл бойынша бірер натурал санға дейінгі барша натурал сандарды қатарынан жазып шығамыз және олардың арасынан күрделі сандарды өшіреміз, нәтижеде өшірілмей қалған сандар жай сандар болады.

Мұндай тәсілмен құрылған жай сандар кестесі «**Эратосфен қалбыры**» деген атпен әйгілі. Эратосфен натурал сандарды ба-



лауызбен қапталған тақтаға жазып, **күрделі сандарды** инемен тескен, нәтижеде тесіктер пайда болған. Тақта тура қалбырды елестетеді, одан күрделі сандар еленіп түсіп кетеді де жай сандар ғана қалған. Эратосфен жай сандар кестесін тек 1000-ға дейінгі натурал сандар үшін келтірген.

Мысалы, бұл тәсілді 25-тен үлкен емес жай сандарды табула колданамыз:

**1.** 2-ден 25-ке дейінгі натурал сандарды төмендегідей жазамыз:

2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13

14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25

2. 2-ден басқа оның барша еселіктерін өшіреміз:

2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13

14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25

3. 3-тен басқа оның барша еселіктерін өшіреміз:

2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13

14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25

4. 5-тен басқа оның барша еселіктерін өшіреміз:

2 3 4 5 6 7 8 9 1/0 11 12 13

14 1/5 16 17 18 19 2/0 21 22 23 24 25

**5.** 7, 11, 13, 17, 19 және 23 сандарынан басқа оларға еселік сандар жоқ. Демек, 2, 3, 5, 7, 11, 13, 17, 19 және 23 сандары 25-тен үлкен емес жай сандар.

Бірінші — ең кіші жай сан 2-ге тең. 2- жұп жай сан. Қалған барша жай сандар тақ сандар. Жай сандар шексіз көп.

- 91. 1) Қандай натурал сандар жай сандар делінеді?
- ? 2) Қандай сандар күрделі сандар делінеді?3) Қайсы натурал сан жай сан да емес, күрделі сан да емес?
- **92.** 17, 22, 31, 35, 41, 47, 222, 241, 308 және 312 сандарының қайсысы жай, қайсысы күрделі сан?
- 93. 2-ге, 3-ке және 5-ке бөлінгіштік белгілерін пайдаланып:
  - 1) 708; 2) 8I; 3) 3 302; 4) 8 415; 5) 111111 сандарының күрделі сандар екенін көрсет.
- 94. Қос теңсіздіктің жай шешімдерін тап:
  - 1) 45 < x < 90;
- 2)  $23 < y \le 73$ ;
- 3)  $47 \le y < 62$ .

2 — Математика, 6

95. Практикалық тапсырма. 100-ден үлкен емес жай сандарды

Шешуі. Ол үшін төмендегі кестені дәптеріне көшіріп, барша жай емес сандарды өшіреміз.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
41	42	43	44	45	46	47	48	49	50
51	52	53	54	55	56	57	58	59	60
61	62	63	64	65	66	67	68	69	70
71	72	73	74	75	76	77	78	79	80
81	82	83	84	85	86	87	88	89	90
91	92	93	94	95	96	97	98	99	100

- **1.** 1 санын өшіреміз.
- 2. 2-ні шеңберге ал да 2-ге еселік қалған сандарды өшір.
- 3. 3-ті шеңберге ал да 3-ке еселік қалған сандарды өшір.
- 4. 5-ті шеңберге ал да 5-ке еселік қалған сандарды өшір.
- 5. 7-ні шеңберге ал да 7-ге еселік қалған сандарды өшір.
- 6. Осы удерісті барша сандар өшірілгенше немесе шеңберге алынғанша жалғастыр.
- **96.** Ең үлкен: 1) екі таңбалы; 2) үш таңбалы жай санды тап.
- **97.** a-ның қандай натурал мәнінде  $29 \cdot a$  a көбейтінді:
  - 1) жай сан болады; 2) күрделі сан болады?
- 98. Үш қатар келген натурал сандардың қосындысы жай сан бола ма?
- 99. 1, 28, 31, 45, 53, 59, 81, 89, 104 және 156 сандарының қайсысы жай, қайсысы күрделі?
- 100. Қос теңсіздіктің жай шешімдерін тап:
- 1) 10 < x < 18; 2) 27 < y < 37; 3)  $23 \le y < 34$ .

#### 11-12

#### Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу

Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу — оны жай сандардың көбейтіндісі түрінде өрнектеу дегені.

12 санының бөлгіштері: 1, 2, 3, 4, 6,12. Бұл бөлгіштердің арасында 2 және 3 — жай сандар. Олар 12 санының жай бөлгіштері делінеді.

Егер күрделі сан өзінің тек жай саннан құралған көбейткіштерінің көбейтіндісі түрінде өрнектелген болса, сол күрделі сан жай көбейткіштерге жіктелген (жайылған) делінеді.

Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеуде төмендегі тәсілді пайдалануға болады.

Мысал. 315 санын жай көбейткіштерге жікте.

#### Түсіндіру:

315 санын жазамыз және оң жағына вертикаль сызық сызамыз. Сол санның ең кіші бөлгіші 3-ті вертикаль сызықтың оң жағына жазамыз. 315: 3 = 105 бөліндіні 315-тің астына жазамыз. 105 саны үшін да жоғарыдағыдай жанасамыз: 105: 3 = 35. Сосын 35: 5 = 7, 7: 7 = 1-ді аламыз. Кезектегі әрбір жай бөлгішті алдыңғы бөлгіштің астына және әрбір бөліндіні болса алдынғы бөліндінің астына жазамыз. Сол жақтағы

315	3	
<i>105</i>	3	
35	5	
7	7	
1		

дыңғы бөліндінің астына жазамыз. Сол жақтағы бағанда 1 болғанда санды жай көбейткіштерге жіктеу бітеді. Вертикаль сызықтың оң жағындағы бағанға жазылған сандар 315-тің жай көбейткіштерін құрайды және олардың көбейтіндісі 315-ке тең, яғни

$$315 = 3 \cdot 3 \cdot 5 \cdot 7.$$

Егер жіктегенде көбейткіштердің арасында тең сандар болса, дәреже түсінігін пайдаланып, жазуды ықшамдауға болады. Мысалы, жоғарыда келтірілген жаю мынадай жазылады:

$$315 = 3^2 \cdot 5 \cdot 7.$$

315-тің барша бөлгіштері 12.

1, 3, 5, 7, 9, 15, 21, 35, 45, 63, 105, 315.

- 101. 1) Жай көбейткіштерге жіктеу дегенде нені түсінесін?
- 2) Кез келген натурал санды жай көбейткіштерге жіктеуге бола ма? Жауабынды түсіндір.
  - 3) Жай сандарды жай көбейткіштерге ажыратуға бола ма?
- 102. (Ауызша.) Сандарды жай көбейткіштерге жікте: 8, 12, 18, 25, 27, 45, 51, 62.
- **103.** 63, 71, 85, 101, 127, 160, 181, 204 сандарының қайсысы жай, қайсысы күрделі? Күрделі сандарды жай көбейткіштерге жікте.
- 104. Жұлдызшаның (\*) орнына қандай жай сан қою мүмкін?
  - 1)  $225 = 3 \cdot 3 \cdot * \cdot 5$ ;
- 3)  $308 = 2 \cdot * \cdot 7 \cdot 11$ :
- 2)  $210 = * \cdot 3 \cdot 5 \cdot 7$ : 4)  $330 = * \cdot 3 \cdot 5 \cdot 11$ ?
- **105.** Erep: 1)  $a = 2 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 5 \cdot 5 \cdot 7$ ;  $b = 2 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 5$ ;
  - 2)  $a = 2 \cdot 3 \cdot 3 \cdot 5 \cdot 7 \cdot 7$ ; b = 490 болса, a-ны b-ға бөлгендегі бөліндіні тап.
- 106. Санның цифрларының қосындысы: 1) 3-ке; 2) 9-ға еселік болса, оны жіктегенде қайсы жай сан міндетті түрде болады?
- 107. 1) 252-нің барша жай бөлгіштерінің көбейтіндісін тап.
  - 2) 374-тің барша жай бөлгіштерінің қосындысын тап.
- 108. Тек: 1) 2; 2) 3 жай бөлгішке ие натурал санды жаз.
- **109.** 1) 23 1; 2) 16 1; 3) 4 7; 4) 11 13; 5) 59 1; 6) 1 216 көбейтінділер жай сан ба немесе күрделі сан ба?
- 110. Қабырғалары натурал сан, ал периметрі жай сан болатын үшбұрыштар бар ма?
- 111. Жай көбейткіштерге жікте: 2 240, 2 178, 7 272, 8 049.



Жай көбейткіштерге жіктеу дұрыс орындалған ба:

- 1)  $72 = 8 \cdot 9 = 2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 3 = 2^3 \cdot 3^2$ ;
- 2)  $112 = 4 \cdot 28 = 4 \cdot 4 \cdot 7 = 2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 7 = 2^4 \cdot 7$ ;
- 3)  $48 = 4^2 \cdot 3$ ;
- 4)  $84 = 3 \cdot 4 \cdot 7$ ;
- 5)  $216 = 6^3$ ;
- 6)  $200 = 8 \cdot 25$ ?

- **112.** *п* -нің қандай натурал мәндерінде:
  - 1) 50 + n; 2) 17 + n; 3) 35 + n; 4) 10 + n сандар ең аз сандағы жай көбейткіштерге жіктеледі?
- **113.** Тік төртбұрышты параллелепипедтің көлемі 1 001 см³ болып, қырлары жай сандарда өрнектеледі. Сол параллелепипедтің: 1) барша қырларының ұзындығын; 2) бетінің ауданын тап.
- **114.** 57, 61, 78, 83, 98, 107, 140, 149 сандарының қайсысы жай, қайсысы күрделі? Күрделі сандарды жай көбейткіштерге жікте.
- 115. Жай көбейткіштерге жікте:
  - 1) 512;
- 2) 686;
- 3) 666;
- 4) 5 175.
- **116.** Үшбұрыштың периметрі 59 см. Оның қабырғалары жай сандармен өрнектеледі. Үшбұрыштың қабырғаларының ұзындығы қандай болуы мүмкін?
- 117. 200-дің барша жай бөлгіштерінің көбейтіндісін тап.
- 118. 96-ның барша жай бөлгіштерінің қосындысын тап.
- **119.** 2 484, 7 375, 4 080 сандарының жай көбейткіштерге жіктелуінде 2, 3, 5 сандарының қайсылары бар?
- **120.** 42, 56, 25, 9, 6, 4, 121, 54, 169 сандарының қайсыларын екі жай санның көбейтіндісі түрінде жазуға болады?

#### 13-14

#### Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара жай сандар

«Жас оқырмандар» байқауының жеңімпаздарына 7 сөздік кітап, 14 әдеби кітап және 21 өлең кітап бірдей бөлінді. Неше оқушы сыйлық алған? Әр жеңімпазға нешеуден сөздік, әдеби және өлең кітап берілген?



24 және 90 сандарының барлық бөлгіштерін жазып шығайык:

24	1	2	3	4	6	8	12	24				
90	1	2	3	5	6	9	10	15	18	30	45	90

24 және 90 сандарының ортақ бөлгіштері (олар көк түсте) мыналар: **1, 2, 3, 6.** 

Олардың ең үлкені: 6.

6 саны 24 пен 90-ның ең үлкен ортақ бөлгіші делінеді.


Екі натурал санның ең үлкен ортақ бөлгіші (ЕҮОБ) деп, сол сандардың әрқайсысы бөлінетін ең үлкен санды айтады.

Екі натурал санның ең үлкен ортақ бөлгіші сол сандардың ортақ жай бөлгіштерінің көбейтіндісіне тең.

Демек, **EYOБ** (24, 90) =  $2 \cdot 3 = 6$ .

1- мысал. ЕҮОБ (36, 84) тап.

Шешуі. 1- тәсіл (жай көбейткіштерге жіктеу тәсілі)



EYOF  $(36, 84) = 2^2 \cdot 3 = 12$ .  $\mathbb{X} \text{ ay a } \pi : 12$ .

m және n натурал сандарының ең үлкен ортақ бөлгіші төмендегіше белгіленеді: ЕҰОБ (m, n).

Жоғарыдағы мысалдан мынадай қорытынды шығаруға болалы:

#### ЕУОБ (т, п)-ді табу үшін:

- $1. \ m$  және n сандар жай көбейткіштерге жіктеледі.
- $2. \ m$  және n сандардағы ортақ жай көбейткіштер ең кіші дәрежелерімен алынады және олардан көбейтінді түзіледі.
  - 3. Түзілген көбейтіндінің мәні табылады.
  - 2- мысал. ЕҮОБ (30, 36) тап. 2- тәсіл.

1- қадам.	2	30	36		
2- қадам.	3	15	18		
3- қадам.	ļ	5	6	<b>←</b>	Бұл сандар 1-ге тең ортақ бөлгіштерге ие. Осы жерде тоқта!
ЕҮОБ (30, 36)	2.3	= 6	•		

**Т ү с і н д і р у.** 1-қ а д а м. **30** және **36** сандары 2-ге еселік болғандықтан 2 ортақ бөлгішті сол жаққа жазамыз.

2-қ а да м. **30** және **36** сандарын 2-ге бөліп, нәтижелерін жазамыз (**15** және **18**). **15** және **18** сандары **3**-ке еселік болғандықтан 3 ортақ бөлгішті сол жаққа жазамыз.

3- қ а д а м. 15 және 18 сандарын 3-ке бөліп, нәтижелерді жазамыз: 5 және 6. 5 және 6 тек 1-ге тең болған ортақ бөлгішке ие болғандықтан есептеулерді тоқтатамыз. Сол жақта тұрған сандарды көбейтеміз:  $2 \cdot 3 = 6$ .

Нәтижеде **ЕҮОБ** (30, 36) = 6-ны аламыз.

**3- м ы с а л.** Егер  $m = \mathbf{2^2} \cdot 3^3 \cdot \mathbf{5} \cdot 11$  және  $n = 2^3 \cdot \mathbf{3^2} \cdot 5^2 \cdot 13$  болса, ЕҮОБ (m, n)-ді тап.

Ш е ш у і. ЕУОБ  $(m, n) = 2^2 \cdot 3^2 \cdot 5 = 4 \cdot 9 \cdot 5 = 180.$ 

**4- м ы с а л.** ЕҮОБ (125, 25) табылсын.

Ш е ш у і. 125 саны 25-ке еселік:  $125 = 25 \cdot 5$ .

Демек, ЕУОБ (125, 25) = 25.

m > n саны n-ге бөлінсе, онда ЕҮОБ (m, n) = n болады.

**5- м ы с а л.** ЕҮОБ (15, 46) табылсын.

Ш е ш у і. Берілген сандарды жай көбейткіштерге жіктейміз:

1	5	3						4	6		2
	5	5						2	3	2	
	1								1		

15 және 46 сандарының ортақ жай бөлгіштері жоқ. Мұндайда берілген сандардың ең үлкен ортақ бөлгіші 1-ге тең болады. Демек, 15 және 46 сандары үшін ЕҰОБ (15, 46) = 1.

Ортақ жай бөлгішке ие болмаған сандар өзара жай сандар деп аталады: ЕҰОБ (m, n) = 1, m және n- натурал сандар.

20 және 21, 14 және 15 сандары өзара жай сандар. Сондықтан ЕҮОБ (20, 21) = ЕҮОБ (14, 15) = **1**.

Қатар келген екі натурал сан әрқашан өзара жай сандар болады.


- 121. 1 Екі санның ортақ бөлгіші дегенде нені түсінесің? Ең улкен бөлгіші дегенде ше? Ол қалай белгіленеді?
  - 2) Екі санның ең үлкен бөлгіші белгілі болса, олардың ортак бөлгіштерін қалай табамыз?
  - 3) Қандай сандарды өзара жай сандар дейміз? Олар ушін ЕҮОБ неге тең? Мысалдар келтір.
- 122. (Ауызша.) Әрбір санның бөлгіштерін, сандардың ортақ бөлгіштерін және ең үлкен ортақ бөлгіштерін тап:
  - 1) 4 және 16; 2) 6 және 15; 3) 4 және 10; 4) 8 және 18.
- 123. Төмендегі сандардың ортақ бөлгіштерін және ең үлкен ортақ бөлгіштерін тап:
  - 1) 65 және 195;
    - 2) 36 және 78;
  - 3) 18 және 48; 4) 8 және 18.
- **124.** 12, 17, 25 және 19 сандарынан бес жұп өзара жай сандар кұр.
- 125. Төмендегі сандардың ең үлкен ортақ бөлгішін тап:
  - 1) 54, 36 және 99; 3) 7, 15 және 38; 5) 324, 286 және 432;
  - 2) 30, 50 және 70; 4) 56, 84 және 126; 6) 215, 435 және 600.

Үлгі: ЕҮОБ-ты (54, 81, 189) тап.

Ш е ш у і. Сандарды жай көбейткіштерге жіктейміз:

5	4	2	
2	7	3	
	9	3	
	3	3	
	1		

8	1	3	
2	7	3	
	9	3	
	3	3	
	1		



$$54 = 2 \cdot 3 \cdot 3 \cdot 3$$

$$81 = 3 \cdot 3 \cdot 3 \cdot 3$$

$$54 = 2 \cdot 3 \cdot 3 \cdot 3$$
  $81 = 3 \cdot 3 \cdot 3 \cdot 3$   $189 = 3 \cdot 3 \cdot 3 \cdot 7$ 

$$54 = 2 \cdot 3^3$$
:

$$81 = 3^3 \cdot 3;$$

$$189 = 3^3 \cdot 7$$
.

Демек, ЕҮОБ (54, 81, 189) =  $3^3 = 27$ . Жауап: 27.

- **126.** 8, 54, 63, 22 сандарына сондай санды тап нәтижеде өзара жай сандар жұбы пайда болсын.
- **127.** EYOБ (56, 224) = 112 дурыс па? Есептемей турып, қате жіберілгенін қалай анықтауға болады?

- **128.** a және b сандардың ЕҮОБ-ын тап:
  - 1)  $a = 2^2 \cdot 5^3 \cdot 17$ ;  $b = 2 \cdot 5^2 \cdot 13$ ;
  - 2)  $a = 2^2 \cdot 3^2 \cdot 5$ ;  $b = 2 \cdot 3 \cdot 5^3$ ;
  - 3)  $a = 5 \cdot 7 \cdot 11$ ;  $b = 5^2 \cdot 7^2 \cdot 13$ ;
  - 4)  $a = 2 \cdot 3 \cdot 5^2 \cdot 7$ ;  $b = 2^2 \cdot 3 \cdot 7$ .
- **129.** 41 санын; 2) 71 санын 3 жай санның қосындысы түрінде бірнеше тәсілмен өрнекте.

Y л г i: 11 + 43 + 17 = ... = 71.

- 130. Төмендегі дәлелдердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?
- ? 1) екі күрделі сан өзара жай сан бола алмайды.
  - 2) екі күрделі сан өзара жай сан болуы мүмкін.
  - 3) екі күрделі сан әрқашан өзара жай сан.
  - 4) жай және күрделі сандар өзара жай сан бола алмайды.
- **131.** Бөлімі 15-ке тең сондай барлық дұрыс бөлшектерді жаз, олардың алымы мен бөлімі өзара жай сан болсын.
- **132.** Алымы 20-ға тең сондай барлық бұрыс бөлшектерді жаз, олардың алымы мен бөлімі өзара жай сан болсын.
- **133.** 20; 38; 54; 49 және 100 сандарын жай сандардың қосындысы түрінде жаз.
- **134.** Бірдей цифрлардан құралған барлық 1) үш таңбалы; 2) төрт таңбалы сандардың ең үлкен ортақ бөлгішін тап.
- **135.** Тап:
  - 1) EYOB (35, 55, 45); 2) EYOB (62, 74, 212).
- **136.** 20-дан 30-ға дейінгі (30) натурал сандар арасында өзара жай сандарды жеке-жеке жаз.
- **137.** 1) 50 және 60; 2) 21 және 84; 3) 225 және 50; 4) 93 және 85 сандарының ең үлкен ортақ бөлгішін тап.
- **138.** Алғашқы 30 натурал санның ішінде 6 санымен өзара жай сан болған сандар нешеу? 7 санымен ше? 19 санымен ше?
- **139.** Бөлімі 18-ге тең сондай барлық дұрыс бөлшектерді жаз, олардың алымы мен бөлімі өзара жай сандар болсын.

#### 15-16 Ең кіші ортақ еселік (бөлінгіш)

36 және 48 сандарына еселік болатын сандарды жазып шығайық:

36-ның еселіктері	36	72	108	144	180	216	252	288	
48-дің еселіктері	48	96	144	192	240	288	336	384	

Бұл сандардың ішінде екі қатар үшін де ортақ болған сандар бар:


Олар 36 және 48 сандарының ортақ еселіктері.

144 саны 36 мен 48-ге еселік барлық натурал сандардың ішінде ең кішісі. 144 санын 36 және 48 сандарының **ең кіші ортақ еселігі (бөлгіші)** дейміз.

Бірнеше натурал санның әрбіріне бөлінетін ең кіші натурал сан олардың ең кіші ортақ еселігі (ЕКОЕ) делінеді.

**1- мысал.** ЕКОЕ (30, 36)- табылсын.

Ш е ш у і. 1- тәсіл (жай көбейткіштерге жіктеу тәсілі).



**EKOE** (30, 36) =  $2^2 \cdot 3^2 \cdot 5 = 180$ .  $\mathbb{X} \text{ a y a } \pi : 180$ .

Жоғарыдағы мысалдан мынадай қорытынды жасаймыз.

#### EKOE (*m*, *n*)-ді табу үшін:

- 1. т және п сандар жай көбейткіштерге жіктеледі.
- $2. \ m$  және n сандардағы ортақ жай көбейткіштерінің ең үлкен дәрежелері және ортақ болмаған көбейткіштерден көбейтінді түзіледі.
  - 3. Түзілген көбейтіндінің мәні табылады.

Бұл мән ЕКОЕ (m, n) болады, (m, n -натурал сандар).

2-тәсіл.

1- қадам.	2	30	36	
2- қадам.	3	15	18	
3- қадам.	↓→	5	6	<ul> <li>Бұл сандар өзара жай сандар.</li> <li>Осы жерде тоқта және ең сол жақтағы бағанда және ең</li> </ul>
EKOE (30, 30	$6) = 2 \cdot 3$	8 · 5 · 6 :	= 180	төменгі қатардағы сандарды көбейт.

2-м ы с а л. ЕКОЕ (15, 12)- табылсын.

Ш е ш у і. 1-т ә с і л. 15 және 12 сандарын жай көбейткіштерге жіктейміз:

$$15 = 3 \cdot 5$$
 және  $12 = \mathbf{2} \cdot \mathbf{2} \cdot 3$ .

15 санының барша көбейткіштерін (бұл қолайлы, өйткені 15 > 12) жазып аламыз және оны 12 санында бар, бірақ 15 санында жоқ *қосымша*  $2 \cdot 2$  *көбейтіндімен* толықтырамыз немесе 12 санының барша көбейткіштерін жазып аламыз және оны 15 санында бар, 12-де жоқ *қосымша* 5 *көбейткішпен* толықтырып, төмендегіні аламыз:

EKOE (15, 12) = 
$$\underbrace{3 \cdot 5}_{15} \cdot 2 \cdot 2 = 60$$
 Hemece EKOE (15, 12) =  $\underbrace{2 \cdot 2 \cdot 3}_{12} \cdot 5 = 60$ .

- 2- т ә с і л. ЕКОЕ (15, 12)-ні былайша тапсақ та болады.
- 1) 15 және 12 сандарын көбейтеміз:

$$15 \cdot 12 = 180.$$

- 2) ЕКОЕ (15, 12) -ні табамыз; ЕКОЕ (15, 12) = 3.
- 3) 180: 3 = 60.

Ж а у а б ы: EKOE (15, 12) = 60.

2-тәсілді жалпы былай жазуға болады.

EKOE 
$$(m, n) = m \cdot n$$
: EKOE  $(m, n)$ ,  
EKOE  $(m, n) \cdot$  EKOE  $(m, n) = m \cdot n$ .

3-м ы с а л. ЕКОЕ (20, 33) табылсын.

 $20 = 2 \cdot 2 \cdot 5$  және  $33 = 3 \cdot 11$  — өзара жай сандар, олардың ортақ бөлгіштері жоқ. Ондағы,

EKOE 
$$(20, 33) = 20 \cdot 33 = 660.$$

Өзара жай екі санның **ең кіші ортақ еселігі** сол сандардың көбейтіндісіне тең. **4- м ы с а л.** ЕКОЕ (240, 60) табылсын.

Ш е ш у і. 240 = 4.60, яғни 240 саны 60-қа бөлінеді. Ондағы ЕКОЕ (240, 60) = 240 болатыны айқын.

Егер бір сан екіншісіне бөлінсе, онда үлкен сан сол санның ең кіші еселігі болады.

- **140.** 1) Екі санның ортақ еселігі деген не? Ең кіші ортақ еселігі деген ше? Ол қалай белгіленеді? 2) Екі өзара жай саннын ЕКОЕ неге тен?
  - 3) Қандай жағдайда екі санның бірі олар үшін ЕКОЕ болалы?
- **141.** (Ауызша.) Төмендегі сандардың төрт ортақ еселігін және ең кіші ортақ еселігін тап.
  - 1) 2 және 6; 2) 3 және 5; 3) 6 және 8; 4) 18 және 9.
- **142.** Макираның бір қадамы 54 см, Мадинанікі 63 см. Қандай ең қысқа қашықтықта олардың аяқ іздері бір -біріне түседі?
- **143.** Ең кіші ортақ еселігі: 1) 10; 2) 15; 3) 26; 4) 60 болған үшеуден сан жаз.
- **144.** Абай, Аружан және Мерей кітапханада кездесті. Олардың өзара сұхбатынан Абай мектеп кітапханасына әр 3 күнде, Аружан әр 5 күнде, Мерей әр 7 күнде баратыны анықталды. Олар кейінгі ретте қашан кездеседі?
- 145. Кестені толтыр және қорытынды шығар:

а	18	45	52	200	312	400
b	27	48	55	80	224	400
EKOE (a, b)	9					
EKOE (a, b)	54					
$a \cdot b$	486					
EKOE $(a, b) \cdot \text{EKOE}(a, b)$	486					

**146.** Сандар қатарының түзілуіндегі ережені анықтап, 3-ке дейін жалғастыр.

1) 90, 180, 270, 360, ...; 2) 75, 150, 225, 300, .... Қатарларды пайдаланып, ЕКОЕ (90, 75) табуға бола ма? 147. Егер:

1)  $k = 2 \cdot 3 \cdot 3 \cdot 5 \cdot 7$ ;  $b = 2 \cdot 3 \cdot 7 \cdot 11$ ;

2)  $k = 3 \cdot 3 \cdot 5 \cdot 7 \cdot 11$ ;  $b = 3 \cdot 5 \cdot 5 \cdot 7 \cdot 11$ 

болса, b-ға еселік ең кіші санды алу үшін  $\kappa$ -ні неше рет арттыру керек?

- **148.** EKOE (a, b) = 432, EKOE (a, b) = 72 және a және b натурал сандар бір-біріне бөлінбейді. Сол сандарды тап.
- 149. Қосындысы мен айырмасы жай сан болатын екі жай санды тап.
- 150. 32-нің неше жай бөлгіші бар?

**151.** Бөлшек бөлімінің ЕКОЕ -ын тап:

1)  $\frac{8}{9}$  және  $\frac{7}{6}$ ; 2)  $\frac{11}{12}$  және  $\frac{4}{15}$ ; 3)  $\frac{9}{20}$  және  $\frac{16}{25}$ .

152. Сандарды жай көбейткіштерге жікте:

1) 777;

2) 2 448:

3) 612;

4) 9 9 9 9 9 .

153. Сандардың ең үлкен ортақ бөлгішін тап:

1) 25 және 225; 2) 96 және 256; 3) 32 және 48.

154. Төмендегі сандардың ең кіші ортақ еселігін тап:

1) 7 және 19;

3) 12 және 35;

2) 52 және 39:

4) 210 және 35.

155. Сандардың ең кіші ортақ еселігін тап:

1)  $a = 2^2 \cdot 3^2 \cdot 11$ :  $b = 2^3 \cdot 3^2 \cdot 17$ :

2)  $a = 3 \cdot 7 \cdot 11$ ;  $b = 3^2 \cdot 7 \cdot 11$ .

156. Төмендегі сандардың ең кіші ортақ бөлгішін тап:

1) 45, 90, 180;

2) 25, 75, 100;

3) 30, 45, 225.

#### Білгенін пайдалы!



Миллиардты көз алдыңа келтіре аласың ба? 1 миллиард секунд өту үшін дерлік 32 жыл күтуге тура келеді.

1 миллиард беттік кітаптың қалыңдығы 40 км-дан артык болады.

1 000 000 000

#### Ағылшын тілін үйренеміз!

тақ сан — odd number жұп сан — even number бөлінгіш- dividend **бөлгіш** — divisor

**бөлінді** — quotient

**еселік**— multi ple жай сан — prime number курделі сан — composite number

**EKOB** – Greatest Common Divisor (GCD)

**EYOE** – Least Common Multiple (LCM)

#### TECT 1

#### Өзінді сынап көр!

				-	
1.	-	; 2; 3; 15; ің ішінде не		64; 121; 304 бар?	; 324; 1 001
	A) 3;	B) 4;	D) 5;	E) 7.	
2.	72 саныны	ң натурал бе	элгіштері не	шеу?	
	A) 10;	B) 9;	D) 11;	E) 12.	
3.	6 және 16 с	сандарынын	, ортақ бөлг	іштері нешеу	?
	A) 4;	B) 3;	D) 2;	E) 5.	
4.	42 саныны	ң жай бөлгіг	штерінің қос	сындысын таг	П.
	A) 12;	B) 5;	D) 10;	E) 9.	
5.	1 782 753 бөлінеді?	саны осы	сандардың	қайсысына	қалдықсыз
	A) 3;	B) 10;	D) 5;	E) 9.	
6.	Қайсы жұп	өзара жай (	сандардан қ	ұралған?	
	A) (6; 8);	B) (9; 2:	5); D) (1	2; 15); E)	барлығы.
7.	ЕКОБ-ты	(168, 234, 60	0) тап.		

A) 168; B) 231; D) 60;

E) 6.

8. 8 және 10 сандарының ең кіші ортақ еселігін тап.

B) 10; A) 8;

D) 40: E) 18.

**9.** Егер a және b кез келген натурал сан болса, онда 2a + 8bөрнек төмендегі сандардың қай біріне қалдықсыз бөлінеді?

A) 2;

B) 4;

D) 3;

E) 10.

**10.** EKOE (a, b) = 360, EKOE (a, b) = 20 a where b hatypan сандар бір-біріне бөлінбейді. Сол сандарды тап.

A) 40; 80;


B) 18; 20;

D) 40; 20; E) 40; 180.

#### II тарау. Бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайту

#### 19-20

#### Бөлшектің негізгі қасиеті



Жоғарыдағы суретте бірдей тік төртбұрыштар екі, төрт және сегіз бөлікке бөлінген.  $\frac{1}{2}$ ,  $\frac{2}{4}$  және  $\frac{4}{8}$  бөлшектердің әрқайсысы бірдей тік төртбұрыштың жартысын өрнектейді, демек олар өзара тең:  $\frac{1}{2} = \frac{2}{4} = \frac{4}{8}$ .

Мысалы,  $\frac{1}{2} = \frac{2}{4}$  тендікті қарастырамыз. Егер  $\frac{1}{2}$  бөлшектің алымы мен бөлімін 2-ге көбейтсек, тендіктің сол бөлігінен оң бөлігін шығарып аламыз. Демек,  $\frac{1}{2} = \frac{1 \cdot 2}{2 \cdot 2} = \frac{2}{4}$ . (1)

Сонымен,  $\frac{2}{4}$  бөлшектен оған тең бөлшекті шығару мүмкін., ол үшін  $\frac{2}{4}$  бөлшектің алымы мен бөлімін 2-ге көбейту жеткілікті, яғни:  $\frac{2}{4} = \frac{2 \cdot 2}{4 \cdot 2} = \frac{4}{8}$  (2). (1) және (2) ден:  $\frac{1}{2} = \frac{2}{4} = \frac{4}{8}$ .

 $\frac{1}{2}$ ,  $\frac{2}{4}$  және  $\frac{4}{8}$  бөлшектер дәл бір санның түрліше жазылуы.

Егер бөлшектің алымы мен бөлімін дәл бір натурал санға көбейтсе, бөлшектің мәні өзгермейді, алдыңғысына тең бөлшек пайда болады.

Бұл қасиет бөлшектің негізгі қасиеті деп аталады.

Жалпы алғанда бұл қасиетті төмендегідей жазуға болады:

$$\frac{k}{n} = \frac{k \cdot m}{n \cdot m}$$
, мұндағы  $k$ ,  $n$ ,  $m$  — натурал сандар.


- **157.** 1) Бөлшектің алымы мен бөлімін бірдей натурал санға көбейткенде, оның мәні өзгере ме?
  - 2) Бөлшектің негізгі қасиетін айт. Мысалдармен түсіндір.
- **158.** Бөлшектің негізгі қасиетін пайдаланып, төмендегі бөлшектерге тең үшеуден бөлшек жаз:
  - 1)  $\frac{5}{7}$ ; 2)  $\frac{9}{11}$ ; 3)  $\frac{3}{4}$ ; 4)  $\frac{8}{7}$ ; 5)
- 159. Тендіктердің дұрыс екенін түсіндір:
  - 1)  $\frac{1}{4} = \frac{4}{16}$ ; 2)  $\frac{3}{7} = \frac{15}{35}$ ; 3)  $\frac{5}{9} = \frac{15}{27}$ ; 4)  $\frac{1}{10} = \frac{5}{50}$ .
- 160. Төмендегі бөлшектердің ішінен өзара теңдерін тап:
  - 1)  $\frac{33}{42}$ ,  $\frac{5}{10}$ ,  $\frac{1}{2}$ ,  $\frac{11}{14}$ ,  $\frac{10}{20}$ ; 2)  $\frac{81}{99}$ ,  $\frac{5}{4}$ ,  $\frac{99}{121}$ ,  $\frac{20}{16}$ .
- 161. Бөлшектің алымы мен бөлімі қандай санға көбейтілген?
  - 1)  $\frac{1}{8} = \frac{3}{24}$ ; 2)  $\frac{4}{5} = \frac{28}{35}$ ; 3)  $\frac{1}{2} = \frac{8}{16}$ ; 4)  $\frac{7}{8} = \frac{49}{56}$ ?
- **162.** Төмендегі бөлшектерді бөлімі 24 болған бөлшекпен ауыстыр.
  - $\frac{1}{2}$ ;  $\frac{2}{3}$ ;  $\frac{3}{4}$ ;  $\frac{1}{6}$ ;  $\frac{7}{8}$ ;  $\frac{5}{12}$ ;  $\frac{3}{8}$ ;  $\frac{11}{12}$ .
- **163**. Қабырғалары 6 см және 8 см тік төртбұрышты тендей 6 бөлікке бөл. Оның  $\frac{5}{6}$  бөлігін боя. Сызбаны пайдаланып,  $\frac{5}{6} = \frac{10}{12} = \frac{20}{24}$  екендігін көрсет.
- **164.**  $\frac{2}{7}$  бөлшекті бөлімі: 14-ке; 21-ге; 35-ке; 42-ге; 63-ке; 70-ке; 84-ке; 77-ге; 98-ге тең бөлшек түрінде жаз.
- **165.**  $\frac{5}{7}$  -ке тең 4 бөлшек жаз.
- **166.** Алымы мен бөлімі  $\frac{4}{9}$  бөлшектің алымы мен бөлімінен үлкен, бірақ осы бөлшекке тең төрт бөлшек жаз.
- **167.**  $\frac{1}{3}$ ,  $\frac{1}{6}$ ,  $\frac{1}{9}$  сандарының әрбірінде неше  $\frac{1}{18}$  үлес бар?
- 168. Бөлшектің теңдігін түсіндір:
  - 1)  $\frac{7}{9}$  және  $\frac{21}{27}$ ; | 2)  $\frac{5}{28}$  және  $\frac{25}{140}$ ; | 3)  $\frac{1}{5}$  және  $\frac{13}{65}$ ; | 4)  $\frac{9}{11}$  және  $\frac{36}{44}$ .

- **169.** Тендеуді шеш: 1)  $\frac{3}{4} = \frac{15}{x+7}$ ; 2)  $\frac{5}{9} = \frac{x-3}{27}$ ; 3)  $\frac{x+1}{24} = \frac{5}{8}$ . Y л г і:  $\frac{8}{7} = \frac{24}{56} \Rightarrow 8(x+1) = 24 \Rightarrow x+1=3 \Rightarrow x=2$  немесе  $56:7=8,\ 24:8=3,\ x+1=3,\ x=2$  сияқты тапса да болады.
- **170.** Жазуды тікте:  $\frac{4}{5} = \frac{*}{10} = \frac{*}{15} = \frac{*}{20} = \frac{*}{25} = \frac{*}{30} = \frac{*}{35} = \frac{*}{40}$ .
- **171.**  $\frac{3}{14}$ ,  $\frac{9}{7}$ ,  $\frac{9}{15}$ ,  $\frac{5}{8}$ ,  $\frac{13}{28}$  бөлшектердің ішінен бөлімі 56-ға келтірілетіндерін ажырат. Үлгі:  $\frac{7}{4} = \frac{7 \cdot 14}{4 \cdot 14} = \frac{98}{56}$  немесе  $\frac{14/7}{4} = \frac{98}{56}$ .
- **172.** Зерттеуге тийсті есеп. «Егер a+b қосынды 7-ге бөлінсе, онда  $\overline{aba}$  түріндегі үш таңбалы натурал сандар да 7-ге бөлінеді» деген пікір дұрыс па? Жауабынды негізде. Айтылған пікір дұрыс болса, барлық шешімдерін тап. H ұ с қ a у.  $a+b=1+6=2+5=\dots$  екенін пайдалан.

**173.** *т* бір санды білдіреді. Тек алымы *т* бір бұрыс бөлшек бар екені белгілі. *т* әрпімен қандай сан белгіленген?

174. Көп таңбалы жай сан қандай цифрмен аяқталуы мүмкін?

- A) 1 Hemece 3, Hemece 5, Hemece 7, Hemece 9;
- В) 1 немесе 3, немесе 5;
- D) 1 Hemece 3, Hemece 7, Hemece 9;
- Е) кез келген.
- **175.** 10-суретте неше тік төртбұрыш берілген?



- **176.** 1)  $\frac{4}{3}$  -ті бөлімі 15-ке; 2)  $\frac{16}{25}$  -ны бөлімі 200-ге тең бөлшек түрінде жаз.
  - **177**.  $\frac{1}{2}$ ,  $\frac{1}{4}$ ,  $\frac{1}{8}$  сандарының әрбірінде неше  $\frac{1}{16}$  үлес бар?
  - **178.** Тендеуді шеш: 1)  $\frac{1}{6} = \frac{x}{36}$ ; 2)  $\frac{3}{14} = \frac{12}{x}$ ; 3)  $\frac{5}{x} = \frac{55}{66}$ .
**8.** Тік төртбұрыштың ауданы 32 см² -ге, ені  $3\frac{1}{5}$  см-ге тең. Осы тік төртбұрыштың ұзындығын тап.

- А) 6,4 см;
- В) 10 см; D) 2 см; E) 96 см.

## IV тарау. Қатынас және пропорция

### 57-58 Қатынас ұғымы. Пропорция

Екі санды салыстыру үшін қолданылатын «үлкен», «кіші» және «тең» сияқты түсініктерді қатынас ұғымы ретінде пайдаланалы.

a және b сандарының қатынасы деп a санды b санға бөлгенде шығатын нәтижені айтады.

a және b сандарының қатынасы төмендегідей де оқылуы мүмкін: a санының b санға қатынасы.

Егер қатынас 1-ден үлкен болса, онда қатынас бірінші сан екіншісінен неше есе үлкен екенін білдіреді.

Егер қатынас 1-ден кіші болса, онда қатынас бірінші сан екіншісінің қандай бөлігін құрайтынын білдіреді.


a және b сандарының қатынасын белгілеу үшін (:) немесе бөлшек сызығының белгісі пайдаланылады: a : b немесе  $\frac{a}{b}$ . Қатынас бөлшектің барша қасиетіне ие.

**1-е с е п.** Математикадан бақылау жұмысында 26 оқушы «4» және «5» баға, 7 оқушы «3» баға, сондай-ақ 2 оқушы «2» баға алды. «3» баға алған оқушылар санының барлық оқушылар санына қатынасын тап.

Ш е ш у і. Бақылау жұмысын барлығы 26 + 7 + 2 = 35 оқушы орындаған. Демек, «3» баға алған оқушылар санының барлық оқушылар санына қатынасы 7:35 немесе  $\frac{7}{35}$ -ге тең.  $\frac{7}{35}$  бөлшекті қысқартсақ, оған тең  $\frac{1}{5}$  бөлшекті аламыз. Одан «3» баға алған оқушылар барлық оқушылардың  $\frac{1}{5}$  бөлігін құрайды, деген қорытындыға келеміз.

Бірдей екі мөлшер (мысалы, ұзындықтар, массалар) үшін олардың қатынасы қаралуы мүмкін.

**2-е с е п.** AB=6 см және CD=4 см кесінділерді қарастырамыз (39-сурет). AB кесіндінің CD -ға қатынасы  $\frac{6}{4}$  -ға тең.  $\frac{6}{4}=1,5$  болғандықтан AB кесінді CD -дан 1,5 есе ұзын екен.



Бұдан тыс,  $\frac{4}{6} = \frac{2}{3}$  болғандықтан *CD* кесінді *AB*-ның  $\frac{2}{3}$  бөлігін құрайды екен.

**3-е с е п.** Бір қапта 48 кг, екіншісінде 32 кг картоп бар. 1-қаптағы картоп 2-қаптағыдан неше есе көп?

Ш е ш у і. 48 : 32 қатынасты жазамыз және әрбір мүшесін ЕҰОБ (48, 32) = 16-ға қысқартамыз. Нәтижеде 48:32=3:2 -ні аламыз:  $3:2=\frac{3}{2}=1,5$ .

Ж а у а б ы: 1-қаптағы картоп екінші қаптағыдан 1,5 есе көп.

**1-м ы с а л.** Қатынасты жай көріністе жаз:  $1\frac{1}{2}:\frac{2}{3}$ .

Шешуі. 
$$1\frac{1}{2}: \frac{2}{3} = \frac{3}{2}: \frac{2}{3} = \frac{9}{6}: \frac{4}{6} = 9:4$$
.

Жауабы: 9:4.

Түсінік. Алдымен аралас санды бұрыс бөлшекке айналдырдық және ортақ бөлімге келтірдік, сосын қатынастың алдыңғы және кейінгі мүшелерін олардың ортақ бөлімі 6-ға көбейттік.

Егер мөлшерлер түрлі өлшем бірліктерінде берілген болса, оларды бір өлшем бірлігіне келтіру қажет.

2-м ы с а л. І см-ның 2,92 м-ге қатынасын тап.

Ш е ш у і. 
$$\frac{73 \text{ см}}{2.92 \text{ м}} = \frac{73 \text{ см}}{292 \text{ см}} = 0,25$$
. Жауабы: 0,25.

Бөлшектің негізгі қасиеті бойынша,  $\frac{4}{5}$  қатынасты төмендегідей жазуға болады:  $\frac{4}{5} = \frac{8}{10}$  (немесе  $\frac{4}{5} = \frac{12}{15}$ ;  $\frac{4}{5} = \frac{16}{20}$ ). Мұнда екі қатынастың теңдігі жазылған, өйткені  $\frac{4}{5} = 0,8$  және  $\frac{8}{10} = 0,8$ . Мұндай теңдіктер *пропорциялар* делінеді.

Екі қатынастың теңдігі пропорция делінеді.

Пропорцияның жалпы көрінісі:  $\frac{a}{b} = \frac{c}{d}$  немесе a: b = c: d. Бұл пропорцияларды «a-ның b-ға қатынасы c-ның d -ға қатынасына тең» немесе «a-ның b-ға қатынасы c-ның d -ға қатынасы» деп окуға да болады.



Пропорцияны құрайтын қатынастың мүшелері пропорцияның *мушелері* делінеді. Пропорция төрт мүшеден құралады. a және dсандары пропорцияның шеткі мүшелері, b және с сандары оның ортаңғы мүшелері делінеді.

- 489. 1) Катынас деп нені айтады?
- 2) Қатынастың негізгі қасиеттерін айт.
  - 3) Пропорция деп нені айтады?
  - 4) Неліктен  $\frac{1}{2} = \frac{12}{24}$  және  $\frac{2,1}{0.7} = \frac{18}{6}$  теңдік пропорция дейіледі? Пропорцияның шеткі (орта) мүшелерін айт.
- **490.** (*Ауызша*.) 1) 12-нің 4-ке; 2) 4-тің 12-ге; 3) 6,3-тің 9-ға; 4) 3-тің  $\frac{1}{9}$  -ге қатынасын тап.
- 491. Қатынасты бөлшек түрінде жаз және мүмкін болса қыскарт:

  - 1) 18:72; 2) 14:28;
- 3) 10:13;
- 4) 10:15.
- 492. (Практикалық есеп.) Күнделігінді ал. Толтырылмаған және толтырылған беттер санын санап, мынадай пікірге кел. Барлық беттер саны ... ; содан толтырылған ... , толтырылмаған ... .

#### Тапсырмалар:

- Толтырылмаған беттер санының толтырылған беттер санына қатынасын тап және қорытынды шығар.
- Толтырылған беттер санының барлық беттер санына катынасын тап.

#### Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU. ONLINE

- Толтырылмаған беттер саны барлық беттер санының қандай бөлігін құрайды?
- Барлық беттер саны толтырылған беттер санынан неше есе көп?
- Қайсы беттер көп: толтырылғандары ма, толтырылмағандары ма? Неше есе көп?

Қатынастарды есепте (493—494):

**493.** 18:48; 2) 30:65; 3) 1 000:125; 4) 96:64.

**494.** 1) 50см-дің 2 м-ге; 2) 20 мин-тың 2 сағатқа. Бөлшек сандар қатынасын бүтін сандар қатынасына айналдыр (**495—497**):

**495.** 1) 1,4:2,1; 2) 0,5:3,5; 3) 0,01:2; 4) 3,2:2,4.

**496.** 1)  $\frac{1}{3}:\frac{1}{7}$ ; 2)  $\frac{1}{2}:\frac{1}{4}$ ; 3)  $\frac{2}{3}:\frac{1}{8}$ ; 4)  $\frac{4}{9}:\frac{5}{18}$ .

**497.** 1)  $3\frac{1}{7}:\frac{11}{14};$  2)  $1\frac{1}{2}:\frac{3}{4};$  3)  $\frac{1}{2}:2\frac{1}{3};$  4)  $1\frac{1}{2}:2\frac{1}{3}.$ 

498. Қатынастың белгісіз мүшесін тап:

1)  $x: 3\frac{1}{5} = 4$ ; 2)  $1\frac{1}{2}: x = \frac{3}{8}$ ; 3)  $x: 0, 8 = 2\frac{1}{4}$ .

- **499.** Мотоциклшінің жылдамдығы сағатына 80 км, велосипедшінің жылдамдығы сағатына 16 км. Мотоциклшінің жылдамдығы велосипедшінің жылдамдығынан неше есе көп?
- **500.** Қатынастар тізбегінде түсіріліп қалдырылған жерлерді толтыр:

1) 10:20 = 1:... = 3:...; 2) 1:2,5 = 2:... = ...:20.

- **501.** Қатынасты оңайлат: 1) 875: 375; 2) 144: 180: 1 080. Нұсқау. Қатынастың әрбір мүшесін сол сандардың ЕҮОБ-не бөл.
- **502.** Мал шаруашылығы фермаларында әр 35 бас ірі қараға 1 жұмысшы бөлінуі керек, деген норма қабылданған болсын.
  - 1) Егер аумақтағы фермаларда 315 жұмысшы істейтін болса, осы аумақта қанша бас ірі қара бағылуда?
  - 2) Егер фермада 23 бас ірі қара болса, онда неше жұмысшы керек екен?
  - 3) Егер фермаларда 700 ірі қара және 24 жұмысшы болса, неше жұмысшы артықша? Әр жұмысшының жалақысы 640 000 сум болса, жалақы беруге әр айда қанша қосымша қаржы жұмсалады?




- **503.** Футбол командасының жаттықтырушысы балалардың қайсы бірін қақпашы етіп тандауы керек (40-сурет): Мағзұм қақпаға тебілген 15 доптың 6-ын, Мақсат 18 доптан 7-ін ұстап қалды. Олардың қайсысының қақпашы болуға мүмкіндігі көп?
- **504.** Кубтың қыры 4 см-ге тең. Екінші кубтың қыры 3 есе ұзын. Осы кубтардың 1) қырларының; 2) барша қырларының ұзындығы қосындысының; 3) бетінің; 4) көлемінің қатынасын тап.
- **505.** Төмендегі қатынастан қайсылары тең екенін анықта және олардан пропорция құр:

$$28:14;$$
  $2\frac{1}{2}:2;$   $8:4;$   $\frac{1}{2}:\frac{2}{3};$   $3:10;$   $2,7;3,6;$   $3:0,3.$ 

- **506.** Самолёттің жылдамдығы 900 км/сағат, жеңіл машинаның жылдамдығы 108 км/сағатқа тең. Осы жылдамдықтарды м/с-та өрнекте және 900 : 108 = ... : ... пропорциядағы бос жерлерге сәйкес сандарды қой.
- **507.** Бір ыдыстың көлемі 800 мл, басқасыныкі 2,5 л. Екі көлемді де: 1) миллилитрде; 2) литрлерде өрнекте және көлемдер қатынасын тап, сосын пропорция құр. (1 л = 1000 мл).
- **508.** Төмендегі теңдіктердің дұрыс немесе дұрыс еместігін анықта:

1) 
$$4\frac{1}{2}: 3\frac{1}{2} = 27: 21;$$
 2)  $\frac{47.4}{12} = \frac{3.16}{0.8};$  3)  $\frac{17.17}{8.5} = \frac{2.02}{0.1}.$ 


509. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес сандарды қой (41-сурет).



#### Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU. ONLINE

- 510. Есептеуді орындамай тұрып өрнектің мәні қалай табылады:
  - 1)  $65 \cdot 4 : 4 \cdot 4 : 4 \cdot 4 : 4 \cdot 4 : 4$ ; 2)  $a \cdot b : b \cdot c : c \cdot d : d$ ?
- 511. Қатынасты бөлшек түрінде жаз, мүмкін болса қысқарт:
  - 1) 36:27;
- 2) 25:65;
- 3) 49:35; 4) 119:63.
- 512. Бөлшек сандар қатынасын натурал сандар қатынасына айналдыр:
  - 1)  $\frac{51}{63}:\frac{17}{27}$ ;  $1\frac{2}{13}:2\frac{4}{13}$ ;  $4\frac{1}{3}:2\frac{5}{6}$ ; 2) 0,24:0,72; 0,125:0,25.
- 513. Қатынастың белгісіз мүшесін тап:
- 1)  $x: \frac{5}{7} = 8\frac{3}{4}$ ; 2) 72: x = 9; 3)  $x: 3\frac{1}{7} = 1\frac{1}{20}$ .
- 514. Төмендегі теңдіктердің қайсысы дұрыс, қайсысы дұрыс емес екенін аныкта:
  - 1) 6:18=1:3; 2) 43.4:3.1=0.7:0.28; 3) 6:14=14:49.
- 515. Қатынасы 2 : 5-ке тең болған 3 жұп санды тап. Олардан пропорциялар тізбегін түз.

#### 59 - 61Пропорцияның негізгі қасиеті



**1-м ы с а л.**  $\frac{4}{5} = \frac{8}{10}$  пропорциядан  $4 \cdot 10$  және  $5 \cdot 8$ көбейтінділердің тендігі келіп шығады.

 $\frac{a}{b} = \frac{c}{d}$  (немесе a: b = c: d) пропорция үшін  $a \cdot d = b \cdot c$  теңдік орынды. Керісінше, a, b, c және d нөлге тең болмаған сандар, олар үшін  $a \cdot d = b \cdot c$  теңдік орынды болса, бұдан  $\frac{a}{b} = \frac{c}{d}$  шығады, яғни a, b, c және d сандар пропорция құрайды.

 $a \cdot d = b \cdot c$  тендік **пропорцияның негізгі қасиетін** өрнектейді.

 $a \cdot d = b \cdot c$  тендіктен түрлі пропорциялар құру мүмкіндігі тақырыпта кейін келтірілген.

2-м ы с а л. Пропорцияның дұрыс екенін тексер:

$$\frac{1}{2}:\frac{1}{48}=20:\frac{5}{6}.$$

Ш е ш у і.  $\frac{1}{2} \cdot \frac{5}{6} = \frac{1}{48} \cdot 20$ . Бұл пропорция дұрыс, өйткені пропорцияның негізгі қасиеті орындалады:  $\frac{5}{12} = \frac{5}{12}$ .

**3-м ы с а л.** 8, 7, 14, 16 сандары пропорцияның мүшелері бола ма?

Ш е ш у і.  $7 \cdot 16 = 8 \cdot 14$  Бұл пропорция дұрыс, өйткені пропорцияның негізгі қасиеті орындалады:  $\frac{7}{8} = \frac{14}{16}$ .

Ж а у а б ы: иә, пропорция мүшелері болады.

**4-мысал.** 1, 2, 3, 4 сандар пропорцияның мүшелері бола ма? Ш е ш у і.  $1 \cdot 3 \neq 2 \cdot 4$ ,  $1 \cdot 4 \neq 2 \cdot 3$ ,  $1 \cdot 2 \neq 3 \cdot 4$  болғандықтан берілген сандар пропорцияның мүшелері бола алмайды.

Ж а у а б ы. 1, 2 , 3, 4 сандар пропорцияның мүшелері бола алмайды.

5-м ы с а л. Пропорцияның белгісіз мүшесін тап:

$$x:12=4\frac{3}{4}:7\frac{1}{8}$$
.

III e III y i. 
$$x = \frac{12 \cdot 4\frac{3}{4}}{7\frac{1}{8}} = \frac{12 \cdot \frac{19}{4}}{\frac{57}{8}} = \frac{12 \cdot \frac{19}{4} \cdot 8}{\frac{57}{8} \cdot 8} = \frac{12 \cdot 19 \cdot 2}{57} = \frac{456}{57} = 8$$
.

6-м ы с а л. Пропорцияның белгісіз мүшесін тап:

$$10,4:3\frac{5}{7}=x:\frac{5}{11}$$
.

Шешуі.

$$x = \frac{10.4 \cdot \frac{5}{11}}{3\frac{5}{7}} = \frac{10.4 \cdot \frac{5}{11}}{\frac{26}{7}} = \frac{10.4 \cdot \frac{5}{11} \cdot 77}{\frac{26}{7} \cdot 77} = \frac{10.4 \cdot 5 \cdot 7}{26 \cdot 11} = \frac{14}{126 \cdot 11} = \frac{14}{11} = 1\frac{3}{11}.$$

Пропорцияның белгісіз мүшесін табу пропорцияны шешу леп аталалы.

- 516. 1) Пропорцияның қандай қасиеттері бар?
- **?** 2) Неліктен  $\frac{3}{0.2} = \frac{60}{4}$  пропорция болады?
  - 3) Пропорцияны шешу дегенде нені түсінесің?
- **517.** Пропорцияның негізгі қасиеттерін пайдаланып, төмендегі теңдіктердің қай бірі пропорция болатынын тексер:
  - 1)  $\frac{3}{4} = \frac{15}{20}$ ; 2)  $\frac{17}{3} = \frac{51}{8}$ ; 3)  $\frac{2,4}{0,1} = \frac{5}{0,02}$ ; 4)  $\frac{8,4}{4} = \frac{10,5}{5}$ . Жауабынды негіздеп бер.
- **518.** Қатынасы: 1) 3-ке; 2) 0,5-ке; 3)  $\frac{2}{7}$  -ге; 4)  $\frac{3}{4}$  -ке тең болған төрт пропорция құрастыр.

Үлгі. Мысалы, қатынасы 5-ке тең пропорциялар:

- 45:9=50:10; 55:11=75:15; 0,5:0,1=3,5:0,7; 8,5:1,7=2,5:0,5 т.с.с. Мұндай пропорцияларды бөлшектің негізгі қасиеттерін пайдаланып қалағанымызша құрастыруға болады.
- **519.** Берілген төрт саннан, егер мүмкін болса, пропорция құрастыр:
  - 1) 7; 9; 3; 21; 2)  $\frac{2}{3}$ ;  $\frac{1}{12}$ ;  $\frac{1}{3}$ ;  $\frac{1}{6}$ ; 3) 16; 12; 3; 4.
- 520. Берілген қатынастарды пайдаланып пропорция құра:

15:5; 17:34; 
$$\frac{7}{12}:\frac{7}{36}$$
; 0,6:0,15;  $\frac{1}{2}:\frac{2}{3}$ ; 0,1:0,2.

- **521.** Ғалымжан 3,5 сағатта 14 км жол жүруі мүмкін. Ол осындай жылдамдықпен жүрсе, 8 км жолды неше сағатта жүреді?
- 522. Пропорцияны екі тәсілмен тексер:

- **523.** 1) Пропорцияның шеткі мүшелері 8 және 15-ке тең, ортаңғы мүшелерінің бірі 10-ға тең. Пропорцияның екінші ортаңғы мүшесін тап.
  - 2) Пропорцияның ортаңғы мүшелері 28 және 10-ға тең, шеткі мүшелерінің бірі 35-ке тең. Пропорцияның екінші шеткі мүшесін тап.

Н ұ с қ а у. Алдымен пропорция құрастыр, сосын пропорцияның белгісіз мүшесін тап.

- 524. Пропорцияның белгісіз мүшесін тап:
  - 1) x: 18 = 68: 17; 3) 28: x = 7: 9; 5) 60: 15 = x: 2;

- 2) 18:5 = 72:x; 4) x:9 = 35:15; 6) 55:x = 5:3.
- 525. Мүмкін болған барлық пропорцияларды құрастыр:
  - 1)  $7 \cdot 18 = 21 \cdot 6$ ; 2)  $3.5 \cdot 6 = 1.4 \cdot 15$ ; 3)  $6 \cdot 21 = 14 \cdot 9$ .
- 526. Тендеуді шеш:

  - 1)  $\frac{3x}{4} = \frac{9}{20}$ ; 2)  $\frac{8}{7x} = \frac{24}{35}$ ; 3)  $\frac{18}{52} = \frac{2x}{13}$ ; 4)  $\frac{25}{44} = \frac{15}{4x}$ .
- 527. Екі тік бұрышты параллелепипед табандарының ауданы тең. Олардың бірінің биіктігі 6 см, көлемі 72 см<sup>3</sup>. Егер екінші тік бұрышты параллелепипедтің биіктігі 7,2 см-ге тен болса, онын көлемін тап.
- 528. Пропорцияның белгісіз мүшесін тап:
  - 1)  $1\frac{1}{5}x:1\frac{1}{3}=5\frac{1}{4}:2\frac{1}{3};$  2)  $1\frac{2}{5}:\frac{5}{6}=x:1\frac{3}{7}.$
- 529. Шеткі мүшелерінің көбейтіндісі 36-ға тең болған екі пропорция құрастыр. Мұндай неше пропорция құрастыру мүмкін. Жауабынды түсіндір және қорытынды шығар.
- 530. Жүк автомобилі 480 км қашықтықты сағатына 60 км жылдамдықпен жүрді. Жылдамдығы сағатына 80 км жеңіл автомобиль осы уақытта неше километр жол жүреді?
- 531. Тендеуді шеш:

1) 
$$\frac{7}{24} = \frac{2}{x-1}$$
; 2)  $\frac{3}{2x-1} = \frac{1}{4}$ ; 3)  $\frac{9}{2} = \frac{x+3}{4}$ ; 4)  $\frac{5+x}{3} = \frac{7}{2}$ .

$$2) \ \frac{3}{2x-1} = \frac{1}{4}$$

3) 
$$\frac{9}{2} = \frac{x+3}{4}$$

4) 
$$\frac{5+x}{3}=\frac{7}{2}$$


- 532. 4, 12 және 20 сандары үштігіне сондай бір төртінші санды тап, нәтижеде бұл сандар пропорция құрасын. Есептің неше шешімі бар?
- **533.** Екі бояушы 19 м<sup>2</sup> -ге тең қабырғаны белгілі бір уақытта бояды. Сонша уақытта 133 м<sup>2</sup> қабырғаны бояу үшін неше жұмысшы керек?
- 534. Тендеуді шеш:

1) 
$$\left(\frac{2}{3} + x\right)$$
: 14 =  $\left(\frac{3}{2} + x\right)$ : 18

1) 
$$\left(\frac{2}{3} + x\right) : 14 = \left(\frac{3}{2} + x\right) : 18;$$
 2)  $(5x - 12) : \frac{3}{8} = 12, 5 : 1\frac{9}{16}.$ 

535. Кесінді, үшбұрыш және тонна сөздерінің қайсысы артықша?

**536.** Өзен ағысының жылдамдығы  $3\frac{1}{3}$  км/сағатқа, моторлы қайықтың тұрғын судағы жылдамдығы  $32\frac{1}{8}$  км/сағатқа тең. Қайықтың өзен ағысы бойынша және ағысқа қарсы жылдамдығын тап. Сызбадан: 1) қайықтың өзен ағысы бойынша жылдамдығын; 2) қайықтың ағысқа қарсы жылдамдығын өрнектейтін кесінділерді көрсет (42-сурет).



537. Пропорциялар тізбегін жалғастыр:

$$\frac{72}{360} = \frac{24}{120} = \frac{\dots}{60} = \frac{6}{\dots} = \frac{\dots}{\dots} = \frac{\dots}{5}$$
.

Катынастардан пропорция құруға бола ма: (538—539):

- **538.** 1) 9 : 24 және 3 : 8; 2) 1 : 9 және 4 : 36; 3) 12 : 22 және 11 : 6?
  - **539.** 1) 0,1:0,05 және 0,8:0,4; 2)  $4\frac{1}{2}:3\frac{1}{2}$  және 13,5:10,5?
- **540.** Жаяу жүргінші 3 сағатта 10,5 км жол жүрді. Ол осындай жылдамдықпен жүрсе, 4,5 сағатта неше километр жол жүреді?
- **541.** Пропорцияның шеткі мүшелері 63 және 54-ке, ортаңғы мүшелерінің бірі 24-ке тең. Пропорцияның екінші ортаңғы мүшесін тап.
- **542.** Пропорцияның ортаңғы мүшелері 12 және 60-қа, шеткі мүшелерінің бірі 24-ке тең. Пропорцияның екінші шеткі мүшесін тап.
- 543. Пропорцияның белгісіз мүшесін тап:

1) 
$$x: 36 = 7: 35$$
; 2)  $36: 27 = 3,75: x$ ; 3)  $18: 4 = x: 12$ .

544. Мүмкін болған барша пропорцияларды құрастыр:

1) 
$$6 \cdot 32 = 3 \cdot 96$$
; 2)  $4 \cdot 30 = 10 \cdot 12$ ; 3)  $1.25 \cdot 16 = 2 \cdot 10$ .

545. Мына сандардан пропорция құруға бола ма:

7 — Математика, 6

## 62-64 Пропорцияның негізгі қасиеттерінің қолданылуы

**1. Бес өлшем ережесі.** Үш өлшем ережесіне қатысты есептер жиі кездесіп тұрады. Ондай есептерде үш сан беріліп, оларға пропорционал төртінші санды табу талап етіледі.

Есеп. (Әбу Райхан Беруни есебі.)

Егер 10 дирхам (ақша бірлігі) 2 айда 5 дирхам пайда келтірсе, 8 дирхам 3 айда қанша пайда келтіреді?

Ш е ш у і. Есепті түрлі тәсілдермен шығаруға болады. Олардың бірін келтіреміз. 10 | 8

- 1) 8 дирхам 3 айда x дирхам пайда келтіреді делік. Мөлшерлерді кестедегідей орналастырамыз: дирхамға дирхам, айға ай сәйкес етіп жазылғанына  $\frac{10}{2}$   $\frac{3}{3}$  мән бер.
- 2) Есепте түрлі мөлшердегі дирхамдар жайлы сөз болса да бәрібір бір дирхамнан алынатын пайдаға барып тақалады. Мына теңдікті құрастырамыз:

$$\frac{10}{8} \cdot \frac{2}{3} = \frac{5}{x} \Longrightarrow \frac{1}{2} \cdot \frac{1}{3} = \frac{1}{x}.$$

Алымында сол бағандағы сандар, бөлімінде оң бағандағы сандар тұр. Белгісіз x қатысқан соңғы теңдеуден табамыз: x = 6

Ж а у а б ы. 8 дирхам 3 айда 6 дирхам пайда келтіреді.

Пропорцияға қатысты есеп шығарудың бұл тәсілін Берунидің «бес мөлшер ережесі» дейді. Есепте 5 мөлшер берілген болып, алтыншы — белгісіз мөлшер x табылады.

**2.** Пропорцияларды ықшамдау. Көріністерді алмастыру процесінде: 1) қатынастың әр екі мүшесі; 2) алдыңғы және кейінгі мүшелердің әрқайсысы; 3) пропорцияның барлық мүшелері бір уақытта бірнеше есе арттырылса (немесе кемейтілсе), пропорция бұзылмайды.

Саналған көрініс алмастырулардың нәтижесінде пропорциялар едәуір ықшамдалады.

**Мысал.** Пропорцияны ықшамда: 
$$\frac{1}{2}$$
:  $\frac{1}{48}$  = 20:  $\frac{5}{6}$ .

Ш е ш у і.  $\frac{1}{2}$  :  $\frac{1}{48}$  = 20 :  $\frac{5}{6}$  пропорцияның барлық мүшесін 48-ге (ЕКОЕ-ға) көбейтіп табамыз:

$$24:1=960:40$$
 Hemece  $24:1=96:4$ .

- 546. Бөлшек сандар қатынасын бүтін сандар қатынасына ауыс-
- 1)  $8\frac{6}{7}:17\frac{5}{7};$  3) 7,25:21,75; 5)  $1\frac{5}{8}:1,3:0,39;$

- 2)  $6\frac{14}{15}: 3\frac{7}{15};$  4) 18,63:6,21; 6)  $0,66:0,11:1\frac{5}{6}.$
- 547. Қатынасты қысқарт:
- 1) 875:375; | 3) 144:180:1080; | 5) 825:1815:1155;

- 2) 196:784; 4) 315:357:693; 6) 1560:1638:2028.
- 548. Қатынастың белгісіз мүшесін тап:
- 1)  $x:11\frac{3}{7}=1\frac{1}{20};$  3)  $x:4\frac{3}{4}=2\frac{3}{19};$  5)  $10\frac{2}{13}:x=1\frac{7}{26};$

- 2)  $x:7\frac{5}{9}=\frac{27}{34}$ ; 4)  $9\frac{2}{7}:x=1\frac{6}{7}$ ; 6)  $12\frac{1}{7}:x=2\frac{3}{7}$ .
- **549.** 15 га жерге 2,7 т бидай дәні себілді. 1030 га жерге себу үшін қанша бидай дәні қажет?
- **550.** 5 ат 3 күнде 60 кг жем жейді. 7 сондай атқа 8 күнге қанша жем керек?
- **551.** Пропорцияны шеш (*x*-ты тап):


  - 1)  $\frac{3x+4}{28} = \frac{1}{4}$ ; 2)  $\frac{3.8}{1.9} = \frac{18}{2x+7}$ ; 3)  $\frac{2}{x-1} = \frac{1}{5}$ ; 4)  $\frac{3}{4} = \frac{x-4}{8}$ .
- 552. Сандар үштігіне сондай төртінші санды таңда, олардан пропорция құрастыру мүмкін болсын:

- 1) 4; 5; 6; 2) 5; 7; 9; 3) 12; 16; 17; 4)  $2\frac{1}{3}$ ;  $4\frac{1}{2}$ ; 4.
- Есептің неше шешімі бар? Жауабынды негізде.
- **553.** 5 насос 3 сағатта 27 м³ суды каналдан тартып шығарады. Сондай 4 насос 5 сағатта неше текше метр суды тартып шығарады?
- **554.**  $\frac{a}{b} = \frac{c}{d}$  пропорция орынды болатын *c* нүктенің координатасын тап (43-сурет).



- **555.** Егер: 1) 1 литр судың массасы 1 кг; 2) 5 м³ мұнайдың массасы 4 т; 3)  $\frac{1}{3}$  м³ ауаның массасы 430 г; 4) қыры 5 см қорғасын кубтың массасы 1412,5 г-ға тең болса, судың, мұнайдың, ауаның, қорғасынның тығыздығын г/см³ және кг/м³ өрнекте.
- **556.** (Ежелгі есеп.) 100 торғай 100 күнде 100 г дән жейді. 10 торғай 10 күнде неше килограмм жем жей алады?
- **557.** Ұзындығы 56 м-ге тең мектеп коридорын бояу керек. Коридордың 22 м-лік бөлігін бояу үшін 8,25 кг бояу жұмсалды. Коридордың қалған жерін бояуға тағы қанша бояу керек?
- **558.** Алма кептірілгенде массасының 84%-ын жоғалтады. 16 кг алма қақы алу үшін қанша алма қажет?
- **559.** Саяхатшылар үш күнде белгілі бір жолды жүрді. Олар 1-күні бүкіл жолдың  $\frac{3}{8}$  бөлігін, 2-күні қалған жолдың  $\frac{2}{5}$  бөлігін, 3-күні қалған 21,6 км жолды жүрді. Бүкіл жол қанша?

Н ұ с қ а у. Тендеу құрастыр және оны шеш (44-сурет).



560. Пропорциялар тізбегін жалғастыр:

$$\frac{80}{240} = \frac{40}{120} = \frac{\dots}{60} = \frac{10}{\dots} = \frac{\dots}{\dots} = \frac{\dots}{3}.$$

561. Пропорцияның белгісіз мүшесін тап:

1) 
$$x: 36 = 7: 35$$
; 2)  $36: 27 = 3,75: x$ ; 3)  $18: 4 = x: 12$ .

562. Қатынастың белгісіз мүшесін тап:

1) 
$$x: 2\frac{1}{7} = 7$$
; 2)  $1\frac{1}{3}: x = \frac{1}{3}$ ; 3)  $x: 0,2 = 20$ ; 4)  $0,9: x = 3$ .

- **563.** 4 кг шиеге 20 000 сум төленді. Егер осы шиеден 7 кг алынса қанша ақша төлеу керек?
- **564.** Қатынасы: 1) 0,25-ке; 2) 2-ге тең үш пропорция құрастыр.
- **565.** 15 см<sup>3</sup> мыстың массасы 133,5 г. 22 см<sup>3</sup> мыстың массасы қанша болады?

## 65-66 Тура және кері пропорционал шамалар

Шамалар арасындағы байланыстардың ең қарапайымдары тура және кері пропорционалдық.

Алдымен тура пропорционал шамаларды қарастырамыз.

**1-е с е п.** Машина 1 сағатта 70 км жол жүреді. Сол жылдамдықпен жүрсе: 1,5; 2; 3; 4; 4,5; 6; 7,5; 8 сағатта неше километр жол жүреді?

Есептін шешімін кестеге салайық:

Уақыт (сағат)	1	1,5	2	3	4	4,5	6	7,5	8
Жылдамдық (км/сағат)	70	70	70	70	70	70	70	70	70
Жүрілген жол (км)	70	105	140	210	280	315	420	525	560

Кестеден мынадай қорытындыға келеміз:

**1-қорытынды.** Уақыт неше есе артса, берілген жылдамдықпен жүрілген жол да сонша артады.

Машина 1,5 сағатта 105 км жол жүрген еді. Сарыпталған уақытты 2 есе арттырайық: 1,5 2 = 3 (сағат). Онда жүрілген жол да 2 есе артады: 210:105=2 (есе).

**2-қорытынды.** Жүрілген жолдың уақытқа қатынасы — жылдамдық өзгермейді:

$$\frac{70}{1} = \frac{105}{1.5} = \frac{140}{2} = \dots = \frac{560}{8} = 70.$$

Егер бір шама k есе артқанда екінші шама да k есе артса, мұндай шамалар тура пропорционал шамалар делінеді.

x және y тура пропорционал шамалар болса, олардағы байланыс  $\frac{y}{x} = k$  немесе  $y = k \cdot x$  формуламен беріледі, мұнда k — тура пропорционалдық коэффициенті делінеді. k — натурал немесе бөлшек сан.

**2-е с е п.** 3 м матаға 11 400 сум төленді. Осы матаның 8 метрі қанша сум тұрады?

Ш е ш у і. 1-тәсіл. Есепті пропорция құрастырып шығарамыз.



Әдетте бірдей «бағыттар» ( $\downarrow\downarrow$ ) шамалар тура пропорционал байланыста болғанда қойылады.

Пропорция құрастырамыз:  $\frac{3}{8} = \frac{11400}{x}$  (немесе 3: 8 = 11400: x).

Пропорцияның негізгі қасиетіне орай:

$$3x = 11400 \cdot 8$$
,

бұдан 
$$x = 11400 \cdot 8 : 3 = 11400 : 3 \cdot 8 = 3800 \cdot 8 = 30400$$
 (сум).

2-т ә с і л. 1-с ұ р а қ. 1 м мата неше сум тұрады?

$$11\ 400: 3 = 3\ 800$$
 (cym).

2-с ұ р а қ. 8 м мата неше сум тұрады?


$$3800 \cdot 8 = 30400$$
 (cym).

Жауабы: 8 м мата 30 400 сум тұрады.

Шамалар арасындағы байланыстардың тағы бірі — *кері пропорционалдық*. Осы ұғымға әкелетін есеп қарастырамыз.

Саған қағаздан ауданы 24 см² -қа тең бірнеше тік төртбұрыштың ауданы өзгермейтіндей болу шартымен қиып алу тапсырылған делік.

Тік төртбұрыштың іргелес қабырғаларының ұзындығын (см-де) x және y -пен, ауданын S — пен белгілейміз (45-сурет). Олар S = xy формуламен байланысқанын білеміз. Шарт бойынша, xy = 24. Кесте құрамыз:



х (см)	1	2	2,4	3	4	5	12
у (см)	24	12	10	8	6	4,8	2
S (cm <sup>2</sup> )	24	24	24	24	24	24	24

Кестеден *х* және *у* -тердің мәндері түрліше болса, сәйкес мәндерінің көбейтіндісі бірдей (өзгермейтін) және ол 24-ке тең болатыны көрінеді. Мұндай шамалар кері пропорционал шамалар, 24 саны болса кері пропорционалдық коэффициенті делінеді. Демек, тік төртбұрыштың ауданы өзгермейтін болса, оның қабырғалары өзара кері пропорционал болады.

Егер өзара байланысты екі шаманың бірі неше есе артқанда (кемейгенде) екіншісі сонша есе кемейсе (артса), мұндай шамалар кері пропорционал шамалар делінеді.

x және y кері пропорционал шамалар болса, олардың арасындағы байланыс  $y=\frac{k}{x}$  формуламен беріледі, мұнда k — кез келген өзгермейтін (натурал немесе бөлшек) сан. Мысалы, егер x=2,4 см болса, онда кестеден  $y=\frac{24}{2,4}=10$  (см) болады, Енді x-ты, y-ті яғни 2,4-ті 5 есе арттырамыз. Онда  $x=2,4\cdot 5=12$  және y-тің оған сәйкес мәні  $y=\frac{24}{12}=2$  (см) -ге тең, яғни y=12:2,4=5 есе кемейді. Мұнда тік төртбұрыштың ұзындығы мен ені өзгергеніне қарамастан олардың көбейтіндісі — тік төртбұрыштың ауданы  $x\cdot y=24$  өзгермейді.

Өмірде сондай жайттар болады, онда бүтін шешімдер ізделінеді, бірақ математикалық есептің шешімі бөлшек сан болуы мүмкін. Ондайда жағдайдан шығу үшін қолайлы бүтін сандарды таңдау керек.

**3-е с е п.** 4 жұмысшы бір істі 32 сағатта орындайды. Осы істі бір тәулікте орындау үшін (жұмысшылардың жұмыс өнімділігі бірдей) қосымша неше жұмысшы керек?

Ш е ш у і. Берілген іс көлемін орындау үшін кеткен уақыт және жұмысшылар саны бірнеше есе артса, осы істің орындалу уақыты сонша кемейеді. Қажет жұмысшылар санын x-пен белгілейміз және есеп шартын кесте көрінісінде жазамыз. Әдетте әртүрлі «бағыттар» ( $\downarrow\uparrow$ ) шамалар кері пропорционал байланыста болғанда койылады.

Істеу шарты	Жұмысшылар саны	Уақыт, сағат
1- жағдай	4	<b>3</b> 2
2 -жағдай	× x	24

$$\frac{4}{x} = \frac{24}{32}$$
 пропорцияны аламыз, одан  $x = \frac{4 \cdot 32^4}{324} = \frac{16}{3} = 5\frac{1}{3}$ .

Жұмысшылар саны бөлшек сан болмайды, демек қажет жұмысшылар саны 6, яғни қосымша 6-4=2 жұмысшы керек.

Осы есепті қосымша жұмысшылар санын x деп белгілеп те шығарса болады. Онда пропорция манадай болады:  $\frac{4}{4+x} = \frac{24}{32}$ , одан  $24 \cdot (4+x) = 4 \cdot 32$  -ні аламыз.

Ж а у а б ы: 2 қосымша жұмысшы керек.

- 566. 1) Тура прпопорционал шамалар деп нені айтады?
  - ? 2) Пропорционалдық коэффициенті деп нені айтады?
    - 3) Кері пропорционал шамалар деп нені айтады?
    - 4) Кері пропорционалдық коэффициенті деп неге айтылалы?
- 5) Тура пропорционал шамалар мен кері прпопорционал шамалар бір-бірінен несімен айырмашылық жасайды?
- **567.** «Кобальт» жеңіл машинасы қаланың ішінде 100 км жол жүру үшін 8,4 л жанармай жұмсайды. Мыналарды тап:
  - 1) 250 км жол жүру үшін неше литр бензин қажет?
  - 2) 33,6 л жанармай неше километр жол жүрүге жетеді?
- **568.** Жүк машинаның жылдамдығы 60 км/сағат. Ол 1) 15 мин; 2) 20 мин; 3) 45 мин; 4) 2,5 сағат; 5) 3,25 сағат; 6) 4 сағат; 7) 4 сағат 15 минутта қанша жол жүреді?
- **569.** Кестенің қайсы бірінде a және b шамалар тура прпопорционал байланысты құрайды?

1)	a	1	2	3	4	5
	b	5	10	15	20	25

2)	a	60	30	12	6	0,6
	b	20	10	4	2	1

Құрайтын болса, пропорционалдық коэффициенті неге тен?

- 570. Ұзындығы 5 м мыс сымның массасы 430 г. 1) Ұзындығы 4 м; 50 м; 12 км мыс сымның массасы қанша болады? 2) Масса және ұзындық арасындағы байланыстың пропорционалдық коэффициенті қанша?
- **571.** Кестеде ауданы 80 см² тік төртбұрыштың іргелес қабырғаларының ұзындығы берілген. Кестені толтыр.

1-қабырға (см)	1	2		4	8	10	
2-қабырға (см)	80		16		4		

**572.** (Ауызша.) Кестелердің қайсы бірінде x және y шамалар кері прпопорционал байланыс құрайды?

1)	x	1	2	3	6	9
	у	18	9	6	3	2

2)	x	0,1	0,3	0,5	2	2,5
	y	10	3	2	0,5	0,4

Кұрайтын болса, пропорционалдық коэффициенті неге тең?

- 573. 80 км/сағат жылдамдықпен келе жатқан "Матиз" жеңіл машинасы Ташкенттен Самарқантқа дейінгі қашықтықты 1,5 сағатта жүрді. Осы қашықтықты 75 км/сағат жылдамдықпен неше сағатта жүреді?
- **574.** Саяхатшы 4,5 км/сағат жылдамдықпен жүріп, барлық жолға 3,2 сағат жұмсады. Осы жолды 2,4 сағатта жүру үшін ол қандай жылдамдықпен жүру керек?
- **575.** Велосипедші 12 км/сағат жылдамдықпен Ташкенттен Жанажолға барды. Ол осы қашықтықты 1) 2 сағатта; 2) 2 сағат 40 минутта жүру үшін қандай жылдамдықпен жүруі керек?
- 576. Ташкент пен Самарқант қалаларының арасындағы қашықтық 354 км. «Afrosiyob» пойызы осы қашықтықты:
  1) 2 сағатта; 2) 2 сағат 10 минутта жүруі үшін қандай жылдамдықпен жүруі керек (4)

1) 2 сағатта; 2) 2 сағат 10 минутта жүруі үшін қандай жылдамдықпен жүруі керек (46-сурет)?

- **577.** Жолаушы 3,6 км/сағат жылдамдықпен жүріп, барлық жолға 2,5 сағат жұмсады. Ол 5 км/сағат жылдамдықпен жүрсе, осы жолға қанша уақыт кетеді?
- **578.** Маржан  $\frac{11}{41}$  бөлшектің алымы мен бөліміне бірдей сан қосты. Пайда болған бөлшекті қысқартқаннан кейін  $\frac{3}{8}$  болды. Маржан қандай сан қосты?
- **579.** «Матиз» 80 км/сағат жылдамдықпен келе жатыр. t -жүрген жол, s осы уақытта жүрген жол. Кестені толтыр:

t (cafat)	0,2	1,2	2,4	3	3,5	4
v (км/сағат)	80	80	80	80	80	80
s (KM)						


**580.** Кестенің қайсы бірінде a және b шамалар тура прпопорционал байланысты құрайды?

1)						5
	b	4	8	12	16	20

2)						0,3
	b	10	5	2	1	1

- **581.** Саялым 3 км жолды  $\frac{2}{3}$  сағатта жүрді. Ол  $\frac{3}{4}$  км жолды неше сағатта жүреді?
- **582.** Кестенің қайсы бірінде a және b шамалар тура прпопорционал байланысты құрайды?

1)	x	0,2	2	3	4	6,5
	у	60	6	4	3	2




Құрайтын болса, пропорционалдық коэффициенті неге тең?

- **583.** 1,5 сағатта самолёт 1 200 км қашықтықты ұшып өтеді. Осындай жылдамдықпен 3200 км қашықтықты қанша уақытта ұшып өтеді?
- **584.** 18 жұмысшы көп қабатты үйдегі пәтерлерді 24 күнде жөндейді. Осы жұмысты 12 жұмысшы неше күнде орындайлы?

## 69-74

# Тура және кері пропорционал шамалардың қолданылуы

**1-е с е п.** 10 см AB кесіндіні C нүкте 4:1 қатынаста екі кесіндіге бөледі. AC және CB кесіндінің ұзындығын тап (47-сурет).



Ш е ш у і. Барлық бөліктердің саны 4+1=5. Әрбір бөлікке 10:5=2 (см) тура келеді, яғни CB=2 см. AC кесіндіге 4 бөлік тура келгендіктен AC=2 х 4=8 (см) болады.

Ж а у а б ы: AC = 8 см, CB = 2 см.

**2-е с е п.** a және b сандар 2 және 3 сандарына пропорционал. a және b сандарының қосындысы 100-ге тең. Сол сандарды тап.

 $\coprod$  е  $\coprod$  у і . Алдымен пропорционалдық коэффициентін табу керек. Пропорционалдық коэффициентін k-мен белгілейміз.

Есептің шартын  $\frac{a}{2} = k$  және  $\frac{b}{3} = k$  теңдіктер көрінісінде жазамыз. Онда  $a = k \cdot 2$ ,  $b = k \cdot 3$ . Бізде a + b = 100 екені белгілі. Олардан  $k \cdot 2 + k \cdot 3 = 100$  теңдеу шығады. Бұл теңдеуді көбейтудің терімділік заңын пайдаланып, былай жазып аламыз:

 $k\cdot(2+3)=100$ . Одан  $k=\frac{100}{2+3}=\frac{100}{5}=20$ . Енді ізделетін сандарды табамыз:  $a=20\cdot 2=40,\ b=20\cdot 3=60$ .

Ж а у а б ы: 40 және 60.

Шешкен есептерді былай да өрнектеуге болады: 100 санын 2-нің 3-ке қатынасы сияқты a және b сандарға бөл.

Мұндай есептер төмендегі ереже бойынша шешіледі.

Есепті осы ереже бойынша шешеміз:

1) 
$$2 + 3 = 5$$
; 2)  $\frac{100}{5} = 20$ ; 3)  $a = 20 \cdot 2 = 40$ ; 4)  $b = 20 \cdot 3 = 60$ .

Tekcepy: 40 + 60 = 100; 40:60 = 2:3.

Жауабы: 40 және 60.

3-е с е п. 780-ді 1,5; 0,75; 0,4; 1,25 сандарына пропорционал етіп, төрт бөлікке бөл.

Ш е ш у і. Ізделінген сандарды  $x_1$ ,  $x_2$ ;  $x_3$  және  $x_4$  арқылы белгілейміз. Есептің шартынан:

$$x_1: x_2: x_3: x_4 = 1,5:0,75:0,4:1,25$$

тендікті жаза аламыз.

Бөлшек сандардың қатынасын бүтін сандардың қатынасына ауыстырамыз:

$$x_1: x_2: x_3: x_4 = 30: 15: 8: 25.$$

$$k = \frac{780}{30+15+8+25} = \frac{780}{78} = 10, \ x_1 = 10 \cdot 30 = 300,$$

$$x_2 = 10 \cdot 15 = 150, \ x_3 = 10 \cdot 8 = 80, \ x_4 = 10 \cdot 25 = 250.$$

Жауабы: 300, 150, 80, 250.

4-е с е п. a және b сандары 4 және 5 сандарына кері пропорционал. Егер олардың қосындысы 72-ге тең болса, a және b сандарын тап.

Ш е ш у і. 72 санын 4 және 5 сандарына кері прпопорционал болған екі бөлікке бөлу осы санды  $\frac{1}{4}$  және  $\frac{1}{5}$  сандарына тура пропорционал етіп бөлу дегені.

1) 
$$\frac{5\sqrt{1}}{4} + \frac{4\sqrt{1}}{5} = \frac{5+4}{20} = \frac{9}{20}$$
; 2)  $72 : \frac{9}{20} = \sqrt[8]{2} \cdot \frac{20}{9} = 160$ .

Тура пропорционал сандарды бөліктерге бөлу ережесі бойынша a және b сандарды табамыз:

$$a = \frac{1}{4} \cdot 160 = 40$$
,  $b = \frac{1}{5} \cdot 160 = 32$ .

Ж а у а б ы: a = 40, b = 32.

Бұл сияқты есептерді шығарғанда осы ережені пайдаланады.

Бір санды берілген сандарға кері пропорционал бөліктерге бөлу үшін сол санды берілген сандарға кері пропорционал сандарға тура пропорционал етіп бөліктерге ажырату керек.

Пайыздарға қатысты есептерді пропорцияның көмегімен шығарған қолайлы.

**5-е с е п.** Ет пісірілгенде массасының 35%-ын жоғалтады. 780 г піскен ет алу үшін қанша ет пісіру керек?

Ш е ш у і. x г ет қажет болсын. Пісірілген ет шикі еттің 100% - 35% = 65%-ын құрайды.

Енді шартты жазамыз:

Тендеу құрамыз және оны шешеміз:

$$\frac{x}{780} = \frac{100}{65} \Rightarrow x = \frac{{}^{12}780 \cdot 100}{65} = 1200$$
 (g).

780 г піскен ет алу үшін 1 200 г шикі ет керек екен.

Жауабы: 1 200 г немесе 1,2 кг.

**6-е с е п.** Ерітіндіде 30 г тұз және 170 г су бар. Ерітіндіде неше пайыз тұз барын тап.



Заттың ерітіндідегі пайыз шамасы заттың ерітіндідегі массасының ерітіндінің жалпы массасына қатынасының 100%-на көбейтіндісіне тең.

Заттың пайыз шамасы = 
$$\frac{3 \text{аттың массасы}}{\text{ерітіндінің массасы}} \cdot 100\%$$

Ш е ш у і. Есеп шарты бойынша заттың (тұз) массасы 30 г, ерітіндінің (тұз + су) массасы 30 + 70= 200(г). Тұздың ерітіндідегі пайыз шамасын табамыз:  $\frac{30}{200} \cdot 100\% = 15\%$ .

Заттың ерітіндідегі мөлшері басқаша айтқанда *ерітіндінің* концентрациясы деп те аталады. «Тұздың 15%-ды концентрациясы» дегені тұз ерітінді массасының 15%-ын құрайтынын білдіреді.

Жауабы: 15%.

Бұл негізінде екі санның пайыз қатынасы.

**7-е с е п.** 12%-ды 300 г ерітіндіге 100 г су қосылды. Тұздың ерітіндідегі пайыз мөлшері қанша болады?

Ш е ш у і. Алдыңғы ерітіндідегі тұздың массасын табамыз: 12% = 0,12, олай болса  $300 \cdot 0,12 = 36$  (г).

Ерітіндіге су құйғанда тұздың мөлшері артпайды, ерітіндінің массасы артады: 300 + 100 = 400 (г). Бұдан тұздың ерітіндідегі пайыз мөлшері  $\frac{36}{400} \cdot 100\% = 9\%$  -ға тең екені шығады.

Есепті пропорция құрып шешуге болады.

Тендеу құрамыз және оны шешеміз:  $\frac{300}{400} = \frac{x}{12}$ ,  $x = \frac{300 \cdot 12}{400}$ , одан x = 9%.

Жауабы: 9%.

8-е с е п. 920 пробалы 180 г алтын 752 пробалы 100 г алтынмен қосып ерітілді. Нәтижеде қандай пробалы қоспа пайда болды (48-сурет)?



Ш е ш у і. Бірінші қоспадағы сап алтын 180 г-нің 0,92 бөлігін, яғни

 $180 \cdot 0,92 = 165,6$  (г)-ды құрайды. Екінші қоспадағы сап алтын 100г-ның 0,752 бөлігін, яғни  $100 \cdot 0,752 = 75,2$  (г)-ды құрайды. Демек, алған қоспадағы сап алтын 165,5 + 75,2 = 240,8 (г)-ды құрайды. Қоспаның жалпы массасы 180 + 100 = 280 (г)-ға тең. Оның пробасы төмендегіге тең:

$$\frac{240.8}{280} \cdot 1000 = \frac{240800}{280} = 860.$$

Ж а у а б ы: 860-пробалы қоспа пайда болған.




Проба— латынша «proba « сөзінен алынған, «сынап көру», бағалау деген мағына береді.

Алтын (немесе платина, күміс сияқты бағалы металдар) араластырылып дайындалған бұйым, әшекей массасының қандай бөлігін сап алтын (платина, күміс) құрайтынын көрсететін сан проба делінеді

- **585.** C нүкте AB кесіндіні 3:5 қатынаста екі бөлікке бөледі. AB кесіндінің ұзындығы 48 см. Әр бөліктің ұзындығы қанша?
- **586.** *С* нүкте *КМ* кесіндіні 5 : 4 қатынаста екі бөлікке бөледі. *КМ* кесіндінің ұзындығы 36 см. Әр бөліктің ұзындығы қанша?

49

- **587.** 840г конфетті 1) 2 : 3; 2) 13 : 8 сияқты қатынаста бөл.
- **588.** Тоқылатын жіп мақта мен капроннан құралған, оның массасы 6 : 4 қатынаста.
  - 1) 1 кг 200 г тоқылатын жіпте қанша мақта бар?
  - 2) 20 кг 500 г тоқылатын жіпте қанша капрон бар (49-сурет)?




- **590.** Ағасы мен қарындасы шоколадты жастарына сай бөліп алды. Ағасы 14 жаста, қарындасы 12 жаста.
  - 1) Шоколадтың неше бөлігін ағасы алған? 2) Шоколадтың неше бөлігін қарындасы алған (50-сурет)?



- **591.** 6, 18, 12 сандарының 4, 12, 8 сандарға пропорционал екенін тексер. Пропорционалдық коэффициентін тап.
- **592.** Арқан 5 : 7 : 13 қатынаста үш бөлікке бөлінген. Арқан бөліктерінің ең ұзыны ең қысқасынан 2 м 88 см ұзын. Арқанның әр бөлігінің ұзындығын тап.
- **593.** Үш санның қатынасы 2 : 3 : 8 сияқты, олардың қосындысы 67,6-ға тең. Сол сандардан ең үлкені мен ең кішісінің айырмасын тап.


594. Үшбұрыштың қабырғалары 4, 9 және 6 сандарына пропорционал. Егер: 1) ең қысқа; 2) ең ұзын; 3) орташа қабырғаның ұзындығы 36 см тең болса, сол қабырғаларды тап (51-сурет).



**595.** Зандылықты анықтап, қатарды тағы да 3 санға жалғастыр.

5, 10, 20, 40, ..., ..., ....

- **596.** 798-ді $\frac{2}{3}$ ,  $\frac{3}{4}$  және  $\frac{4}{5}$  сандарға тура пропорционал етіп бөл.
- **597.** Сондай сандарды тап: x, y, 36 сандар: 1) 3, 1, 1; 2)  $\frac{1}{8}$ ,  $\frac{1}{27}$ ,  $\frac{1}{3}$  сандарына пропорционал болсын.
- **598.** 22,4 санын: 1) 4 және 10; 2) 3 және 5 сандарына кері пропорционал екі бөлікке ажырат.
- **599.** 540 санын 3, 4 және 6 сандарына кері пропорционал үш бөлікке ажырат.
- **600.** 244 санын 1, 2, 3 және 5 сандарына кері пропорционал төрт бөлікке ажырат.
- **601.** 765 санын  $\frac{2}{3}$ ; 4 және  $\frac{1}{2}$  сандарына кері пропорционал үш бөлікке ажырат.
- **602.** 1) 9 × 4 өлшемді тік төртбұрышты (52-сурет) қалай 2 тең пішінге бөлуге болады? Бөлу тек торкөз қағаз сызығымен жүзеге асырылсын.



- 2) Қай жағдайда алынған бөліктерден квадрат жасауға болалы?
- **603.** Үш трактор үшін 2 күнге 90 л жанармай керек. Осындай 2 тракторға 5 күнге қанша жанармай қажет?
- **604.** 6 қоянға 40 күнге 90 кг жем қамдалады. 10 қоянға 50 күнге қанша жем қамдалады?
- **605.** Ені 1,1 метр 126 м драп матадан бірдей 42 пальто тігуге болады. Ені 0,9 метр 110 м драптан неше осындай пальто тігу мүмкін?

- **606.** 18 сиырға 35 күнге 7,56 т пішен керек. Осындай күндік нормамен 12 сиырға 45 күнге қанша пішен керек?
- **607.** Түрлі ұзындықтағы бөренелердің әрқайсысы араланып, бірдей сандағы бөренешеге бөлінді. Сөйтіп пайда болған бөренешелер саны араланған бөренелер санынан 25-ке көп шықты. Бұрын бөренелер нешеу болған?
- **608.** Егер 40 г ерітіндіде 16 г тұз болса, ерітіндіде неше пайыз тұз барын тап.
- **609.** 5%-ды ерітінді алу үшін 400 г тұзды қанша суға еріту керек?
- **610.** 800 г ерітіндіде 50 г ас тұзы бар. 240 г ерітіндіде қанша ас тұзы бар?
- **611.** 1 кг суда; 1) 150 г; 2) 600 г; 3) 1 кг тұз ерітілсе, ерітіндінің концентрациясы қанша болады?
- **612.** Қоспада 84% қалайы , 10% сурма, 4% мыс және 2% висмут бар. 120 кг қоспада осы металдардың әрқайсысынан каншадан болады?
- **613.** Мотоциклші 120 км жол жүрді. Ол жолдың 40%-ын асфальт жолда 30 км/сағат жылдамдықпен, қалған бөлігін алдыңғы жылдамдығынан 20% аз жылдамдықпен топырақ жолда жүрді. Мотоциклші барлық жолды қанша уақытта өткен?
- 614. Ауданы 240 м² баскетбол алаңы спорт алаңының 15% -ын құрайды (53-сурет). Спорт алаңының ауданы бүкіл мектеп алаңының 32% -ын құрайды. Мектеп алаңының ауданын тап.



- **615.** Қабырғасы a-ға тең квадраттың ауданын есепте, онда a=3 см; 5 см; 8 см; 10 см; 15 см. Квадраттың ауданы мен оның қабырғалары тура пропорционал шамалар бола ала ма? Here?
- 616. Полат көлемінің өзгеруі мен массасының өзгеруі арасындағы байланыс тура пропорционал байланыс болады. 25 см³ полаттың массасы 15,6 г болса: 1) 12 см³ көлемге полат массасының қандай сан мәні сәйкес келеді? 2) 23,4 г массаға полаттың қандай көлемі сәйкес келеді?

- **617.** Бидай тартылғанда 81% ұн, 2% манка жармасы және 17% кебек шығады. 2,5 т бидайдан қанша ұн, манка жармасы және кебек шығалы?
- **618.** Қиярды тұздағанда: үлкен қиярлар үшін 8%-ды, орташаларына 7%ды және майдалары үшін 6%-ды тұзды ерітінді істетіледі. 1) 10кг-ды; 2) 16кг-ды; 3) 50кг-ды тұзды ерітінді дайындау үшін қанша тұз керек?
- **619.** Бағасы b сум өнім алдымен 25%-ға, сосын тағы да 20%-ға арзандатылды, кейін 20%-ға қымбаттады. Қазір сол өнім неше сумнан сатылуда? Өнімді алғашқы бағамен сату үшін нарқын неше пайызға қымбаттату керек?
- **620.** Екі дүкенде бір түрлі кәмпит бірдей бағамен сатылуда. Бірінші дүкен алдымен бағаны 10%-ға, бір айдан кейін тағы да 20%-ға арттырды. Ал екінші дүкен біржолата 30%-ға арттырды. Қазір дүкендердегі баға бірдей ме?
- Е с к е р т у. Есепті шығаруға қиналсаң кәмпиттің қолайлы бағасын тандап ал, сосын қажетті амалдарды орында.
- **621.** Өзенде сал 6 сағатта 14,4 км ақты. Осы сал 18 км-ге неше сағатта ағып барады? 28,8 км-ге ше?
- **622.** 100 м<sup>3</sup> ауада 21 м<sup>3</sup> оттегі бар. Ұзындығы 20 м, ені 12 м, биіктігі 3,5 м спорт залда неше куб метр оттегі бар?
- **623.** 1 дана ананастың бағасы 20%-ға арзандағаннан кейін 10 000 сум болды. Ананастың алдыңғы бағасын тап (54-сурет).
- **624.** Бірінші сан 10%-ға, екінші сан 25%-ға арттырылды. Сонда осы екі санның көбейтіндісі неше пайызға артады?



- **625.** Теміржолдың бір бөлігінде 8 м ұзындықтағы ескі рельс 12 м ұзындықтағы жаңа рельске алмастырылды. Егер 240 ескі рельс алып тасталса, оның орнына 12 метрлік неше рельс қою керек?
- **626.** C нүкте AB кесіндіні 4:3 қатынаста екі бөлікке бөледі. AB кесіндінің ұзындығы 63 см. Әр бөліктің ұзындығы канша?
- **627.** 84 санын: 1) 5:16; 2) 8:13; 3) 11:10; 4) 2:19; 5) 17:4; 6) 1:6 сияқты қатынаста бөл.

8 — Математика, 6

- **628.** Кемер 8 : 3 қатынаста екі бөлікке бөлінді. Үлкен бөліктің ұзындығы 72 см. Берілген кемердің ұзындығы қанша?
- **629.** 120 санын: 1) 4:5:3; 2) 15:16:9 сияқты қатынаста бөл.
- **630.** Арқан 2 : 4 : 10 қатынаста үшке бөлінген. Арқан бөліктерінің ең кішісі ең үлкенінің ұзындығынан 2 м 40 см қысқа. Арқанның әрбір бөлігінің ұзындығын тап.
- **631.** Үшбұрыштың периметрі 120 см. Егер үшбұрыштың қабырғалары 5, 12 және 13 сандарына тура пропорционал болса, оның қабырғаларын тап.
- **632.** x және y кері пропорционал шамалар болсын, кестені толтыр:

х	10		25	8		20	0,5		32	
У		40	$1\frac{3}{5}$		2,5	2		25		4

- **633.** 36,8 санын 3 және 7 сандарына кері пропорционал болған екі бөлікке ажырат.
- **634.** 61 санын 1, 2, 3 және 5 сандарына кері пропорционал болған төрт бөлікке ажырат.
- **635.** Зандылықты анықтап, бос торкөздердегі санды тап (55-сурет).


											$\overline{}$
(55)	77	30	13		28	25	47		16	44	
				l				l			ا

- **636.** Үш тауық 3 күнде 9 жұмыртқа қояды. 6 тауық 6 күнде неше жұмыртқа қояды?
- **637.** 84 санын 4 және 3 сандарына кері пропорционал бөліктерге ажырат.
- **638.** 1,5 тонналық 5 машинамен жүкті 6,4 сағатта тасымалдау көзделген. Екі тонналық 2 машинамен осы жүкті қанша уақытта тасуға болады?
- **639.** Кітаптың бағасы 15% арзандатылды. Алғашқы бағасы: 1) 6 000 сум; 2) 10 000 сум болған кітап енді неше сумнан сатылуда?
- **640.** Автомобиль жазда 100 км жолға 8 л, қыста 8,8 л бензин жұмсайды. Қысқы норма жаздағыдан неше пайызға көп?
- **641.** Зергер бұйым жасау үшін алтын мен күмістен 5 : 8 қатынаста қоспа дайындады. Егер ол алтыннан 20 г алған болса, қоспаның массасын тап.

75-78

Масштаб

- *АВ* қашықтық картада 2,5 см делік. Өзі канша?
- Ташкент пен Терміз қалаларының арасындағы қашықтық 700 км. Картада ол неше сантиметрге тура келелі?



Пропорцияның тағы бір қолданылуы ретінде масштаб ұғымымен танысалық.

56-суретте Өзбекстан Республикасының картасы 1:40 000 000 масштабта берілген. Бұл жазу карта түзуде барша қашықтықтар шынайы өлшемінен 40 000 000 есе кішірейтіліп сызылғанын білдіреді. Сондықтан картада 1 см кесіндінің ұзындығы 40 000 000 см = 400 км-ге сай келеді. Басқаша айтқанда, картадағы қашықтық шынайы өлшемге тура пропорцио-

нал болады:  $\frac{1}{40\,000\,000} = 0,000000025$ . Бұл сан масштаб - пропорционалдық коэффициенті міндетін өтейді.

Құрылатын ғимараттардың жобасын сызуда, машиналардың сызбасын дайындауда, карталар құрастыруда масштаб пайдаланылады. Онда қолайлы масштаб таңдалып, барша өлшемдер кішірейтіледі.

Сызбадағы кез келген кесіндінің ұзындығы мен оған сәй-кес келетін негізгі ұзындық тура пропорционал шамалар.

**Масштаб** — сызбадағы өлшемнің негізгі өлшемге қатынасы.

**Масштаб** — сызбадағы өлшем негізгі өлшемнен неше есе кіші екенін көрсететін сан.

Картадағы сызбаларда М 1 : 100, М 1 : 1 000, ... сияқты жазулар болады. Олар - сызбаның, картаның масштабы.

Мысалы, М 1:1 000 жазу сызбадағы өлшемдердің негізгі өлшемге қатынасы 1:1 000 екендігін, яғни негізгі шаманы білу үшін сызбадағы өлшемді 1 000-ға көбейту (1000 есе арттыру) керектігін білдіреді.

Кіші заттардың өлшемдерін үлкейтіп көрсету үшін 10 : 1; 100 : 1; ... масштабтар қолданылады. Мұндай масштаб негізгі өлшемдер сызбада, суретте 10 есе, 100 есе, ... үлкейтілгенін білдіреді.

**1-е с е п.** Сызбаның масштабы 1 : 400. Сызбада спорт алаңының ұзындығы 50 м, ені 40 м болса, оның негізгі өлшемдері қандай?

Ш е ш у і. Спорт алаңының негізгі ұзындығы x см делік. Пропорция түземіз:

50: x = 1: 400, бұдан x = 50 400 20 000 (см) = 200 (м).

Алаң енінің негізгі ұзындығы у см болсын. Онда:

40: y = 1: 400, ягни y = 40 400 = 16 000 (см) = 160 (м).

Ж а у а б ы: спорт алаңының ұзындығы 200 м, ені 160 м. Есепті қысқалау етіп те шығаруға болады. Масштабтың мағынасына қарай, негізгі ұзындықты табу үшін сызбадағы ұзындық 400-ге көбейтілуі керек.

$$50 \cdot 400 = 20\ 000\ (c_{\rm M}) = 200\ (M);\ 40 \cdot 400 = 16\ 000\ (c_{\rm M}) = 160\ (M).$$

**2-е с е п.** Жәндік қанаттарының ұзындығы 50 : 1 масштабта 15 см-ге тен. Оның негізгі ұзындығы қандай?

Ш е ш у і. Жәндік қанаттарының негізгі ұзындығы 50 есе үлкейтіп көрсетілген. Алдымен жәндік қанаттарының ұзындығын миллиметрде өрнектейміз: 15 см = 150 мм, жәндіктің негізгі (шынайы) ұзындығын x мм деп белгілейміз.

Пропорция түземіз және оны шешеміз:

$$50 : 1 = 150 : x, x = 150 : 50 = 3$$
 (MM).

Ж а у а б ы: жәндік қанаттарының негізгі ұзындығы 3 мм-ге тен.

**3-е с е п.** Колибри әлемдегі ең кішкентай құс. Ол тұмсығының ұшынан құйрығының ұшына дейін небәрі 6 см келеді. Колибридің сызбадағы өлшемі: 1) 3 см; 2) 2 см; 3) 1,5 см етіп көрсетілген делік. Құс суретте неше есе үлкейтілген (57-сурет).




Ш е ш у і. 1-жағдайды қарастырамыз. Колибридің ұзындығы k есе кішірейтілген делік. Бөлігіне карай санның өзін табу үшін сол санды оған сәйкес келетін санға бөлу керектігін білеміз. Сонымен құстың негізгі ұзындығы k=6:3=2 (есе) кішірейтілген немесе сызбаны сызуда 1:2 масштабы пайдаланылған.

Ж а у а б ы: сызба 1 : 2 (1 : 3; 1 : 4) масштабта сызылған немесе 2 есе (3 есе; 4 есе) кішірейтілген.

4-е с е п. Жузімдік тік төртбұрыш тәрізді болып, оның ұзындығы 360 м, ені 240 м-ге тен. 1 : 1 200 масштабты сызбада оның өлшемдері қандай болады (58-сурет)?

Шешуі. Бактын өлшемдері сызбада 1200 есе кішірейтіп көрсетілген.



Демек, сызбада бақтың ұзындығы  $\frac{360 \,\mathrm{M}}{1200} = \frac{3 \,\mathrm{M}}{10} = \frac{300 \,\mathrm{cm}}{10} = 30$ 

$$\frac{360 \,\mathrm{M}}{1200} = \frac{3 \,\mathrm{M}}{10} = \frac{300 \,\mathrm{cm}}{10} = 30$$

см-ге тең болады. Ені 
$$\frac{240\,\mathrm{M}}{1200} = \frac{2\,\mathrm{M}}{10} = \frac{200\,\mathrm{cm}}{10} = 20\,$$
 см-ні құрайды.

Есепті пропорциямен шығаруға да болар еді. Ұзындықты сызбада х делік. Есеп шартына сай пропорция туземіз, мұнда 360 м = 36 000 см екенін ескеру керек, өйткені өлшемдер сызбада сантиметрде беріледі:

x:36000=1:1200, бұдан 1200x=36000, яғни x=30 (см).

Бақтың сызбадағы енін у десек, жоғарыдағы пікірлерден  $y: 24\ 000 = 1: 1\ 200$ , бұдан 1  $200y = 24\ 000$ ,  $y = 20\ (cm)$ . Ж а у а б ы: сызбада бақтың ұзындығы 30 см, ені 20 см


болады.

- 642. 1) Масштаб дегенде нені түсінесің? Мысалдар келтір.
- 2) 1 : 1, 1 : 100, ... масштабтар мен 10 : 1, 100 : 1, ... масштабтардың айырмашылығы неде?
- 643. Жер алаңының картасында масштаб 1 : 1 000 деп көрсетілген. Картадағы екі нүкте арасындағы қашықтық:
  - 2) 1,7 cm; 3) 4 cm; 4) 5,5 cm; 1) 1 cm; 5) 7 cm;
  - 6) 10 см-ге тең. Негізгі қашықтықты есепте.
- **644.** 1 : 200 масштабта: 1) ұзындығы 5 м кесінді; 2) радиусы 3,2 м шеңберді өрнекте.
- 645. Ташкент пен Наманган қалаларының арасындағы қашықтық 432 км. 1:2 000 000 масштабты картада осы қашықтық неше см болады?
- 646. Картада 2,7 см ұзындықтағы кесіндіге 54 км жол тура келеді. Егер картада екі қала арасындағы қашықтық 12,6 см болса, олардың арасындағы қашықтық неше километр?

- **647.** Сызбаның масштабы 1 : 500. Сызбада ұзындығы 40 см, ені 30 см тік төртбұрыш түріндегі спорт алаңының негізгі ұзындықтары қанша болады?
- **648.** 59-суретте тік төртбұрыш түріндегі жер алаңдары көрсетілген. Қажетті өлшеулерді жүргізіп, жер алаңдарының периметрі мен ауданын тап.




- **649.** 1) Торкөз қағазда берілген пішінді теңдей екі пішінге бөлуді көрсет (60-сурет). Торкөз сызықтары бойынша кесуге рұқсат етіледі.
  - 2) Пайда болған жағдайлардың қайсы бірінде теңдей екі пішіннен квадрат жасау мүмкін?




- **650.** 1 : 200 масштабты сызбада үйдің ұзындығы 30 см. Үйдің негізгі ұзындығы қаншаға тең?
- **651.** Бөлуді орындамай тұрып, 300 300 · 1 008 + 3 003 · 100 900 косындының 2017-ге тең болатының дәлелде.
- **652.** Картаның масштабы 1 : 10 000 000. Егер жердегі қашықтық 50 км; 150 км; 1000 км болса, картадағы кесіндінің ұзындығы қанша болады?
- **653.** 1 : 500 000 масштабты картада екі ауылдың арасындағы қашықтық 24 см-ге тең. Осы қашықтық 1 : 200 000 масштабты картада қанша болатынын тап.
- **654.** Бидай себу нормасы 1 гектарға 0,24 тоннаны құрайды. 1 : 10 000 масштабты сызбада ұзындығы 12 см және ені 10 см тік төртбұрыш түріндегі жерге себу үшін қанша бидай керек?
- **655.** Зығыр тұқымын себу нормасы гектарына 0,5 ц. Картада ұзындығы 20 см, ені 15 см тік төртбұрышты жерге себу үшін қанша зығыр тұқымы керек? Масштаб 1 : 10 000.
- **656.** 1: 3 масштабта орындалған тік төртбұрыштың ұзындығы 24 см, ені 19,2 см-ге тең. Дәл осындай тік төртбұрыштың 1 : 12 масштабты сызбадағы ұзындығы мен ені қанша болады? 1 : 18 масштабта ше?

- **657.** Африка қорықтарында ең ұзын жирафтарды кездестіруге болады. Олардың бойы 6 м-ге жетеді. 61-суреттегі жирафтың бойы 4 см. Жираф суретте неше есе кішірейтілген, масштабты анықта.
- **658.** Картаның масштабы 1 : 1 500 000. Картада 12,8 см кесінді түрінде көрсетілген негізгі қашықтықты мотоциклші 2 сағат 40 минутта жүреді. Оның жылдамдығы қандай болған?




- **659.** Спорт залдың қабырғалары тік төртбұрыш пішінде. Егер масштаб 1 : 120 болса, залдың өлшемдерін анықта.
- **660.** Екі қала арасындағы қашықтық 500 км. Картада осы қашықтық 25 см болса, карта қандай масштабта сызылған?
- **661.** Бақ тік төртбұрыш пішінде болып, оның сызбадағы ұзындығы 40 см, ені 30 см. Сызба 1 : 1 000 масштабта сызылған болса, бақтың негізгі периметрін тап.
- **662.** 40 км қашықтыққа сызбада 20 см тура келеді. Сызбада екі ауылдың арасындағы қашықтық 16 см болса, шындығында осы ауылдардың арасындағы қашықтық неше километр болады?
- **663.** Жәндік суретте 6 см етіп көрсетілген. Оның негізгі үлкендігі 0,5 см. Жәндік суретте неше есе үлкейтілген?
- **664.** Ортадағы сандарды қалған сандарға бөл (62-сурет).
- 665. Ауданы 5 га алаңның ұзындықтары 25 см және 20 см тік төртбұрыш пішіндегі сызбасын салу үшін қандай масштаб керек?
- **666**. Бөлменің ұзындығы 5 см және 3 см тік төртбұрыш көрініске ие. Егер масштаб 1 : 300 болса, бөлменің ұзындығы мен енін тап.



**667.** Масштаб 1 : 200. Егер жердегі қашықтық 20 м; 50 м; 250 м болса, оларға тура келетін кесінділердің ұзындығы қандай болады?


- **668.** Бидай диірменде тартылғанда 80%, арпадан 75% ұн алады. 4 ц бидай мен 5 ц арпа тартылды. Қайсы дәннен кем ұн шыққан?
- **669.** Пойыздың жылдамдығы 60 км/сағат. Масштабы 1:2000000 картада 30 см кесінді ретінде берілген негізгі қашықтықты осы пойыз неше сағатта өтелі?
- **670.** Автомобильдің жылдамдығы 80 км/сағат. Масштабы 1:1000000 картада 24 см кесінді түрінде берілген негізгі қашықтықты автомобиль неше сағатта жүреді?
- **671.** 63-суретте квадрат түріндегі жер алаңы берілген. Қажетті өлшеулерді орындап, жер алаңының негізгі периметрі мен ауданын тап.
- 672. Сырдарияның ұзындығы 2137 км-ге тең. Оны жүздер разрядында дөңгелекте. Егер картаның масштабы 1:25000000 болса, өзеннің картадағы ұзындығы шамамен қаншаға тең?



- **673.** Ташкент телемұнарасының суреттегі биіктігі 7,5 см. Телемұнараның негізгі биіктігі 375 м. Ол суретте неше есе кішірейтіліп көрсетілген?
- **674.** Төмендегі кестенің 1-шартында квадрат табанының ұзындығы, 2-шартында оның периметрі көрсетілген. Осы кестені толтыр.

a	4	50		1,5			2,4		3,5		9
P			36		4,4	0,1		5,2		28	

- **675.** Ташкент пен Терміз қалаларының арасындағы қашықтық 700 км. Осы қашықтық картада 70 см-ге тура келеді. Картанын масштабын тап.
- **676.** Ауданы 20 гектар егін алаңының өлшемдері 50 см және 40 см тік төртбұрыш түріндегі сызбасын салу үшін масштабты қалай таңдау керек?



# TECT 5

тап.

## Өзінді тексеріп көр!

	•			$^{2}$ см және $BC = 8$ см
	болатындай етіг	п бөлген. $\frac{AC}{AB}$	қатынасты	тап.
	A) $\frac{2}{3}$ ;	B) $\frac{3}{2}$ ;	D) 2;	E) $\frac{1}{2}$ .
	Қатынастарды: болады?	ң қайсысы (	6 км-ның 80	00 м-ге қатынасы
	A) 400 : 3;	B) 3 : 400;	D) 2 : 15;	E) 15 : 2.
3.	Қайсы қатынас	тар пропорци	иялар құрайді	ы?
	1) 26:5,2 және	e 39:7,8;	3) 10,5	: 3 және 31,5:9;
	2) 7,5:2,5 жән	e 2,5:1,5;	4) 1:2	және 1,6:3,5.
	A) 1; 3;	B) 1; 2;	D) 3; 4;	E) 2; 4.
4.	Пропорцияның	белгісіз мүш	лесін тап: 22	5: x = 45: 6.
	A) 2,5;	B) 6;	D) 3;	E) 4,5.
	•			н барады. Сондай ше километр жол
	А) 9,4 км;	В) 8,6 км;	D) 10 Ki	м; Е) 11 км.
		қашықтықты	2 сағат 40 м	3 сағат 20 минут иинутта жүріп өтуі ?
	А) 96 км/сағат	•	D) 90 км/са	ағат.
	В) 85 км/сағат		Е) 100 км/с	сағат.
		-		80 км. Картаның расындағы қашық-
	A) 4,8 cm.	В) 24 см.	D) 96 см.	Е) 48 см.
				масштабты сызба-

A) 1,2 ra; B) 0,6 ra; D) 6 ra; E) 1 ra.

#### Тарихи мәліметтер

Пропорция латынша «proportio» сөзінен алынған болып, «мөлшерлес» дегенді білдіреді.

Ұлы грек ғалымы Евклидтің «Негіздер» еңбегінде пропорция теориясына кең орын берілген. Евклид a:b=c:d пропорциядан мына «туынды пропорцияларды» шығарған:

$$b: a = d: c; \quad a: c = b: d; \quad (a + b): b = (c + d): d;$$
  
 $(a - b): b = (c - d): d; \quad a: (a - d) = c: (c - d).$ 



**Әбу Райхан Беруни** (973—1048)

Ұлы ғалым, отандасымыз **Әбу Райхан Беруни** (973—1048) математика және басқа ғылымдарға қатысты көптеген еңбектер жазды. Оның қатынастарға қатысты еңбектерінің маңызы зор.

Берілген үш a, b, c сан бойынша a:b=c:x пропорциядан белгісіз сан x-ты табу ережесі «**үш мөлшер ережесі**» атымен белгілі. Бұл ереже Беруни еңбектерінің бірінде келтірілген. Ол 5, 7 және 15, 17 мөлшер үшін де осы сияқты ережелерді пайдалану жолдарын көрсеткен.

Беруни есептерінің бірін келтіреміз.

#### Әбу Райхан Беруни есебі.

Кірпіштің өлшемдері 5, 4, 3 ұзындық бірлігіне тең. Мұндай кірпіштің 30 данасының бағасы 60 дирхам. Өлшемдері 8, 6, 2 ұзындық бірлігіне тең 20 дана кірпіштің бағасы неше дирхам болады?

5	8
4	6
3	2
30	20
60	100

Шешуі. Ізделіп жатқан ақша *х* дирхам делік. Берілген мәліметтер кестеге былайша орналастырылады:

Сосын мына теңдеу жазылады:

$$\frac{60}{x} = \frac{30}{20} \cdot \frac{3}{2} \cdot \frac{4}{6} \cdot \frac{5}{8}$$
.

Бұл теңдеуден белгісіз x-ты табады:  $x = \frac{60 \cdot 20 \cdot 2 \cdot 6 \cdot 8}{30 \cdot 3 \cdot 4 \cdot 5}$ , бұдан x = 64 (дирхам).

Жауабы: 64 дирхам.

Есептің мұндай қарапайым және нәзік шешілуі Беруниге тән. Бұл шешім ғалымның «Үнді есептері туралы кітабында» берілген. Бұл есепті өзің шеш:

Ұзындығы 18 м, кендігі 0,8 м, биіктігі 2,1 м қабырғаға 16 800 дана кірпіш керек болды. 12 800 сондай кірпіштің ұзындығы 15 м, кендігі 0,6 м қабырға соғылса, биіктігі қанша болады? (1 метр).

## V тарау. Оң және теріс сандар. Бүтін сандар

81-83

## Оң және теріс сандар. Бүтін сандар туралы ұғым

64

40

30

20

10

0

10

20

30

20

10

0


10


20

Ауаның температурасын өлшейтін аспап — термометрді көргенсің, оның құрылысын білесің (64-сурет).

- Санақ басы ретінде не алынған?
- Жазылған басқа сандар нені білдіреді?
- Термометр қандай температураны көрсетіп тұр?
  - Неге кейбір сандар екі рет жазылған?

Температураны өлшегенде санақ басы ретінде судың мұздау температурасы қабылданған. Сондықтан «3 градус жылы», «5 градус суық» сөз тіркестерінің орнына сәйкесінше, «нөлден 3 градус жоғары», «нөлден 5 градус төмен» сөз тіркесі немесе + 3° C, -5° С жазулары қолданылуы мүмкін.





**Мысал.** +4; -4; +9; -2 сандарын оқы. Олардың қайсысы оң, қайсысы теріс.

Оң және теріс сандар тек температураны өлшеуде ғана емес, географиялық биіктіктерді теңіз деңгейімен салыстырғанда, экономикалық есептерде кездеседі.

Натурал сандар ( 1, 2, 3, ...), оған қарама-қарсы сандар (-1; -2; -3; ...) және нөл (0) *бүтін сандар* деп аталады. ..., -3, -2, -1, 0, 1, 2, 3, ... сандар қатары бүтін сандар қатары дейіледі.

Бүтін сандар қатарында 0 санынан оң жақта орналасқан 1, 2, 3, ... сандар *натурал* немесе *бүтін оң сандар* деп аталады.

Бүтін сандар қатарында 0 санынан сол жақта орналасқан –1, –2, –3, ... сандар *бүтін теріс сандар* делінеді.

Бутін сандар қатары (жинағы, кешені) Z әрпімен белгіленеді:

$$Z = \{..., -1, 0, 1, ...\}.$$

0 саны натурал (бүтін оң) сандарды бүтін теріс сандардан ажыратып тұрады.

- 677. 1) Қандай сандар бүтін сандар деп аталады?
  - 2) Бүтін сандар қатары дегенде нені түсінесің?
- ? 3) Бүтін оң және теріс сандар деп неге айтылады?
- **678.** «+», және «–» таңбаларын қолданып мәтінде кездесетін сандарды жаз:
  - 1) Өзбекстанда қыс аздап суық, ал жаз ыстық және ұзақ болады. Ең суық ай январьдың орташа температурасы Үстіртте 9° суық, Қызылқұм шөлінің оңтүстік бөлігінде 0°, Өзбекстанның шеткі оңтүстіктігінде 2°—3° суық. Тауларда ауаның температурасы, негізінен жердің теңіз деңгейінен биіктігіне байланысты. Жаз айларында жазықтықта ауаның температурасы кем өзгереді: июль айының (ең ыстық ай) орташа температурасы Үстіртте нөлден 26°—27° жоғары, Термізде 30° ыстыққа дейін өзгереді. Тауларда әр 100 м жоғары көтерілген сайын температура орташа 0,65—0,70° -қа төмендей береді.

Өзбекстанның ең солтүстік бөлігінде орташа ең төмен температура 30° суықты көрсетеді. Кейбір жылдары температура нөлден 40° суыққа дейін төмендеген. Терміздің маңында 20° суықтан төмен температура болмаған. Бұл жерде көбіне кыс жылы болады.

- 2) Қызылқұмдағы Мыңбұлақ ойпаты Өзбекстандағы ең төмен нүкте (теңіз деңгейінен 12 м төмен).
- 3) Гисар тізбегіндегі нүкте (теңіз деңгейінен 4688 м жоғары) Өзбекстанның ең биік нүктесі.
- **679.** Күндіз ауаның температурасы +220 С болды. Түнде температура 10° С төмендеп, таңертең 7°С-қа көтерілді. Таңертең ауа температурасы қандай болды?
- **680.** Өзбекстандағы ең биік нүкте теңіз деңгейінен 4688 м биік (Гисар тізбегі, Сұрхандария облысы), ең төмен нүкте теңіз деңгейінен 12 м төмен (Мыңбұлақ ойпаты). Ең төмен және ең биік нүктелер арасындағы айырмашылық канша?

681. Кәсіпкер 4 көйлек сатып алды, кейін оларды сатты. Әр көйлектен ол қандай табыс алды немесе зиян көрді? Төмендегі кестелерді дәптеріне көшіріп, тиісінше торкөзді толтыр. Он жақтағы кестеге «+» немесе «-» белгілерін қоюды ұмытпа.

	Сатып алу бағасы (сум)	Сату бағасы (сум)	Табыс (сум)	Зиян (сум)	Сатып алу бағасы	Сатып алу бағасы	Сауда нәти- жесі (сум)
1.	115 000	120 000			115 000	120 000	
2.	122 000	120 000			122 000	120 000	
3.	50 000	48 000			50 000	48 000	
4.	45 000	48 000			45 000	48 000	
Бар- лығы							

**682.** Кестедегі көп нүктенің орнына «+» немесе «-» танбаларынын дұрыс келетінін қойып, толтыр.

Қаланың аты	Теңіз деңгейінен биіктігі	Январь айындағы орташа температура, ° С-та орташа	Июнь-июль айын- дағы орташа тем- пература, ° С-та		
Марғылан	475 м =	4 °С суық =	25 °С ыстық=		
Наманган	450 м =	7 °С суық =	26 °С ыстық =		
Науаи	347 м =	6°С жылы =	28 °С ыстық =		
Жызақ	460 м =	1 °С суық =	32 °С ыстық=		
Самарқант	695 м =	10 °С жылы =	35 °С ыстық =		

683. Термометрдің суретін сыз. Температура көрсеткіштерін белгіле:

**684.** Автобуска бір аялдамада a адам шығып, одан b адам түсті. Автобустағы жолаушылар саны қаншаға өзгергенін жаз.

1) 
$$a = 5$$
,  $b = 3$ :

1) 
$$a = 5$$
,  $b = 3$ ; 2)  $a = 10$ ,  $b = 12$ ;

3) 
$$a = 7$$
,  $b = 1$ ;

4) a = 4, b = 9 мәндердегі жауаптың мағынасын түсіндір.

Кандай жағдайларда шешімі жоқ?

**685.** Көп нүктенің орнына сөйлемнің мағынасына сай сөздерді жаз:

Сөйлем	Оның мағынасы
Температура —7° С-қа өзгерді	Температура 7° С-қа
Жаңбырдан кейін өзеннің деңгейі +12 см-ге өзгерді	Жаңбырдан кейін өзеннің деңгейі 12 см-ге
Тауар — 5000 сум «пайдамен» сатылды.	Тауар 5000 сум сатылды
Табыс 0 сум болды	Тауар сатылғанда болмады.

- **686.** Тағай атайда a сум бар, Ол осы ақшадан b сумын коммуналдық төлемге жұмсады. Төлем төленгеннен кейін Тағай атайда қанша ақша қалды? Есепте, онда:
  - 1)  $a = 50\,000$ ,  $b = 36\,000$ ;
- 2)  $a = 25\,000$ ,  $b = 25\,000$ ;
- 3)  $a=40\ 000,\ b=60\ 000.$  Қандай жағдайда есептің шешімі болмайды. Жауабынды түсіндір.
- **687.** Бірнеше натурал санның қосындысы және көбейтіндісі 10-ға тең. Сол сандарды тап.
- 688. Өрнектің мәнін тап:

$$\left(1-\frac{1}{2}\right)\cdot\left(1-\frac{1}{3}\right)\cdot\left(1-\frac{1}{4}\right)\cdot\ldots\cdot\left(1-\frac{1}{99}\right)\cdot\left(1-\frac{1}{100}\right).$$

- 689. Оң, кемеюші және теріс сөздерінің қайсысы артықша?
- **690.** Тік төртбұыштың ауданы 33 см<sup>2</sup> -қа, ал периметрі 28 см-ге тең. Осы тік төртбұрыштың қабырғаларын тап.
- **691.** Саяхатшылыр тобындағы ерлердің әйелдер санына қатынасы 3 : 4. Төмендегілердің қай бірі топтағы саяхатшылардың санына тең бола алмайды?
  - A) 28
- B) 21
- D) 23
- E) 35.
- **692.** Күндізгі ауа температурасы +12° С болды. Түнде температура 15° С төмендеп, таңертең 6° С көтерілді. Таңертең ауа температурасы қанша болды?
- **693.** Термометрдің суретін салып, онда температураның көрсеткіштерін белгіле:



∘ +10 °C, +7 °C, +3 °C, 0 °C, −1 °C, −5 °C, −10 °C.

Оң санның алдына, әдетте, плюс таңбасы қойылмайды, бірақ теріс санның алдына минус таңбасы сөзсіз қойылады.

- **694**. -4; -7; 15; 0; -19; 11; -21; 3; -25; 25 сандарын оң және теріс сандарға бөліп жаз.
- 695. Зере қазір 18 жаста. 1) 10; 2) 8; 3) 7; 4) 11 жыл алдын ол неше жаста болған? Жауаптың мағынасын түсіндір.
- 696. Метроның «Әлішер Науаи» бекетінде вагондарға барлығы k адам шықты, n адам вагоннан түсті. Жолаушылар саны қаншаға өзгергенін жаз
  - 1) k = 70, n = 80: 2) k = 50, n = 40; 3) k = 65, n = 50:
  - 4) k = 72, n = 72 мәндердегі жауаптың мағынасын түсіндір.
- **697.** Көшенің температурасы –7° С, ал үйдің температурасы +26° С. Үйдегі температураның көшедегі температурадан неше градус айырмашылығы бар?
  - **698**. Қабира әженің a сум ақшасы бар, дүкенде ол сатып алмакшы болған зат b сум екен. Егер 1)  $a = 15\,000$ .  $b = 11\,000$ ; 2)  $a = 14\,000$ ,  $b = 14\,000$ ; 3)  $a = 15\,000$ ,  $b = 17\,000$  болса, Қабира әже заттарды қайсы жағдайда алады? Кандайда сатып ала алмайды? Егер затты жетпеген ақшаны кейін төлеу шартымен алса, ол қанша қарыз болады?
  - 699. Ауарайының көрсеткішін «+» және «-» таңбасын пайдаланып жаз:
    - 36° С ыстық
- 3) 17° C ыстық;
  - 5) 7° C суық;

- 2) 18° C суык;
- 4) 1° C суык;
- 6) 1° C жылы.

## 84-85


## Координаталық түзу. Оң және теріс сандарды сан осінде бейнелеу

Термометр шкаласы, әдетте тік орналасса да оның нөлден жоғары бөлігі координата осіне ұқсайды.

Термометрді горизонталь жағдайға қойсақ, ондағы оң сандар 0-ден оң жақта, ал теріс сандар 0-ден сол жақта орналасады.

Мұнда O нүктеден *оңдағы* бағытты *оң* бағыт, O нүктеден солдағы бағытты теріс бағыт деп қабылдаймыз. Горизонталь түзуде оң бағытты солдан оңға, вертикаль түзуде төменнен жоғарыға қарай көрсету қабылданған. Оң бағыт, әдетте стрелкамен (ось ұшы) көрсетіледі. Оған қарама-қарсы бағыт теріс бағыт делінеді.

Санақ басы — O нүкте координата осінде екі сәулеге бөледі. Нөлден оң жаққа кететін сәуле оң координата осі (оң жарты ось) деп аталады. Нөлден сол жаққа кететін сәуле теріс координата осі (теріс жарты ось) делінеді (65-сурет).




«Нөл» латынша «nullus» — «ештене» дегенді білдіреді.

Сосын бірлік кесінді тандаймыз. *О* нүктеден бастап координата түзу сызығына әр екі бағыт бойынша бірлік кесінді қойып шығамыз: санақ басынан ондағы бөліну нүктелеріне 1, 2, 3, ... оң (натурал) сандарды, ал солдағы бөліну нүктелеріне –1, –2, –3, ... теріс сандарды қоямыз.

Түзу сызық онда таңдалған санақ басы, бағыт және бірлік кесіндімен бірге координата түзу сызығы дейіледі.

O нүктеге нөл саны тура келгендіктен O нүктенің координатасы нөлге тең нүкте дейміз және O (0) деп жазамыз. 66-суретте A нүктеге 3 саны, B нүктеге -4 саны тура келеді, яғни 3 саны A нүктенің, -4 саны B нүктенің координаталары. Оны қысқаша A(3), B(-4) сияқты жазамыз.



Координата осінде нүктенің координатасы деп сол нүктеге тура келетін санды айтады.

Нүктенің координатасы сол нүктенің координата басынан неше бірлік қашықтықта орналасқанын білдіреді.

**1-есеп.** Координата осінде 5 санына сәйкес нүктені белгіле.

Бұл есепті координата осінде координатасы 5-ке тең болған нүктені тап, деп те айтуға болады.

Ш е ш у і. Берілген сан 5 оң болғандықтан, санақ басы O нүктеден бастап бірлік кесіндіні оңға 5 рет қойып шығамыз (67-сурет). Мұнда бірлік кесіндінің оң ұшына сәйкес келген нүкте табу керек болған нүкте болады.






**2-е с е п**. Координата осінде координатасы -3-ке тең болған нүктені тап.

Ш е ш у і. Берілген сан -3 теріс болғандықтан, санақ басы O нүктеден бастап бірлік кесіндіні солға 3 рет қойып шығамыз. Мұнда бірлік кесіндінің сол ұшына сәйкес келетін нүкте табу керек болған нүкте болады.

- 700. 1) Координата түзу сызығы дегенде нені түсінесің?
- 2) Координата осі горизонталь, вертикаль болса, оң сандар қай жерде орналасады? Теріс сандар ше? Сызбада көрсет.
  - 3) Нүктенің координатасы деген не? Мысалдармен түсіндір.
- **701.** 69-суретте бейнеленген A, B, C, D және E нүктелердің координаталарын жаз.




- **702.** Координата осінде A(-4)нүктені белгіле. A нүктеден: 1) онда 3 бірлік қашықтықта жататын B нүктені; 2) солда 2 бірлік қашықтықта жататын C нүктені белгіле. B және C нүктелердің координатасы неге тең?
- **703.** Координата осінде 3; -2; -5; 1 және -6 сандарына тура келетін нүктелерді A, B, C, D және E әріптерімен белгіле.
- **704.** A(7) нүкте: 1) +2 бірлік; 2) -7 бірлік; 3) 0 бірлік; 4) 3,5 бірлік; 5) -2 бірлік қашықтыққа көшірілген болса, пайда болған нүктелерді тап.
- **705.** Сан осінде: 1) —2 және 2; 2) 3 және —3; 3) —4 және 4; 4) 1 және —1 сандарына тура келетін нүктелерді белгіле. Әр сан жұбына сай келетін нүктелер санақ басына қатысты қалай орналасқан?

9 — Математика, 6

- 706. Координата осінде координатасы төмендегі санды өрнек мәндеріне тең нүктелерді белгіле:
  - 1)  $6\frac{3}{4} 3,75$ ; 3)  $0 \cdot 1\frac{2}{7}$ ; 5)  $-\left(7\frac{1}{3} \cdot \frac{3}{22}\right)$ ; 7)  $6\frac{2}{3} : \frac{5}{6}$ ; 2)  $2\frac{4}{7} \cdot 2\frac{1}{3}$ ; 4)  $-\left(5\frac{1}{4} : \frac{3}{4}\right)$ ; 6) -(9:1,8); 8) 2,2:1,1.
- **707.** *О* нүктеден: 1) 2 см 5 мм солдағы *А* нуктені; 2) 3 см оңдағы B нүктені; 3) 4 см солдағы *C* нүктені; 4) 5 см 5 мм ондағы D нүктені белгіле және олардың координаталарын жаз.
- **(70)** -0+00 + 0a) b)
- 708. Координата осінде: 1) 3 санынан онда; 2) -5 санынан онда; 3) -2 санынан солда; 4) 0-ден солда орналасқан 3 нуктені белгіле және олардың координатасын жаз.
- **709.** Координата осіндегі (70-сурет) b сан он ба, теріс пе?
- **710.** A нукте санақ басы O нуктеден 4 см онда, B нукте 5 см солда. C және D нүктелер O нүктеге қарағанда қай жерде орналасқан (71-сурет):




**711.** 72-суреттегі A, B, C, D және E нүктелердің координаталарын жаз.




- 712. Координата осінде –3 санынан теңдей қашықтаған екі нуктені белгіле, олардың координаталарын жаз. Тағы осындай 3 жүп сан жаз.
- **713.** Координаталар осінде A(2), ... нүктелерді белгіле. Мәліметтерді кестеден ал:

Нүкте	A	В	С	D	Ε	F	P	Q
Координатасы	2	-3	4	-2	1	3	-5	5

- **714.** 1 2 3 4 ... 85 86 көбейтінді неше нөлмен аяқталады?
- **715.** Тендеуді шеш:  $8\frac{2}{15} \left(x + 3\frac{5}{14}\right)$ :  $5\frac{5}{8} = 7\frac{1}{3}$ .
- **716.** Сан осінде *a* саны берілген (73-сурет). Ол сан оң ба, теріс пе?



- **717.** A(1) нүкте: 1) +1 бірлік; 2) +2 бірлік; 3) -2 бірлік; 4) -1 бірлік; 5) -3 қашықтыққа көшірілген болса, пайда болған нүктенің координаталарын тап.
- **718.** Сан осінде: 1) 2 санынан онда; 2) —1 санынан онда; 3) —3,5 санынан солда; 4) 0,5 санынан солда орналасқан 3 нуктені белгіле және олардың координатасын жаз.
- **719.** 74-суреттегі K, L, M, N, E және F нүктелердің координаталарын жаз.



**720.** Координата осінде K (1,5), ... нүктелерді белгіле. Мәліметтерді кестеден ал.

Нүкте	K	L	M	N	E	F	P	Q
Координатасы	1,5	-1	2	-2	3	-4	4	-3

721. Мұз 0° С-да ериді. Су +100° С-да, спирт +78° С-да, сұйық азот -196° С-да, сұйық сутегі -260° С-да, сынап +39° С-да қайнайды. Оттегі -219° С-да мұздайды. 20° С-ға 1 торкөзді сәйкес қой және мәліметтерді вертикаль осте белгіле.




#### Мына есептерді шығара аласың ба?

Бір метр квадраттағы квадрат миллиметрлердің барлығын бір-біріне тығыз етіп орналастырған лента қандай ұзындықта болады?

## 86-88 Қарама-қарсы сандар. Санның модулі

- 1. Қарама-қарсы сандар. Координата осінде санақ басынан бірдей ұзақтағы екі нүктені алайық (75-сурет). A нүктенің координатасы 4, B нүктенің координатасы —4 делік: A(4), B(-4). A нүкте санақ басынан 4 бірлік онда, B нүкте санақ басынан 4 бірлік солда тұр.
- 4 және —4 сандары бір-бірінен тек қана таңбасымен ерекшеленеді.



Бір-бірінен тек қана таңбасымен ерекшеленетін сандар қарама-қарсы сандар делінеді.

Демек, A және B нүктелерге сәйкес келетін 4 және -4 сандары қарама-қарсы сандар. Дәл солай -3 және 3; -2 және 2; -1 және 1, т.с.с сандар да қарама-қарсы сандар.

Қарама-қарсы сандар координата осінде санақ басынан бірдей қашықтықта жатады.

Кез келген санның алдына "-" таңбасы қойылса, сол санға қарама-қарсы сан пайда болады.

Мысалы, 2-ге қарама-қарсы сан -2 және керісінше -2-ге қарама-қарсы сан 2; -7-ге қарама-қарсы сан -(-7) = 7, керісінше 7-ге қарама-қарсы сан -7 болады.

Жалпы, k санға қарама-қарсы сан -k, яғни

$$-(-k) = k$$

формула орынды.

Жоғарыдағы пікірлерден қарама-қарсы сандардың мына қасиеттері шығады.

1-қ а с и е т. Координата осінде әрқандай санға қарамақарсы болатын тек бір ғана сан бар.

2-қ а с и е т. Оң санға қарама-қарсы сан теріс сан, ал теріс санға қарама-қарсы сан оң сан болады.

3-қ а с и е т. 0 саны өзіне-өзі қарама-қарсы сан:


$$0 = -0 = +0.$$

#### 2. Санның модулі.

**Санның модулі** — координата осінде санақ басынан сол санға сәйкес келетін нүктеге дейінгі қашықтық.

76-суретте A нүктенің координатасы 4-ке тең, бұл нүкте санақ басынан 4 бірлік оңда. OA нүкте кесіндінің ұзындығы, яғни санақ басы O нүктеден 4 санына сәйкес келетін A нүктеге дейінгі қашықтық та 4-ке тең: OA = 4. Демек, қасиет бойынша 4 санының модулі 4.


Сол суреттегі B нүктенің координатасы -3-ке тең, ол санақ басынан 3 бірлік солда тұр. OB кесіндінің ұзындығы, яғни санақ басы O нүктеден -3 санына сәйкес келетін B нүктеге дейінгі қашықтық та 3-ке тең. OB = 3. Демек, қасиет бойынша -3 санның модулі 3-ке тең.



Санның модулі санның абсолют мәні деп те аталады. a санның модулі |a| сияқты белгіленеді және «a-ның модулі» деп оқылады. Санның модулі теріс емес, яғни  $|a| \ge 0$ .

- |5| бұл 5 координаталы нүктеден O нүктеге дейінгі қашықтық;
- $|\,0\,|\,$  бұл  $\,0\,$  координаталы нүктеден  $\,O\,$  нүктеге дейінгі кашықтық;
- |-4| бұл —4 координаталы нүктеден O нүктеге дейінгі қашықтық. Жалпы, |a-b| сан координата осінде A(a) нүктеден B(b) нүктеге дейінгі қашықтықты білдіреді(77-сурет).

Мысалы, |5-(-4)| = |5+4| = |9| = 9 — бұл 5 және —4 нүктелер арасындағы қашықтық.



Оң санның модулі сол санның өзіне тең: |a| = a, мұнда a > 0.

Мәселен: 
$$|5| = 5$$
;  $|7| = 7$ ;  $|100| = 100$ ;  $|0,1| = 0,1$ ;  $\left|\frac{3}{4}\right| = \frac{3}{4}$ .

Теріс санның модулі оған қарама-қарсы санға тең: |a| = -a, мұнда a < 0.

Мәселен: 
$$|-8| = -(-8) = 8$$
;  $|-15| = -(-15) = 15$  немесе қысқаша:  $|-10| = 10$ ;  $|-7| = 7$ .

Қарама-қарсы сандардың модульдері өзара тең болады: |a| = |-a|.

Мәселен: 
$$|-6| = |+6| = 6$$
;  $|-1| = |+1| = 1$ .

0 санының модулі 0-ге тең: |0| = 0.

**1-м ы с а л.** |x| = 4 тендеуді шеш.

Ш е ш у і. Сан модулінің геометриялық мағынасын пайдаланамыз. x = 4 және x = -4 нүктелер үшін санақ басынан оларға дейінгі қашықтықтар тең.


Ж а у а б ы: 4 және -4.

**2-м ы с а л.** |x-2|=0 тендеуді шеш.

Ш е ш у і. Сан модулінің геометриялық мағынасына сай, 2 санына дейінгі қашықтық 0-ге тең болған нүктелерді табамыз (78-сурет). Ол үшін теңдеуді былай жазып аламыз:

$$|x-2| = 0 \Leftrightarrow x-2 = 0 \Leftrightarrow x = 2.$$


Ж а у а б ы: x = 2.





Санның модулі — оны сипаттайтын маңызды ұғым. Геометриялық тұрғыдан, кесіндінің ұзындығы оның соңының арасындағы қашықтық деп те аталады.

- 722. 1) Қандай сандар қарама-қарсы сандар деп аталады. Қарама-қарсы сандар координата осінде қалай орналасады?
- ?
- 2) Координата осінде берілген санға қарама-қарсы сан нешеу?
- 3) Нөл санына қарама-қарсы сан нешеге тең?
- 4) Санның модулі деп нені айтады?
- 5) Оң санның модулі қандай сан? Теріс санның модулі ше? 0 санының модулі нешеге тең?
- 6) Санның модулі теріс сан болуы мүмкін бе?



- **723.** 79-суретте —5 және *а* сандары қарама-қарсы санадр. *а* нешеге тең? Оны пайдаланып, осы сан осінде 0; 2; —2; 3; —3 нуктелерді белгіле. Суретті дәптеріне сызып ал.
- **724.** Кестені толтыр:

Берілген сан	Қарама-қарсы сан	Берілген сан	Қарама-қарсы сан
-4	-(-4) = 4	-5	
+16	-(+16) = -16	-25	
+1 991		-2 018	

- **725.** (*Ауызша*.) 1) 7 және -7; 2) +5 және 5; 3) -8 және 8; 4) 6 және -6 қарама-қарсы сандар ма?
- 726. Өрнектің мәніне : а) қарама-қарсы; b) теріс санды тап:
  - 1)  $1.5 \cdot 4.8 + 1.5 \cdot 5.2$ ;
- 3)  $3,2 \cdot 3,5 + 3,5 \cdot 6,8;$
- 2)  $5,2 \cdot 9,8 3,8 \cdot 5,2;$
- 4)  $16,4 \cdot 15,3 16,4 \cdot 5,3$ .
- 727. Координата осінде: 1) –3; 2) –7; 3) 6; 4) –4 сандар және оған қарама-қарсы сандарды белгіле. Н ұ с қ а у. 2 торкөзді бірлік кесінді деп ал.
- **728.** Координата осін пайдаланып, қос теңсіздіктің бүтін шешімдерін тап:
  - 1) 12.8 < x < 19.1; | 2) -3.2 < x < 4.7; | 3) -9 < x < -2.


- 729. 1) Сан осіндегі –12 және 12 сандары арасында неше бутін сан бар?
  - 2) Сан осіндегі -a және a бүтін сандар арасында неше бүтін сан орналасқан? (a — натурал сан.)
- 730. Теңдік дұрыс болуы үшін жақша ішіне қандай сан жазу керек:
  - 1) -(...) = -76; 2) -(...) = 24; 3) -(...) = -9?
- 731. х-тің тендік орынды болатын мәнін тап:
- 1) -x = -3: 2) -x = 5: 3) -x = -(+7): 4) -(-x) = 2.
- 732. Төмендегі пікірлердің қайсысы дұрыс екенін анықта:
  - 1) Ешбір сан өзінің қарама-қарсысына тең емес.
  - 2) Егер a = -b болса, онда b = -a болады.
  - 3) Егер a = -b және b = c болса, онда a = c болады.
- 733. Төмендегі сандардың модульдерін тап және жауабын теңдік түрінде жазып барша пайда болған нәтижені оқы:
  - 1) -6: 44: -150: 75: -78:
- 2) -52: 39: -45: -13: 21.
- **734.** Координата осінде санақ басы О нүктеден: A(6); B(-7); C(-2); D(-4); E(-3) нүктеге дейінгі қашықтықты тап.
- **735.** Егер a = -3; 10; -73; 55; -6 болса -a және |a|-ны тап.
- 736. Есепте:

  - 1)  $|-15| + |-20| |-3| \cdot |-5|$ ; 2) |-32| + |-32| : |-8| |-4|.
- 737. Модульдері тең, бірақ өздері тең емес 4 сан жаз.
- **738.** 4|a|-|b|+|a| өрнектің мәнін тап, онда

  - 1) a = -24 және b = -14; 3) a = -7 және b = -20.
  - 2) a = -32 және b = -45; 4) a = -5 және b = -15.


Тендеуді шеш (739—740):

- **739.** 1) |x-8|=0; | 2) |-x|=9; | 3) |x|-4=0; | 4) |-x|=-16.
- **740.** 1) -x = 3; 2) -x = -3; 3) -18 = -x; 4) -18 = x.
- 741. Сандардың орналасуындағы зандылықты анықтап, түсіп қалған сандарды тап (80-сурет).




- 742. Бүтін санның модулі әрдайым натурал сан бола ма? Тек бір сан үшін бұл пікір орынды емес. Ол қай сан? Неге қалған бүтін сандар үшін бұл пікір орынды екенін түсіндір.
- **743.** Сан осінде (81-сурет) a және b сандарына сәйкес нуктелерді белгіле.






- 1) Берілген сандардан қайсысы үлкен екенін айтуға бола ма?
- 2) Қайсы санның модулі үлкен екенін айту мүмкін бе?
- **744.** Сан осінде a және c қарама-қарсы сандар (81-сурет). Берілген a, b және c сандардың қайсысы ең үлкен модульге, қайсысы ең кіші модульге ие екенін айту мүмкін бе? Жауабынды негіздеп бер.
- **745.** *a*-ның қандай мәнінде: 1) |a| = a; 2) |a| = -a теңдік орынды болады?
- 746. Бос орындарға сәйкес сандарды қой (83-сурет):



- **747.** Үлкені: 1) 8-ге; 2) –5-ке; 3) 0-ге; 4) 3-ке тең болған қатарынан келетін төрт бүтін санды жаз.
- **748.** Ecente:  $\left(2\frac{1}{2}-1\frac{3}{8}\right)\cdot\left(3\frac{1}{2}-\frac{3}{6}\right)\cdot 1\frac{1}{3}$ .
- A) 4; B) 8; D)  $4\frac{1}{2}$ ; E) 3.
- **749.** A, B, C, D, E, F, P және Q нүктелердің координаталарын жаз (84-сурет):



- 750. Теңдіктердің қай бірі дұрыс:

- 1) -(-7) = 7; 3) +9 = -(+9); 5) -8 = -(+8); 2) -(+9) = -9; 4) -(+11) = -11; 6) -(-32) = 32?

**751.** -18; 15; -21; 25; -33; -3; 9; -13 сандарының модулін өсу тәртібімен жаз.

752. Кестені толтыр:

а	-4		-7		-6		28		67	
- <i>a</i>		0,8		-24		-13		-180		19

- 753. Сандардың модулін тап, жауабын теңдік түрінде жаз:
  - 1) -52; 43; -35; -100; -65; 2) -9; 7; -4; -5; -6.

- **754.** Есепте:
  - 1) |-6|+|19|; 2) |19|-|-81|; 3) |-7|+|-8|.

- 755. Тенлікті шеш:

- 1) |x| = 0; 2) |x 3| = 0; 3) |x + 2| = 0; 4) |-x| = -1.

# 89 - 90

#### Сандарды салыстыру. Шамалардын өзгеруі

1. Сандарды салыстыру. Теріс сандарды бір-бірімен, теріс сандарды оң сандармен, нөлді теріс сандармен қалай салыстыруды үйренеміз.

Екі санның сан осінде онда тұрғаны үлкен, солда тұрғаны кіші болады.

Екі бүтін санның бүтін сандар қатарында оңда тұрғаны үлкен, солда тұрғаны кіші болады.

Мәселен, 2 > 1, 1 > 0, 0 > -1, -1 > -2, -3 > -6 болады, себебі

Бутін сандар қатарында 2 саны 1-ден, 1 саны 0 санынан, 0 саны (-1) санынан, (-1) саны (-2) санынан, (-3) саны (-6) санынан онда тұрады (84-суретке қара).

k сан n-нен үлкен болса, ол k > n немесе n < k сияқты жазылатынын білесің.

Бүтін сандарды салыстырудың жоғарыдағы ережесінен мынадай қорытындыларға келеміз:

- 1) кез келген оң сан а) 0-ден; ә) теріс саннан үлкен;
- 2) кез келген теріс сан 0-ден кіші немесе 0 саны кез келген теріс саннан үлкен.


Сан осінде екі теріс санның модулі үлкені сол жақта тұрады. Мәселен, |-13| < |-15| болғандықтан -13 > -15.

a санның оң екені сияқты, a>0 теріс екені сияқты a<0 теріс емес екені, (0-ден үлкен немесе 0-ге тең екені)  $a\geq 0$  сияқты жазылалы.

2. Шамалардың өзгеруі. Шамалар өзгеру қасиетіне ие: адам денесінің температурасы; адамның массасы, бойы; машинаның жылдамдығы; өзеннің деңгейі; өнімділік; жылдық жауын-шашын мөлшері, т.б. Таңертең ауаның температурасы 10° С, бесінде 18° С, кешке қарай 5° С болған делік. Күннің: бірінші жартысында 8°-қа артты, екінші жартысында 13°-қа төмендеді. Температураның артуын оң санмен, кемуін теріс санмен өрнектейміз. Демек, күннің жартысында таңертеңгіге қарағанда өзгеруі +8° С болған; күннің екінші жартысындағы өзгеруі –13° С болған.

Координата осі бойынша нүкте оңға немесе солға жылжуы мүмкін. Нүктенің оңға жылжуы оң санмен, солға жылжуы теріс санмен белгіленеді.

**Мысал.** A(1) нүкте оңға 2 бірлік жылжыса, оның координатасы 1+2=3 болады. A(1) нүкте координата осінде B(3) нүктеге өтеді. Егер A(1) нүкте 3 бірлік солға жылжыса, оның координатасы -2 болады, яғни A(1) нүкте енді C(-2) нүктеге өтеді (85-сурет).



Кез келген шаманың артуын оң санмен, кемуін теріс санмен өрнектеу мүмкін.

756. 1) Бүтін сандарды қалай салыстырамыз?



- 2) Теріс сандарды қалай салыстырамыз?
- 3) Қандай сандар 0-ден үлкен? Қандай сандар 0-ден кіші?
- 4) Шамалардың өзгеруіне мысалдар келтір.
- 5) Табиғатта, жанұяда болатын және мектебіңнің өмірімен байланысты қандай шамалар өзгеріп тұрады?

- **757.** (*Ауызша*.) егер: 1) *а* саны 3-тен улкен болса, әрине *а* оң; 2) b саны 3-тен кіші болса, әрине b теріс; 3) c саны — 1-ден кіші болса, әрине d теріс болуы шарт па? Жауабынды негіздеп бер.
- 758. Төмендегі сандарды: а) өсу; ә) кему тәртібімен орналастыр:
  - 1) -8; 6; -9; 0; 7; -11:
- 2) -3; 8; 0; -2; 1,2; 5.
- **759.** 1) 3-тен кіші және 6-дан үлкен; 2) 0-ден кіші және -4-тен де кіші болған бүтін сандар бар ма?
- **760.** 1) –1-ден кіші және 0-ден үлкен сандар бола ма? 2) 0-ден кіші және 0-ден үлкен сандар бола ма? Сызбаны пайдалан.
- 761. Осы сандар қатар келген қайсы бүтін сандар арасында орналасқан? Жауапты қос теңсіздік түрінде жаз:
  - 1) 0; 2) -32; 3) 1 991; 4) -20; 5) 20; 6) -2017.

- 762. Сандарды салыстырып, олардың арасына теңсіздік белгісін
- 1) -1 және 0; | 2) -6 және 1; | 3) -3 және -5; | 4) 500 және -500.
- 763. Координата осінде екі нүктенің қайсысы сол жақта орналаскан?
- 1) A(-4) және B(0); 2) C(22) және D(11); 3) E(-6) және F(-1)?
- 764. Өрнектердің мәнін салыстыр:
- 1) |-43| + |-4| where |43| |-4|; 2) |-54| + |15| where |-54| |-15|.
- 765. Сан осін пайдаланып, қос теңсіздіктің бүтін шешімдерін тап:
  - 1)  $-1 \le x \le 2$ ; 2)  $-8 < x \le 5$ ; 3)  $-4 \le x < 3$ .
- 766. Қос теңсіздік орынды болатындай көп нүктенің орнына сәйкес санды кой:
  - 1)  $-1 < \dots < 2$ ;
- 2) -4 < ... < -1;
  - 3) -5 < ... < 1.
- 767. Жұлдызшаның орнына теңсіздік дұрыс болатындай цифрды жаз:

  - 1) -302 < -3\*2; 2) -4.7\*8 > -4.718: 3) -3\*6 < -356.
- 768. Жұлдызшаның орнына цифрлар қоймай тұрып, сандардың арасына сәйкес теңсіздік белгісін қой:
  - 1) -4 4\*\* ... -47\*\*; 2) -\* 42 ... -\*\*1\*; 3) -\*\*\* ... 0.

- **769.** Координата осінде A(3) нүктені белгіле. Егер A нүкте: 1) –5-ке; 2) +4-ке; 3) –6-ға; 4) +2,5-ға жылжытылса, ол өтетін нүктені белгіле және координатасын жаз. Бірлік кесінді 2 торкөз.
- **770.** Ең кіші: 1) екі таңбалы; 2) үш таңбалы; 3) төрт таңбалы; 4) бес таңбалы бүтін санды жаз.
- **771.** Автмобиль *s* км жолды жүруі үшін жұмсайтын 1 литр бензиннің мөлшері кестеде берілген:

<i>l</i> (литр)	1	2	4	5,5	6	10	12	15	18
s (литр)	10	20	40	55	60	100	120	150	180


l және s шамалар арасында қандай байланыс бар? s:l катынасты тап.

**772.** Қабырғасының ұзындығы a см квадраттың ауданы  $S=a^2$  екенін білесің. a шама өзгерсе, сәйкесінше S да a да өзгереді. Кестені толтыр:

<i>a</i> (cm)	1	2	2,5	3	3,5	4	5	7	10
$S = a^2 (cm^2)$	1	4							

a және S шамалар тура (кері) пропорционал ма?

- 773. Сөйлемнің мағынасын түсіндір:
  - 1) өзенде судың деңгейі: +8 см; +10 см; -5 см; -12 см-ге өзгереді;
  - 2) табыс: +50 000 сум; 0 сум; -3 600 сум болды;
  - 3) тауар: 20 000 сум; -12 000 сум «пайдасына» сатылды.
- **774.** Ecente: 1)  $|-10| \cdot |-3| + |-4| \cdot |-5|$ ; 2)
  - 2)  $|-7| \cdot |-5| |-9| \cdot |-3|$ .
- **775.** K (2) нүкте қай бағытта және неше бірлік жылжытылса:
  - 1) L(-1);
- 2) M(5);
- 3) O(0);
- 4) N(-2) нүктеге өтеді?
- **776.** Ортадағы тік төртбұрыштағы санды қалған тік төртбұрыштағы сандарға бөл (86-сурет).
- 777. Теңсіздіктердің қай бірі дұрыс:
  - A) 0 < -12;
- D) -7 < -13;
- B) -29 > -30;
- E) -20 > 6?



- **778.** Төмендегі сандарды: а) өсу; ә) кему тәртімен орналастыр: 1) –4; 10; –5; 3; –7; –10; 2) –6; 6; 0; –11; 1,9; –1; 18.
- **779.** Мына сандар қатар келетін қайсы бүтін сандардың арасына орналасқан:
  - 1) 18; 2) -9,5; 3) -20,5; 4) -2 018; 5) 0,1?
- 780. Сан осінде екі нүктенің қайсы бірі солда орналасқан:
- 1) A(-3) және B(-1); 2) E(-1) және F(1); 3) C(1) және D(-2)?
- **781.** Сандарды салыстыр және олардың арасына теңсіздік белгісін қой:
  - 1) -4 және -1; 2) 0 және -2; 3) -4 және -6; 4) -2 және 1.
  - 782. Өрнектердің мәнін салыстыр:
  - 1) |-20|+|-1| және |20|-|-1|; 2) |-5|+|-2| және |-5|-|-2|.
- **783.** Сан осін пайдаланып, қос теңсіздіктің бүтін шешімдерін тап:
  - 1)  $-7 \le x \le 1$ ; 2)  $-2 < x \le 11$ ; 3)  $-10 \le x < 0$ .
- **784.** Координата осінде A(-2) нүктені белгіле. Егер A нүкте: 1) +2-ге; 2) -3-ке; 3) +4-ке жылжытылса, ол өтетін нүктені белгіле және оның координатасын жаз.
- **785.** L(-1) нүкте қайсы бағытта және неше бірлік жылжытқанда 1) N(1); 2) M(-5); 3) O(0); 4) F(-2) нүктеге өтеді?
- **786.** Кеше таңертең ауа температурасы –3 °C еді. Егер бір тәулікте ауа температурасы: 1) –7 °C-ға; 2) 5 °C-қа; 3) 1 °C-қа; 4) 0 °C-қа өзгерген болса, бүгін ауаның температурасы неше градус болған?
- **787.** –5; –14; –1; –2,1; 1; –43; –0,7; –0,09; –1,4; –0,001 сандарының арасынан ең кіші және ең үлкенін анықта.
- **788.**  $-14 < x \le 1$  теңсіздікті қанағаттандыратын бүтін сандарды кему тәртібімен жаз.

#### Біліп жүргенің пайдалы!



Қосу (+), азайту (-), көбейту (×) амалдарының таңбасын неміс математигі У.Оутред 1631 жылы; көбейту (·) және бөлу (:) таңбасын әйгілі неміс ғалымы Г. Летбниц 1698 және 1684 жылдарда енгізген. x санның модулі(|x|) белгісін неміс математигі К. Юейштрасс 1841 жылы енгізген.



#### Ағылшын тілін үйренеміз!

**оң сан** — positive number **теріс сан** — negative number **қарама-қарсы сандар** — opposite numbers

**бүтін сан** — integer **координата** — coordinate **санның модулі** — modulus of number

## TECT 6

### Өзінді сынап көр!

1. Өрнекке қар	ама-қарсы са	анды тап: (28 – 3,	5): $1, 4 + 7, 2 \cdot 2_{\frac{1}{1}}$	$\frac{1}{12}$ .
A) $-32,5$ ;	B) 17,5;	D) -15;	Е) жоқ.	
2. Координата	осінде $-3\frac{1}{7}$	және 1 сандар	арасындағы (	<b></b> 5 үтін

- сандарды тап. A) -3, -2, -1; D) -4, -3, -2;
  - A) -3, -2, -1; B) -3, -2, -1, 0; D) -4, -3, -2 E) 0; 1.
- **3.** Координата осінде  $-\frac{2}{3}$  сан қайсы бүтін сандар арасында тұр?
  - A) 0 және 1; D) –1 және 0;
  - В) -0,9 және 0; Е) -2 және -1.
- 4. Берілген –2,3 санның модулі неге тең?
- A) -2,3; B) 2,3; D) -13; E) 13.
- **5.** Өрнектің мәнін тап: |-81| + |-19| 50.
- A) 40; B) 150; D) -150; E) 50.
- **6.**4; –1; –4 және 1 сандарының қайсысы координата осінде басқаларына қарағанда оңда орналасқан?
- A) 4; B) -1: D) -4; E) 1.
- **7.** Өрнектің мәнін тап: |-2,8| + |-1,4| + |-3,6|.
- A) 5; B) -5; D) 1,4; E) 50.
- **8.** |x| = 3 тендік орынды болатын *x*-тің барша мәнін тап:
  - A) 3 va -3; B) -3; D) 3; E) ондай мәндер жоқ.

#### Тарихи мәліметтер

Теріс сандарды адамдар өте ертеден қолданып келеді. Теріс сандарды «қарыз», оң сандарды «малмүлік» мағынасында пайдаланған. Қытай ғалымы **Жань Сань** эрамыздан үш ғасыр бұрын жазған еңбектерінің бірінде «Қарыздың



Әли Құсшы (1402-1474)

устіне тағы қарыз қосылса, нәтижеде тағы қарыз шығады» деген. Теріс және оң сандарды бір-бірінен ажырату үшін оларды әртүрлі бояулармен жазған. Теріс сандарға қолданылатын амалдар ежелгі грек ғалымы Диофант, үнді ғалымы Брахмагупта (598—660) шығармаларында кездеседі. Біздің елде «оң сан» және «теріс сан» терминдерін Мырза Ұлықбектің шәкірті, Мырза Ұлықбек ғылыми мектебінің ірі өкілі, ұлы ғалым Әли Құсшы «Китаб ул-Мухаммадия» шығармасында келтірген. Әлі Құсшы былай деп жазады: «Мынаны білу керек, әрбір сан оң немесе теріс болуы мүмкін».

Әли Құсшы сандарды көбейтуге анықтама беріп, мына тендіктердің орынды болатынын көрсеткен:

$$(+a) \cdot (-b) = -ab;$$
  $(-a) \cdot (+b) = -ab;$   $(-a) \cdot (-b) = +ab.$ 

Қытай математиктері оң санды «жен» (шын), ал теріс «фу» (жалған) деп түсіндіреді. Үнді математиктері оң санды «мол», теріс санды «қарыз» деп түсіндірген. Орта азиялық математиктердің бірі **Абулвофо** (940—998) жұмыстарында теріс санды пайдаланған. Батыс Еуропада «оң» және «теріс» сандар XV ғасырдың соңында пизалық Леонардоның еңбегі арқылы белгілі болған. Леонарда да теріс санды «қарыз» (debitum) деп түсіндірген.

Теріс сандарды сан осінде нөлден сол жақта белгілеу голландиялық математик **А.Жирар** (1595—1632) және атақты француз ғалымы **Р.Декарт** (1596—1650) шығармаларында баяндалған.

# VI тарау. Оң және теріс сандарды қосу және азайту

## 93-94

## Координата осінің көмегімен сандарды қосу

Ауа температурасы таңертең  $18^{\circ}$  С еді делік. Бесінге барып, температура  $7^{\circ}$  С -қа **өзгерді**, яғни температура бұрынғысынан көтерілді де,  $18^{\circ}$  С +  $7^{\circ}$  С =  $25^{\circ}$  С болды. Бұл температура өзгергені мен бұрынғысының қосындысына тең. Кешке қарай температура  $-10^{\circ}$  С -қа өзгерді, яғни температура бесінге қарағанда кемейді де,  $15^{\circ}$  С -қа дейін төмендеді. Бұл температураны да бұрынғысы мен өзгергенінің қосындысына тең деп жаза аламыз:

$$25 \,^{\circ}\text{C} + (-10 \,^{\circ}\text{C}) = 15 \,^{\circ}\text{C}.$$


Жалпы, k санға n санды қосу k санды n бірлік **өзгерту** деген сөз.

Кез келген сан оған: оң сан қосылса артады, ал теріс сан қосылғанда кемиді.

1-мысал. -6 және 4 сандарының қосындысын тап.

Шешуі. Координата осінде A(-6) нүктені белгілейміз де, оны 4 бірлік оңға жылжытамыз. Сонда A(-6) нүкте B(-2) нүктеге өтеді (87-сурет).

Демек, 
$$(-6) + 4 = -2$$
.



**2-мысал.** —1 және –4 сандарының қосындысын тап.

Шешуі. Координата осінде A(-1) нүктені белгілейміз және оны солға 4 бірлік жылжытамыз. Сонда A(-1) нүкте B(-5) нүктеге өтеді (88-сурет).

Демек, 
$$(-1) + (-4) = -5$$
.



10 — Математика, 6

**3-мысал.** 2 және –2 сандарының қосындысын тап.

Шешуі. Координата осінде A(2) нүктені белгілейміз және онысолға 2 бірлік жылжытамыз. Сонда



A(2) нукте санақ басына, яғни O(0) нуктеге өтеді (89-сурет). Демек, 2 + (-2) = 0.

#### Карама-карсы сандар қосындысы нөлге тең: n + (-n) = 0.

4- мысал. —4 және 0 сандарының қосындысын тап.

Ш е ш v і . Координата осінде A(-4) нуктені белгілейміз, оны 0 санына өзгертеміз, 0 бірлікке жылжытамыз, яғни -4 санын өзгертпейміз, оны өз орнында, өзгеріссіз қалдырамыз.

Демек, (-4) + 0 = -4.

#### Санға нөлді қосу санды өзгертпейді: k + 0 = k.

- **789.** 1) k санға n санды қосу дегенде нені түсінесің?
  - 2) k санға оң n санды қосқанда k қалай өзгереді?
    - 3) k санға теріс n санды қосқанда k қалай өзгереді?
    - 4) k санға 0-ді қосқанда k өзгере ме?
    - 5) Қарама-қарсы сандар қосындысы неге тең?


Координата осімен сандар қосындысын тап (790–791):

- **790.** 1) –1 және 3; 2) 3 және –5; 3) –3 және 7; 4) 1 және –6.
- **791.** 1) 5 және 0; 2) 0 және -3; 3) 4 және -4; 4) -2 және 2.
- 792. Өрнектің мәнін тап:


  - 1) ((-8) + 8) + 3.2; 3) 0 + (4.5 + (-4.5));
  - 2) (-4,5) + ((-7) + 7); 4)  $((-2\frac{1}{3}) + 2\frac{1}{3}) + 0.$
- **793.** Координата осінде a және a + 1 сандар белгіленген (90-сурет):

Ochte: 1) a + 3; 2) a + (-2); 3) a + (-1); 4) a + (-2,5);

5)  $a + \left(-\frac{1}{2}\right)$ ; 6)  $a + 1\frac{1}{2}$  нүктелерді белгіле.




- **794.** Ауа температурасы  $-5^{\circ}$ С еді. Егер температура: 1)  $5^{\circ}$ С-қа; 2) -2°C-ка; 3) 6°C-ка; 4) -7°C-ка; 5) 0°C-ка өзгерсе, ауа температурасы неше градус болады? Сандарды қосуды координата осінің көмегімен орында.
- **795.** Координата осінде a және a-2 сандары берілген (91-cvpet).



- Сан осінде: 1) a + 2; 2) a + (-3); 3) a + (-1,5); 4)  $a + \left(-\frac{2}{3}\right)$ ;
- 5) (a-2) + 2.5; 6) (a-2) + (-1.5) нуктелерін белгіле.
- **796.** а) Вертикаль түзуде A (-4) нүктені белгіле. 1) (-4) +2; 2) (-4) + 5; 3) (-4) + (-1); 4) (-4) + 4 қосындыларға сәйкес келетін нүктелерді белгілеп, вертикаль түзуде нуктенің жылжу ережесін өрнекте.
  - ә) Жоғарыдағыға ұқсас тапсырма ойлап тап. Тапсырманың қалай орындалғанын тексер.
- **797.** Координата осінде A нуктеге a + 5, ал B нуктеге a + (-5)сан тура келеді. АВ кесіндінің ортасына қай сан тура келеді?
- **798.** Қайсы сандар:

  - 1) 0-санынан 3 бірлікке; 3) —5 санынан 5 бірлікке;
  - 2) —1 санынан 7 бірлікке; 4) —2 санынан 2 бірлікке алыстаған. Оларды координата осінде көрсет.
- **799.** Координата осінде C нуктеге a+7, ал D нуктеге a+(-1)саны тура келеді. СД кесіндінің ортасына қайсы сан тура келелі?
- **800.** 92-суреттегі A және B пішіндерді дәптеріңе сызып ал. Оларды төрт торкөзден түзілген 5 пішінге ажыратқанында олар оң жақтағы пішіндерді берсін.



- **801.** 1) -a; 2) -(-a) сан: a) оң; ə) теріс; б) нөл болуы мумкін бе?
- **802.** a оң сан, b теріс сан болсын. Мына теңсіздіктердің кайсысы дұрыс, қайсысы дұрыс емес? Неге?
  - 1) a < 0; 3) b < 0; 5) -a < b; 7) a < b; 9) a < -b;

- 2) -a < 0; 4) -b < 0; 6) -a > b; 8) a > b; 10) -b < a.

H y c K a p y . a және b орнына сәйкес сандарды қой.

- **803.** Қандай жағдайда –0,01; 0,001 және –0,101 сандары өсү тәртібімен орналастырылған?

  - A) -0,01; -0,101; 0,001; D) -0,101; -0,01; 0,001;
  - B) 0,001; -0,101; -0,01; E) 0,001; -0,01; -0,101.
- 804. Бөліндінің мәнін қысқа жолмен тап:

  - 1)  $(2 \cdot 3 \cdot 3 \cdot 7) : (2 \cdot 7);$  2)  $(2 \cdot 5 \cdot 5 \cdot 7 \cdot 13) : (5 \cdot 5 \cdot 13).$

Координата осімен сандар қосындысын тап (805-806):

- **805.** 1) -2 және 4; | 2) 4 және -5; | 3) -2 және -4; | 4)  $-1\frac{1}{3}$  және  $\frac{1}{3}$ .
- **806.** 1) 0 және 3; | 2) –2 және 2; | 3) 0 және –7; | 4)  $-\frac{2}{3}$  және  $\frac{2}{3}$ .
- 807. Аялдамада автобустан 8 адам тусті және 5 адам мінді. Автобустағы жолаушылар саны қаншаға өзгерді?
- 808. Өрнектің мәнін тап:
  - 1) ((-4) + 4) + 5.8;

- 2) (-3.7) + ((-6) + 6).
- **809.** 1) –28,5 және 28,5; 2) –100 және 100; 3) –99 және 199 сандары арасында неше бүтін сан бар?
- 810. Қандай жағдайда төмендегі теңсіздіктер орынды болады?
  - 1) -a + b = -a;
- 2) -a + (-b) = -b; 3) a b = a?
- **811.** 1) –5 және 5; 2)  $-\frac{2}{7}$  және  $\frac{2}{7}$ ; 3) –4,8 және 4,8 сандары қайсы саннан бірдей алыста орналасқан?
- **812.** Қайсы сандар:

  - 1) 0 санынан 1 бірлікке; 3) –2 санынан 5 бірлікке;
  - 2) 1 санынан 1 бірлікке; 4) –3 санынан 3 бірлікке
  - қашықтаған. Оларды координата өсінде көрсет.

#### 95-97

#### Теріс таңбалы сандарды қосу

**1-мысал.** Қосындыны тап:(-3) + (-5).


Шешуі. -3 < 0, |-5| = 5 екені белгілі.

..., 
$$-9$$
,  $-8$ ,  $-7$ ,  $-6$ ,  $-5$ ,  $-4$ ,  $-3$ ,  $-2$ ,  $-1$ ,  $0$ ,  $1$ ,  $2$ , ...

Бүтін сандар қатарында —4 санынан бастап **сол** жаққа қарап 5 санды санаймыз. Сонда санау (—8)-ге келіп тоқтайды. Демек,

$$(-3) + (-5) = -8.$$

Мұны сан осінде де көрсетуге болады (93-сурет). Сан осінде (-3) санына сәйкес ке-



летін нүктені белгілейміз. Бірлік кесіндіні осы нүктеден бастап **сол** жаққа — ось бағытына қарама-қарсы бағытқа 5 рет қоямыз, сонда —8 санына келеміз.



**2-мысал.** Ауа температурасы  $-7^{\circ}$  С еді, ол  $-3^{\circ}$  С-қа өзгерді, яғни температура төмендеді делік. Онда температура (-7) + (-3) градусқа тең болады. Координата осінің көмегімен сандарды қосу үшін A(-7) нүктені 3 бірлік солға жылжыту керек. Сонда B(-10) нүктеге келеміз. Демек, (-7) + (-3) = -10. Сонымен қатар 7 + 3 = 10 және |-7| = 7, |-3| = 3 екеніне мән бер.

Бұл мысалдардан мынадай қорытындыға келуге болады:


Теріс таңбалы екі санды қосу үшін:

1-қадам: олардың модульдерін қосу;


2-қадам: пайда болған санның алдына минус «—» таңбасын қою керек.

- 813. 1) Теріс сандарды қосу ережесін айт.
- 2) Теріс сандарды қосудың нәтижесі нөл бола ма? 3) Теріс сандарды қосуды координата осі; бүтін сандар қатарының көмегімен түсіндір.
- **814.** –3 саны –8 -ге өзгерді. Пайда болған сан санақ басынан қай жақта орналасады? Санақ басынан пайда болған санға дейін қашықтық нешеге тең? -3; -8 сандар қосындысы нешеге тен?
- 815. Қыс күндерінің бірінде түннің бірінші жартысында температура –8° С -қа өзгерді, ал екінші жартысында –6° С -қа өзгерді. Сол түнде температура неше градусқа өзгерген? **Косу** амалын орында (**816-818**):
- **816.** 1) -12 + (-8); 2) -21 + (-11); 3) -17 + (-13).
- **817.** 1) -1,7 + (-1,3); 2) -2,8 + (-3,2); 3) -8,4 + (-1,6).
- **818.** 1)  $-\frac{7}{8} + \left(-\frac{1}{8}\right)$ ; 2)  $-1\frac{4}{9} + \left(-2\frac{2}{3}\right)$ ; 3)  $-1\frac{2}{3} + \left(-2\frac{1}{3}\right)$ .
- 819. Дұрыс теңсіздік пайда болуы үшін жұлдызшаның (\*) орнына «>» немесе «<« белгілерінің қайсысын қою керек:
  - 1) -12 + (-15) \* -29; 2) -18 + (-17) \* -34?
- **820.** Erep: 1) a = -2.5 және b = -3.5; 2) a = 0.53 және b = -3.53; 3) a = 7,7 және b = 2,3 болса, -a + (-b) өрнектің мәнін тап.
- 821. Көп нүктенің орнына сондай сандарды таңда нәтижеде дұрыс теңдік пайда болсын:
  - 1) -5 + ... = -20; 2) -5 + ... = -3; 3) -5 + ... = 20;
    - 4) -5 + ... = 3.
- 822. Салыстыр және теңсіздік немесе теңдік белгісін қой:
- 1) (-14) + (-9) және -(14 + 9); 3) - ((-3,5) + 7) және 3,5 + 7;
- 2) (-180) + (-19) және -(180 + 20); 4  $-((-1\frac{4}{12}) 8)$  және  $4\frac{1}{2} 8$ . Өрнектің мәнін тап (823-825):
- **823.** 1)  $\left(-2\frac{3}{7} + \left(-7\frac{4}{7}\right)\right) + \left(-1\frac{4}{9} + \left(-3\frac{5}{9}\right)\right);$  3)  $\left(-5\frac{1}{3} + \left(-\frac{2}{3}\right)\right) + \left(-1\frac{3}{5}\right);$ 2)  $\left(-11\frac{1}{8} + \left(-3\frac{1}{4}\right)\right) + \left(-10\frac{7}{11} + \left(-4\frac{4}{11}\right)\right);$  4)  $\left(-2\frac{1}{3} + \left(-\frac{1}{6}\right)\right) + \left(-1\frac{1}{2}\right).$
- **824.** 1) (-8 + (-12)) + (-1 + (-9)); 2) (-38 + (-11)) + (-2 + (-29)).

- **825.** 1) (-2,375 + (-3,625)) + (-0,8 + (-3,2)); 3) -6,31 + (-1,19); 2) (-0,324 + (-0,48)) + (-0,3 + (-0,623)); 4) -2,62 + (-5,38).
- **826.** Төрт фигураның үш квадратқа орналасуындағы зандылықты анықта (94-сурет). Осы зандылықтың жалғасы ретінде төртінші квадраттағы бос торкөздерге фигураларды сәйкесінше орналастыр.



827. Маржан мен Мерей бірдей цифрлардан құралған бірер алты таңбалы санның барлық түрлі жай бөлгіштерінің қосындысын есептеді. Қосынды Маржанда 70. Мерейде 80. Олардың қайсысы қателескенін таба аласың ба? Қорытынды шығар.



- **828.** *А*-дан *B*-ға дейін қайсы жол қысқа (95-сурет)?
- **829.** Тендіктердің қайсысы дұрыс емес? A) -(-5) = 5; | B + (-5) = -5; | D (+5) = -5; | E + (-5) = 5.
- **830.** Дұрыс теңсіздікті көрсет: A) -5 > 2; | B) -20 < -40; | D) -48 < -36; | E) -12 > -13. Қосу амалын орында (831-833):
- **831.** 1) -54 + (-16); 2) -9 + (-31); 3) -55 + (-45). **832.** 1) -4,5 + (-3,5); 2) -1,5 + (-7,3); 3) -2,76 + (-1,24).
  - **833.** 1)  $-1\frac{3}{7} + \left(-3\frac{4}{7}\right)$ ; 2)  $-7\frac{1}{6} + \left(-2\frac{5}{6}\right)$ ; 3)  $-4\frac{3}{14} + \left(-1\frac{2}{7}\right)$ .

Өрнектің мәнін тап (834-835):

**835.** 1) 
- 977. Периодты ондық бөлшек көрінісінде өрнекте: 2) 2,565656...; 1) 0,333...; 3) 1,020202....
- 978. Шексіз ондық бөлшек көрінісінде жаз:
- 0,(12);1,(07); 0,(23);
- 979. Қосындыны есепте, нәтижені периодты бөлшек көрінісінде жаз:
  - 1)  $2\frac{4}{9} + \left(-1\frac{2}{3}\right);$  2)  $4\frac{5}{9} + \left(-3\frac{1}{3}\right);$  3)  $5\frac{1}{3} + \left(-1\frac{8}{9}\right).$

## Ағылшын тілін үйренеміз!

**рационал сандар** — rational numbers **санның дәрежесі** — power of a number

квадрат түбір — square root периодты бөлшек — repeating decimal

# TECT 8

#### Өзінді сынап көр!

ILCI	031	1441 CDIIIGII IIO	Ρ•
<ol> <li>Көбейту ама</li> </ol>	алын орында:	$(-25)\cdot 3\cdot 4.$	
A) 75;	B) 100;	D) -100;	E) $-300$ .
<b>2.</b> Көбейту ама	алын орында:	$125 \cdot (-5) \cdot 8.$	
A) -5000;	B) 5000;	D) -625;	E) 1000.
3. Амалдарды	орында: (–8) ·	5 + (-3) · 6 - (-	-28).
A) 30;	B) -30;	D) -584;	E) 86.
<b>4.</b> Амалдарды	орында: (-15)	. 4 + (-48) : (-3)	- 150 : (-6).
A) -44;	B) 44;	D) 69;	E) -19.
5. Бөлу амалы	н орында: (–12	28): (-4): (-8):	2.
A) -4;	B) -128;	D) 2;	E) –2.
<b>6.</b> Есепте: (-3)	$(-3)^2 + (-2)^3$	$: (-1)^4 - (-1)^8 :$	$(-1)^7$ .
A) 10;	B) -10;	D) -11;	E) 12.
<b>7.</b> Есепте: –72	. 18 + 36 · 16 +	36 · (-4).	
A) -720;	B) 864;	D) -864;	E) -144.
<b>8.</b> Есепте: (54	· (-25) + 44 · 25	5): 50.	
A) 150;	B) -3;	D) 5;	E) -5.
9. Амалдарды	орында: (–69 +	44): (-5).	
A) -3;	B) -5;	D) 5;	E) 3.
<b>10.</b> Амалдарды	орында: (-12)	. 5 + (-54) : 3 -	(-84:(-14).
		D) 90;	

A) -40; B) 280; D) -280; E) -20.

A) -240; B) -2,401; D) 0,6; E) -0,6.

**11.** Ecente:  $(28 \cdot (-12) - 28 \cdot (-2) : 14$ .

**12.** Ecente:  $72,09:(-9)+(-3,2)\cdot 5$ .

## VIII тарау. Теңдеулерді шешу

## 116-117 Жақшаларды ашу ережесі. Коэффициент

1. Жақшаларды ашу ережесі. Көбейтудің қосуға қатысты терімділік заңының оң сандар үшін қолданылуымен танысамыз. Бұл заң қосылғыштардың санына байланысты емес және олардың арасында теріс сан болған жағдайда да орынды.

Көбіне есептеулерді орындау үдерісінде жақшаларды ашуға немесе ортақ көбейткішті жақшадан шығаруға тура келеді. Мұнда төмендегі ережелерді сақтау талап етіледі.

**1-е р е ж е.** Егер қосынды жақшаға алынып, жақша алдында «+" таңбасы тұрған болса, онда жақшаларды ашқанда жақшаның ішіндегі көбейткіштердің таңбасы өзгермейді, жақша мен «+» таңбасын тастап жіберуге болады:

$$a+(b-c)=a+b-c.$$

**1-м ы с а л.** 
$$+(-10 + 8 - 12) = -10 + 8 - 12 = -14$$
.

**2-е р е ж е.** Егер жақшаның ішіндегі бірінші қосылғыш таңбасыз жазылған болса, алдында «+» таңбасы бар деп ойлаймыз:

$$a+(b+c)=a+b+c.$$

**2-м ы с а л.** 
$$-2.8 + (2.8 - 7.63) = -2.8 + 2.8 - 7.63 = -7.63$$
.

**3-е р е ж е.** Егер жақшаның алдында « – » таңбасы тұрған болса, онда жақшаларды ашқанда қосылғыштардың таңбасы қарама-қарсысына алмастырылып, жақша ашылады:

$$a-(b-c) = a-b+c$$
;  $a-(-b+c) = a+b-c$ .

**3-м ы с а л.** 
$$-(-7+8-14)=7-8+14=13.$$

**4-е р е ж е.** Егер қосынды жақшаға алынып, жақшаның алдына «+» таңбасы қойылса, онда жақшаға алынған қосылғыштардың таңбалары өзгеріссіз қалдырылады.

**4-м ы c a л.** 
$$-13 + 8 - 2 = +(-13 + 8 - 2) = +(-7) = -7$$
.

**5-е р е ж е.** Егер қосындыны жақшаға алып, жақшаның алдына «—» таңбасы қойылса, онда жақшаға алынған қосылғыштардың таңбалары қарама-қарсысына өзгертіледі.

**5-м ы с а л.** 
$$11 - 18 + 16 - 23 = -(-11 + 18 - 16 + 23) = -(-14) = 14.$$

#### 2. Коэффициент ұғымы.

Егер өрнек сан және бірнеше әріптердің көбейтіндісінен құралған болса, әріптің алдында тұрған көбейткіш **коэффиниент** делінеді.

**6-м ы с а л.** 
$$5 \cdot a \cdot \left(-\frac{4}{15}\right) \cdot b \cdot 7$$
 өрнекті ықшамда.

Ш е ш у і. *Өрнекті ықшамдау* дегенде көрсетілген амалдарды орындап, оны берілгеніне қарағанда мүмкіндігінше ықшамдап, қысқалау көріністе жазуды түсінеміз.

Өрнекті ықшамдау жазуда көбейтудің бізге белгілі болған қасиеттері жәрдемдеседі, яғни барша санды көбейткіштерді әріптердің алдына жазуымыз мүмкін. Нәтижеде төмендегілерді аламыз:

$$5 \cdot a \cdot \left(-\frac{4}{15}\right) \cdot b \cdot 7 = \left(5 \cdot \left(-\frac{4}{15}\right) \cdot 7\right) \cdot (a \cdot b) = -\frac{28}{3} \cdot a \cdot b.$$

Нәтиже берілген өрнектен ықшамдау болады.

Демек, 
$$-\frac{28}{3} \cdot a \cdot b$$
 өрнекте  $-\frac{28}{3}$  саны коэффициент.

Әдетте, коэффициент әріпті көбейткіштің алдына жазылады. Әріпті көбейткіштің алдындағы +1 және -1 коэффициенттер, сондай-ақ көбейтіндіде коэффициент пен әріп және әріптер арасына көбейту амалының белгісі (яғни «·» белгі) жазылмайды:  $a^2b$ ,  $-ab^3$ .

Сөйтіп, берілген өрнекті қысқарту үшін сан және әріп көбейт-кіштер жеке теріліп, олардың көбейтіндісі табылады. Табылған сан көбейткіш әріптердің алдына жазылады.

- **980.** 1) «Жақшаларды ашу» дегенде нені түсінесің? Жақшаның алдында «+» немесе «–» таңбасы болса, жақшалар қалай ашылады?
  - 2) Қосындыны жақшаға алып, жақшаның алдына «+» немесе «–» таңбасы қойылса, жақшаның ішіндегі қосылғыштардың таңбасы өзгере ме?
  - 3) Коэффициент деген не? Мысалдармен түсіндір.
  - 4) Әріптердің арасына көбейту белгісі қойыла ма?
  - 5) Өрнекті ықшамдау дегенде нені түсінесің?

981. Алдымен жақшаларды аш, кейін есепте:

1) 
$$-(83 + 51) + 51$$
; 2)  $+(-23 - 510) + 23$ ; 3)  $-(-31 + 40) + 40$ .

Әдетте, жақшаның алдына "+" таңбасы жазылмайды, бірақ жақшаларды ашқанда ескеріледі.

982. Жақшаларды аш:

1) 
$$-2(a-3b+6)$$
; | 3)  $(3a-2b-5)\cdot 4$ ; | 5)  $5(3-2c+d)$ ;

2) 
$$(a-5b) \cdot (-4)$$
; 4)  $-(-7x-y+1)$ ; 6)  $-0.5(4+2a-b)$ .

983. Алдымен жақшаларды аш, кейін есепте:

1) 
$$+(65 + 35 - 101)$$
;

3) 
$$-(8 \cdot 9 + 3 \cdot 7 - 68);$$

$$2) -(65 + 53 - 38);$$

4) 
$$-(8 \cdot 12 - 4 \cdot 9 - 56)$$
.

984. Жақшаның алдына: a) «+» таңбасын; 2) «-» таңбасын қойып, бірінші екі қосылғышты жақшаға алып есепте:

1) 
$$65 + 94 - 45 - 23$$
;

$$2) -97 + 83 - 42 + 120;$$

2) 
$$-97 + 83 - 42 + 120$$
; 4)  $-397 + 248 - 324 + 201$ .


$$Y\pi \Gamma i$$
:  $-17 + 23 - 33 + 50 = -(17 - 23) - 33 + 50 = 23.$ 

985. Жақшаларды аш және есепте:

1) 
$$(219 + 511) - (-89 + 219)$$
; 3)  $(218 - 425) - (18 - 435)$ ;

2) 
$$(625 + 139) - (325 + 139)$$
;  $(4) - (29 + 109) - (378 - 78)$ .

**986.** «?» белгілерінің орнына сәйкес сандарды жаз (106-сурет):



987. Жақшаларды ашып, өрнектің сан мәнін есепте:

1) 
$$(20 - (-6)) - (15 - (-12));$$
 | 3)  $-(-65) - (-55 - 39) - (-34);$ 

$$(2)$$
  $(-29)$   $(-29)$   $(-34)$   $(-29)$   $(-34)$   $(-29)$   $(-34)$   $(-39)$   $(-34)$   $(-39)$ 

988. Жақшаларды аш және өрнектің мәнін тап:

1) 
$$(4,71 - 8,9) + (8,9 - 4,71); (3) (5,9 + 3,1) - (5,9 - 3,1);$$

2) 
$$\left(6\frac{13}{18} - 4, 2\right) - \left(2\frac{7}{18} - 1, 2\right);$$
 4)  $-8\frac{11}{13} - \left(\frac{2}{3} - \frac{11}{13}\right).$ 

989. Қолайлы тәсілмен есепте:

1) 
$$18 \cdot 52 - 18 \cdot 37 - 18 \cdot 13$$
; | 3)  $21 \cdot 74 + 21 \cdot 11 - 85 \cdot 10$ ;

2) 
$$42 \cdot 31 - 38 \cdot 42 + 21 \cdot 16$$
; 4)  $-128 \cdot 39 + 78 \cdot 32 + 64 \cdot 59$ .

990. Тендеуді шеш:

1) 
$$8,5 - (6,5 - x) = 3,8;$$

3) 
$$-(9.8 - x) - 10.5 = -20.8$$
;

2) 
$$-2.3x + (2.8 + 9.3x) = 9.8$$
;


1) 
$$8.5 - (6.5 - x) = 3.8$$
;  
2)  $-2.3x + (2.8 + 9.3x) = 9.8$ ;  
3)  $-(9.8 - x) - 10.5 = -20.8$ ;  
4)  $-6.7x + (-3.5 - 3.3x) = 6.5$ .

991. Колайлы тісілмен есепте:

1) 
$$25 \cdot 69 - 25 \cdot 37 - 25 \cdot 12$$
; | 3)  $12 \cdot 47 + 12 \cdot 13 - 30 \cdot 14$ ;

2) 
$$24 \cdot 13 - 83 \cdot 24 + 12 \cdot 40$$
; 4)  $64 \cdot 42 - 64 \cdot 12 - 15 \cdot 28$ .

992. Шеңберлердің ішіне сәйкес сандарды жаз (107-сурет): Есептеулерге сәйкес келетін санды өрнек туз.



993. (Ауызша.) Өрнектердің коэффициентін айт:

- 1) -2,1*a*; 3) -9*c*;
- 5)  $-4\frac{1}{3}x$ ;

- 2) 5,5b; 4) -1,8d;
- 6)  $\frac{5}{9}q$ .

994. Өрнекті ықшамда және оның коэффициентін тап:

- 1) 1,3x 4,2x + 5,3x; 3)  $-9 \cdot (-b) + 4 \cdot (-c)$ ;
- 2)  $-8 \cdot (-x) 3 \cdot (-y)$ ; 4)  $-x \cdot (-3,2) + y \cdot (-7)$ .

995. Өрнектін сан мәнін тап:


- а) -0.4a, мұнда 1) a = -0.08; 2) -1.5; 3) -4; 4) 0.05;
- b) 1,2b, мұнда 1)  $b = 1\frac{7}{12}$ ; 2)  $-1\frac{1}{6}$ ; 3)  $-1\frac{1}{3}$ ; 4) -0,04.

**996.** Пойыздың жылдамдығы 60 км/сағат. Оның t сағатта жүрген жолын тап. Ол  $t = \frac{2}{3}$ ; 1,4; 3; 3,5;  $6\frac{1}{6}$ ; 7,2

997. Өрнекті ықшамда және коэффициентінің астын сыз:

- 1)  $0.8a \cdot 1.5$ ; 3)  $-4.5 \cdot (-1.2x)$ ; 5)  $-2y \cdot (-3.54)$ ; 2)  $\frac{2}{3}a \cdot \left(-1\frac{2}{7}b\right) \cdot \left(-1\frac{3}{4}\right)$ ; 4)  $-a \cdot (-b) \cdot (-c)$ ; 6)  $\frac{14}{15}x \cdot \frac{3}{28}y$ .

998. Сандардың бағытындағы заңдылықты анықтап, түсіп қалған санды (?) тап (108-cypeт).



Жақшаларды ашып кейін есепте (999—1002):

$$4) - (59 - 69) - 29;$$

$$2) + (86 - 98) + 42;$$

$$5) - (284 - 49 - 244);$$

3) 
$$-(45 - 69 - 21)$$
; 6)  $+(-38 - 410) + 38$ .

$$6) + (-38 - 410) + 38$$

$$(2)(325 + 219) - (125 + 119);$$
  $(4) -(82 + 98) - (186 - 86).$ 

3) 
$$350 + (47 - 340)$$
;

**1002.** 1) 4,95 + (3,275 - 4,95); 2) 
$$\left(3\frac{5}{7}+1\frac{2}{9}\right)-\left(2\frac{1}{7}+\frac{4}{9}\right)$$
.

2) 
$$\left(3\frac{5}{7}+1\frac{2}{9}\right)-\left(2\frac{1}{7}+\frac{4}{9}\right)$$

1003. Өрнекті ықшамда және коэффициентін бөлек көрсет:

1) 
$$-0.1a \cdot (-10b)$$
;

3) 
$$-0.7c \cdot 0.4d$$
:

1) 
$$-0.1a \cdot (-10b)$$
; 3)  $-0.7c \cdot 0.4d$ ; 5)  $-1.6xy \cdot (-0.5)$ ;

2) 
$$1,2a \cdot (-b) \cdot 0,5c;$$
 4)  $5cd \cdot (-0,2);$  6)  $0,18a \cdot (-10b).$ 

4) 
$$5cd \cdot (-0.2)$$
;

6) 
$$0.18a \cdot (-10b)$$

1004. Өрнектің сан мәнін тап:

1) 
$$-2.8a$$
, мұнда  $a = -1.5$ ;  $2.65$ ;  $-5.5$ ;  $-1\frac{1}{14}$ ;

2) 5,1*b*, мұнда 
$$b = -10$$
;  $-0,01$ ;  $1\frac{8}{17}$ ;  $-2\frac{2}{3}$ .

# 118-119

## Бір белгісізді бүтін коэффициентті сызықты теңдеулерді шешу

1. Ұқсас мүшелер және оларды ықшамдау.

**Мысал.** 8а –6а –4а өрнекті ықшамда.

Ш е ш у і. Бұл өрнекті қосынды түрінде жазып алуға болады:

$$8a - 6a - 4a = 8a + (-6a) + (-4a),$$

демек, оның мүшелерін қосылғыштар деуге болады.

Бұл мысалдағы 8а, -6а, -4а қосылғыштар бірдей әріп көбейткішке ие, олар бір-бірінен тек коэффициентімен ғана ерекшеленеді. Мұндай қосылғыштар ұқсас мүшелер делінеді.

Үлестірімділік заңына сәйкес ортақ көбейткіш *а*-ны жақшадан шығаруға болады:

$$8a - 6a - 4a = (8 - 6 - 4)a = -2a$$
.

Жауабы: −2а.

Сөйтіп, берілген 8a - 6a - 4a өрнек оған тең болған ықшам көріністегі өрнекпен ауыстырылды.

Ол үшін:

1-қ а д а м: ұқсас мүшелердің коэффициентері қосылады; 2-қ а д а м: нәтиже ортақ әріп көбейткішке көбейтіледі.

Өрнекті бұлай ықшамдауды ұқсас мүшелерді ықшамдау дейлі.

Көбейткіштің  $(a + b) \cdot c = ac + bc$  үлестірімділік заңы a, b және c сандар үшін орынды екенін білесің.

- $(a + b) \cdot c$  өрнекті ac + bc немесе  $c \cdot (a + b)$  өрнекті ca + cb өрнекпен ауыстыру да жақшаларды ашу делінеді.
- ac + bc өрнекті  $(a + b) \cdot c$  немесе  $c \cdot (a + b)$  өрнекпен ауыстыру ортақ көбейткіш c-ны жақшадан шығару деп аталады.
- **2.** Бір белгісізді бүтін коэффициентті сызықты теңдеулерді шешу. Теңдеу, теңдеуді шешу, теңдеудің түбірі ұғымдарымен сен 5-сыныптан таныссың. Теңдеуді шешуге қатысты мысалдарды қарастырайық.

Біз 6-сыныпта тек сызықты теңдеулерді яғни белгісіздің бірінші дәрежесі қатысқан теңдеулерді шешуді үйренеміз. Мұндай теңдеулер белгілі форма ауыстырулардан кейін ax = b (мұнда a және b кез келген сандар ал x белгісіз сан) көрініске келелі.

Тендеу құрастыруға қатысты бір есепті қарастырайық.

Есеп. Үшбұрыштың бір қабырғасы екінші қабырғасынан 3 см қысқа, ал үшінші қабырғасынан 2 см ұзын. Үшбұрыштың периметрі 52 см болса, оның қабырғаларының ұзындығын тап.

Ш е ш у і. Үшбұрыштың бір қабырғасын x см делік. Онда оның екінші қабырғасы (x + 3) см, үшінші қабырғасы (x - 2) см болады. Есептің шартына орай:

$$x + (x + 3) + (x - 2) = 52.$$

Бұл өрнекті ықшамдап, 3x + 1 = 52 теңдеуге келеміз, мұнда x — белгісіз сан, яғни үшбұрыштың бірінші қабырғасының ұзындығы.

Тендеудегі 3x, 1, 52 өрнектер тендеудің мүшелері делінеді. Белгісіз x қатыспаған мүшелер 1 және 52 — теңдеудің бос мүшелері делінеді.

Бұл теңдеу былай шешіледі:

1) 3x + 1 = 52 теңдеудің екі бөлігіне де (-1) санын қосамыз: 3x + 1 + (-1) = 52 + (-1), бұдан 3x = 52 - 1, себебі 1 + (-1) = 0. 3x = 52 - 1 теңдік 3x + 1 = 52 теңдеудің сол жағындағы +1

қосылғыш қарама-қарсы таңбамен (-1 болып) теңдеудің оң жағына өткенін білдіреді. Нәтижеде 3x = 51 теңдеу пайда болалы.

2) 3x = 51 теңдеудің екі бөлігін де 3-ке бөлеміз:

$$3x:3=51:3$$
, бұдан  $x=17$  (см).

Олай болса, үшбұрыштың қабырғалары 17 см, 20 см 15 см болалы.

Тексеру: 17 + 3 = 20, 17 - 2 = 15, 17 + 20 + 15 = 52. Ж а у а б ы: 17 см, 20 см, 15 см.

Есептің шартына сәйкес келетін теңдеуді шешу үдерісінен мынадай қорытындыға келеміз:

**1-қ а с и е т.** Теңдеудегі қалаған мүшені оның таңбасын қарама-қарсысына өзгертіп, теңдеудің бір бөлігінен екінші бөлігіне өткізуге болады.

**2-қ а с и е т.** Теңдеудің барлық мүшелерін нөлге тең болмаған дәл бір санға көбейту немесе бөлу мүмкін.

Бұл қасиеттер **теңдеудің негізгі қасиеттері.** Оларды қолдану теңдеудің түбірін өзгертпейді.

**1-м ы с а л.** 5(-2x+3)=10-4x тендеуді шеш.

Ш е ш у і. Бұл тендеуді шешу басқыштары төмендегідей:

- 1) жақшаларды ашамыз: -10x + 15 = 10 4x;
- 2) белгісіз x сан қатысқан мүшелерді тендіктің сол жағына, бос мүшелерді теңдіктің оң жағына 1-қасиет бойынша өткіземіз: -10x + 4x = 10 15;
  - 3) ұқсас мүшелерді ықшамдаймыз: -6x = -5;
- 4) 2-қасиет бойынша бұл теңдеудің екі жағындағы мүшені де (-6)-ға бөлеміз:

$$-6x$$
: (-6) = -5: (-6), бұдан  $x = \frac{5}{6}$ . Тексеру:

1) 
$$5 \cdot \left(-\frac{1}{2} \cdot \frac{5}{6/3} + 3\right) = -\frac{25}{3} + \frac{3}{15} = \frac{-25 + 45}{3} = \frac{20}{3}$$
 (сол бөлігі);

2) 
$$10 - {}^{2}\mathcal{A} \cdot \frac{5}{63} = {}^{3}10 - \frac{10}{3} = \frac{30 - 10}{3} = \frac{20}{3}$$
 (оң бөлігі). Демек, теңдеу

дұрыс шешілген. Жауабы:  $\frac{5}{6}$ .

**2-м ы с а л.** Тендеуді шеш: 
$$3x + 2 = 4(x + 1) - x$$
.

Ш е ш у і. Жақшаларды ашамыз және ұқсас мүшелерді ықшамдаймыз. Белгісіз x қатысқан өзгеретін мүшелерді теңдеудің сол жағына, ал бос мүшелерін оң жағына өткіземіз және табамыз:

$$3x + 2 = 4x + 4 - x$$
;  $3x + 2 = 3x + 4$ ;  $3x - 3x = 4 - 2$ ;  $0 \cdot x = 2$ .

Нөлді кез келген санға көбейтсе нөл болады. Сондықтан тендік *х*-тың ешбір мәнінде орындалмайды. Ондайда берілген тендеу *шешімге ие емес*, яғни *тұбірі жоқ* дейіледі.

Ж а у а б ы: теңдеудің түбірі жоқ.

**3-м ы с а л.** Тендеуді шеш:: 3x + 2 = 5(x + 1) - 2x - 3.

Ш е ш у і. Жақшаларды ашамыз, белгісіз қатысқан мүшелерді теңдіктің сол жағына, бос мүшелерді оң жағына 1-қасиет бойынша өткіземіз және ұқсас мүшелерді ықшамдаймыз. Нәтижеде мыналарды аламыз:

$$3x + 2 = 5x + 5 - 2x - 3$$
;  $3x + 2 = 3x + 2$ ,  $3x - 3x = 2 - 2$ ,  $0 \cdot x = 0$ .

Нөлді кез келген санға көбейткенде нөл болады. Демек, теңдік *х*-тың барлық мәндерінде орындалады. Бұл *х*-тың кез келген мәні берілген теңдеудің түбірі екенін, яғни теңдеу *шексіз көп шешімге ие* екенін білдіреді.

Ж а у а б ы: тендеу шексіз көп шешімге ие.

 $0 \cdot x = 2$  және  $0 \cdot x = 0$  теңдеулерде *x*-тың алдындағы коэффициент 0 болуы мүмкін еместігін естеріңе саламыз.

Күрделі (сызықты емес) теңдеуді қарастырайық.

**4-м ы с а л.** Тендеуді шеш: 
$$(2x + 1)(5x - 3)(x + 3) = 0$$
.

Ш е ш у і. Үш көбейткіштің көбейтіндісі нөлге тең, олай болса көбейткіштердің кемінде біреуі нөлге тең болады. Теңдеу үш сызықты теңдеуге бөлінеді:

- 1) 2x + 1 = 0, бұдан 2x = -1, яғни x = -1:2, x = -0.5;
- 2) 5x 3 = 0, бұдан 5x = 3, яғни x = 3:5; x = 0.6;
- 3) x + 3 = 0, бұдан x = -3.

Сөйтіп, берілген теңдеу үш шешімге ие.

Ж а у а б ы: -0.5; 0.6; -3.



Теңдеу — математиканың маңызды ұғымдарының бірі, практикалық және ғылыми есептерді шешуде қолданылады. Теңдеуді шешу дегенде, теңдеудің барлық түбірін табу немесе бір де бір түбірі жоғын көрсетуді түсінеміз.

1005. 1) Ұқсас мүшелер деп нені айтады?



- 2) Ұқсас мүшелерді ықшамдау деген не?
- 3) Тендеуді шешу дегенде нені түсінесің?
- 4) 2(x-3) = 6 x теңдеуді түсіндіріп шеш. Шешу басқыштарын айт.

1006. Жақшаларды аш және ұқсас мүшелерді ықшамда:

- 1) -(-7a + 5) 4.5a + 2.8; 3)  $(3b 2) \cdot (-5) + 4$ ;
- 2)  $(2.4x 1) \cdot (-0.5) 0.5x$ ; 4) -8(c 3) + 9c.

1007. Ұқсас мүшелерді ықшамда:

- 1) -8a 5a + 7a + 2a:
- 3) 21b 10b + 9b 12b:
- 2) 1,3n-4,3n-5,7n-2,9n; 4)  $2\frac{1}{7}y+1\frac{4}{7}y-4\frac{5}{7}y-3\frac{5}{7}y.$

1008. Өрнекті ықшамда, кейін оның сан мәнін тап:

- 1) 7x 4y + 5x 6y + 9y, бұдан  $x = 1\frac{1}{12}$ , y = -1.8;
- 2) -8.7y + 15 2.3y 7.5, бұдан  $x = 2\frac{3}{11}$ ;  $1\frac{3}{22}$ .

1009. Көбейтудің терімділік қасиетін пайдаланып өрнектің мәнін тап:

- 1)  $17 \cdot 679 + 17 \cdot 321$ :
- 3)  $9.76 \cdot 3.41 + 6.59 \cdot 9.76$ :
- 2)  $2\frac{1}{7} \cdot 3\frac{5}{9} + 6\frac{6}{7} \cdot 3\frac{5}{9}$ ;
- 4)  $4\frac{7}{11} \cdot 3\frac{8}{13} 4\frac{7}{11} \cdot 2\frac{8}{13}$ .

Теңдеуді шеш (1010—1013):

- **1010.** 1) 5(x-1) + 7 = 3(x+1) + 1; 3) 3(3x+5) 4(3x-5) = 0; 2) 2(x+1) + 3 = 3(x-1) + 6; 4) 7(5-x) + 2 = 5(6-x) + 1.
- **1011.** 1) 4(x-3) 3(x+2) = -19; 3) -5(7-x) 4(x-8) = 3; 2) 2x + 1 + 3(x-2) = 14; 4) 2(x-4) 5(x-6) = 1.
- **1012.** 1)  $-9 \cdot (2x 7) + 17 \cdot (x 1) = 0;$  3) 5(x + 4) = 9x + 12; 2)  $-7 \cdot (2x 3) + 5 \cdot (3x 2) = 0;$  4) 8 5(4 3x) = 18. **1013.** 1)  $-8 \cdot (3x 2) + 5 \cdot (5x 3) = 0;$  3) 3x 7 = 2x + 3;
- 2) 5x + 6 (3x 4) = x 3 (2x 4); 4) 21 9x = 24 12x.
- 1014. Қатар келген екі натурал санның қосындысы 821. Сол сандарды тап.
- **1015.** Берілген 1; 2; -1; 3; 0,5 сандардың қайсысы тендеудің түбірі болады: 4(2x + 3) = 7(x + 2)?
- 1016. Тік төртбұрыштың іргелес қабырғаларының қосындысы 52 см. Ұзындығы енінен 1,6 есе артық. Осы тік төртбұрыштың ұзындығы мен енін тап.
- 1017. Үш шкафта барлығы 253 кітап бар. Бірінші шкафта екіншісіне қарағанда 11 артық, үшіншісіне қарағанда 6 кітап аз. Әр шкафта нешеуден кітап барын тап.

1018. Дөңгелектерге 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 цифрларын дұрыс тендік пайда болатындай етіп жаз:

$$\bigcirc \cdot \bigcirc \cdot \bigcirc = \bigcirc \cdot \bigcirc \bigcirc = 5568.$$

- 1019. Катар келген екі санның қосындысы 452. Сол сандарды тап.
- 1020. Үшбұрыштың периметрі 80 см. Оның бір қабырғасы екіншісінен 4 см ұзын, үшіншісінен 3 см қысқа. Осы ушбұрыштың қабырғаларының ұзындығын тап.
- 1021. Тік төртбұрыштың периметрі 56 см. Ұзындығы енінен 1,8 есе ұзын. Осы тік төртбұрыштың қабырғаларының ұзындығын тап.

**У**қсас мүшелерді ықшамда **(1022—1023)**:

- **1022.** 1) 5a + 3a 7a 2a; 3) 2.8x + 3.5x 1.8x 2.5x; 2) -4b + 5b 6b + 3b; 4) 19a 12b 7a + 24b.
- **1023.** 1) 19a 12b 7a + 24b; 3) 7,5x 9,4y 3,5x + 4,4y;

  - 2)  $3\frac{2}{11}x + 2\frac{3}{7}x 1\frac{2}{11}x 1\frac{3}{7}x$ ; 4)  $\frac{6}{7}x \frac{5}{13}y \frac{2}{7}x \frac{1}{13}y$ .
- **1024.** Өрнекті ықшамда кейін оның сан мәнін тап:

$$5a - 7b + 3a - 2b$$
, бұдан  $a = -1,75$ ;  $b = 1\frac{1}{9}$ .

Тендеуді шеш (1025—1027):

- **1025.** 1) 3(4-x) + 1 = 2(3-x) + 6: 3) 2x 19 = 8 x:

  - 2) (5-3x)-(7-2x)=-3-2x; 4) 11-6x=31-10x.
- **1026.** 1) x + 2 = -x + 14; | 3) 45 2x = 3x + 5; | 5) 4x 7 = 2x 3;
  - 2) 2x 3 = x + 1; 4) 9x 32 = 2 + 5x; 6) 8x 3 = x + 11.
- **1027.** 1) 4x + 3 = x 9; 3) 7x + 3 = 3x + 27; 5) 42 x = 2x + 9; 2) 2x - 19 = 8 - x; 4) 3x - 7 = 2x + 3; 6) 20 + 3x = 4 - x.
- **1028.** –3; –2; 0; 1; 2 сандарының қайсысы тендеудің түбірі болады? Оларды бөлек жаз.
  - 1) 6x + 7 = 3x + 10; | 3) 2x + 7 = 6x 1; | 5) 8x 5 = 3x 5;
  - 2) 5x + 7 = x 1; 4) 2x 7 = 4x + 3; 6) 5x + 3 = 6x + 1.
- 1029. Бір натурал сан ойланды. Егер оған 5 қосылса және қосынды 3-ке бөлінсе 0 шығады. Қандай сан ойланды?
- 1030. Екі санның айырмасы 7. Олардың бірі екіншісінен 7 есе улкен. Сол сандарды тап.

# 120-121

## Әдетте бір белгісізді бөлшек коэффициентті сызықты теңдеулерді шешу

Бір белгісізді бөлшек коэффициентті сызықты теңдеулерді шешу дәл бүтін коэффициентті теңдеулерді шешуге ұқсас.

Тендеулермен көптеген есептерді шешуге болады. Ол үшін:

- 1) табылуы қажет белгісізді бір әріппен белгілеу;
- 2) есептің шартын пайдаланып, оның мазмұнын беретін теңдеу құрастыру;
  - 3) құрылған теңдеуді шешу;
  - 4) есепте қойылған сұраққа жауап беру;
  - 5) жауаптың есептің мазмұнына сәйкестігін тексеру.

Демек, есепті шешу оған сәйкес келетін теңдеу құрастыру және оны шешу екен. Біз мұндай жағдайда есеп шарты «математика тіліне» өткізілді, есептің математикалық моделі түзілді, дейміз.



Есептің математикалық моделі есепте баяндалған жағдайды математика тіліне өткізу, бұл жағдайды формулалар, теңдеу және теңсіздіктер арқылы өрнектеу дегені.

**1-е с е п.** Тік төртбұрыштың периметрі 58 см. Ұзындығы енінен 5 см ұзын. Оның қабырғаларының ұзындығын тап.

Ш е ш у і. Тік төртбұрыштың енін x-пен белгілейік. Онда оның ұзындығы x+5 болады. Тік төртбұрыштың іргелес қабырғаларының қосындысы 58:2=29 (см). Демек, есептің шарты бойынша x+(x+5)=29. Дәл осы теңдеу есептің мазмұнына сай теңдеу. Оны шешу оңай:

$$2x + 5 = 29$$
;  $2x = 29 - 5$ ;  $2x = 24$ ;  $x = 12$  (sm).


Олай болса x + 5 = 12 + 5 = 17 (см).

Ж а у а б ы: тік төртбұрыштың қабырғалары 17 см және 12 см.

Есеп шығарудың тағы бір тәсілі бар, оны «есепте айтылған амалдар тәртібін және амалдардың өзін де керісіне, қарамақарсысына өзгерту» тәсілі деуге болады.

**2-е с е п.** Мен бір сан ойладым. Егер оны 2-ге көбейтіп, пайда болған көбейтіндіні 8-ге бөліп, бөліндіге 20-ны қосып, қосындыдан 15-ті азайтса 10 болады. Мен ойлаған санды тап.

Ш е ш у і. 1-тәсіл. Сандармен орындалатын амалдарды сызбада бейнелейміз. Амалдарды кері тәртіппен қарама-қарсысына алмастырамыз (109-сурет).



2-т ә с і л. Есеп шартын математика тілінде жазу.

Сөйлеу тілінде	Математика тілінде
Ойланған сан	X
Ол 2-ге көбейтілді	2x
Көбейтіндінің нәтижесі 8-ге бөлінді	2x:8
Пайда болған бөліндіге 20 қосылды	2x:8+20
Пайда болған қосындыдан 15 азай-	
тылды және айырмада 10 болды.	2x: 8 + 20 - 15 = 10

Бұл теңдеуді шешу саған қалдырылды.

Ж а у а б ы: мен ойлаған сан 20.

3-е с е п. Егер бір үш таңбалы санның алғаш сол жағына, кейін оң жағына 7 цифры жазылса, пайда болған төрт таңбалы сандардан біріншісі екіншісінен 3555-ке артық болады. Сол санды тап.

Шешуі. Үш таңбалы сан x болсын. Егер үш таңбалы санның сол жағына 7 цифры жазылса, ол төрт таңбалы сан болады және оны 7000 + x көрінісінде; оның оң жағына 7 цифры жазылса да төрт таңбалы сан пайда болады, оны 10x + 7 көрінісінде өрнектеу мүмкін. Нәтижеде төмендегі теңдеуді аламыз:

$$7\ 000 + x = 10x + 7 + 3555$$
.

Бұл теңдеуді шешіп, табамыз

7 000 + 
$$x = 10x + 3562$$
, бұдан 7 000 – 3 562 =  $10x - x$ , 3 438 =  $9x$ ,  $x = 3438 : 9$ ,  $x = 382$ .

Т е к с е р у: 7 382 және 3 827 — сәйкесінше берілген үш таңбалы санның сол және оң жағына 7 цифрын жазудан пайда болған сандар. 7 382 — 3 827 = 3 555 — есеп шартын қанағаттандырды.

Жауабы: 382 ойланған үш таңбалы сан.

13 — Математика, 6

193

Тендеулерді шеш (1031-1033):

**1031.** 1) 
$$0.25x + 0.4x = 7 - 0.35x$$
; 3)  $0.3x - 0.8x + 5 = x - 4$ ; 2)  $4(2.5 - x) - 4.5 = 12.5$ ; 4)  $2.5x + 9.5 = 3 - x$ .

**1032.** 1) 
$$2,5(4-2x)-5(1-3x)=5$$
; 3)  $-(x-5)-1,2(5-4x)=2,8$ ;

2) 
$$\frac{2}{3}(3x-1) - \frac{1}{9}(9x-2\frac{1}{4}) = \frac{1}{4}$$
; 4)  $-1\frac{1}{3}(x-3) - \frac{2}{3}(x+1,5) = 5$ .

**1033.** 1) 
$$0.9 \cdot (-4x) \cdot (-0.5) = -6.3;$$
 3)  $-2.4 : 2.3 = x : 6.9;$  2)  $-0.24 \cdot (-0.5y) \cdot (-10) = -1.2;$  4)  $y : (-3.5) = 4 : 1.4.$ 

**1034.** Тендеуді шеш:

1) 
$$\frac{5x-7}{x+4} = 3$$
; 2)  $\frac{x+1}{x+2} = \frac{1}{2}$ ; 3)  $\frac{2x+3}{5-x} = \frac{3}{5}$ ; 4)  $\frac{-3x+4}{4x-1} = \frac{7}{-5}$ .

Y л г і: 
$$\frac{x+7}{4-x} = \frac{2}{9}$$
 теңдеуді шеш.

Ш е ш у і. Бұл тендеуді пропорция, яғни екі қатынастың тендігі деп қарастыруға болады: (x + 7) : (4 - x) = 2 : 9. Пропорцияның негізгі қасиеті бойынша: 9(x + 7) = 2(4 - x), бұдан жақшаларды ашып 9x + 63 = 8 - 2x теңдеуге келеміз. Оны шешеміз:

$$9x + 2x = 8 - 63$$
;  $11x = -55$ ;  $x = -55 : 11$ ;  $x = -5$ .

Тексеру: 
$$\frac{-5+7}{4-(-5)} = \frac{2}{4+5} = \frac{2}{9}$$
 (теңдеудің сол жағы), демек  $\frac{2}{9} = \frac{2}{9}$ . Жауабы:  $x = -5$ .

Есептерді түрлі тәсілдермен (түсіндіріп, тендеу құрастырып, сұрақтар беріп) шеш (**1035—1036**):

- **1035.** Маржан бір сан ойлады. Оны 5-ке көбейтіп, 4-ке бөлді. Нәтижеден 10-ды азайтты. Пайда болған санның 30%-ын 3-ке бөлген еді 8 шықты. Маржан ойлаған санды тап.
- 1036. Үш шкафта барлығы 328 кітап бар. Бірінші шкафта екіншісіне қарағанда 17 кітап кем, бірақ үшіншісіне қарағанда 10 кітап көп. Әр шкафта нешеден кітап бар? Есепті әрі теңдеу құрастырып, әрі кері тәсілді пайдаланып шеш (1037—1039):
- **1037.** Егер белгісіз натурал санды 3-ке көбейтпестен 5 азайтылса және айырма 8-ге бөлінсе, кейін шыққан бөліндіге 23 қосылса да қосынды 2-ге көбейтілсе 56 болады. Белгісіз санды тап.

- 1038. Мен бір сан ойладым. Егер одан 42-ні азайтып, айырманы 12-ге көбейтсем, 1080 болады. Мен ойлаған санды тап.
- 1039. Үшбұрыштың периметрі 62 см. Оның бір қабырғасы екіншісінен 5 см ұзын, үшіншісінен 4 см қысқа. Сол ушбурыш кабарғаларының ұзындығын тап.
- 1040. (Әл-Хорезми есебі.) Саннан оның үштен бірі және төрттен бірі азайтылса, 8 қалады. Санның өзін тап.
- **1041.** 1) 2.5x 8 = 12 2.5x; 3) 3.7x 1.8 = 5.2 3.3x; 2) 16.4x - 4.8 = 6.4x + 5.2; 4) -8.4 - 7.5x = 12.5x + 11.6.
- 1042. Егер белгісіз натурал санды 3-ке бөлуден шыққан бөліндіге 5 қосылса, кейін қосынды 4-ке көбейтілсе, пайда болған көбейтіндіден 29 азайтылса және айырма 5-ке бөлінсе, 3 болады. Белгісіз санды тап.
- 1043. Белгісіз сан 8-ге бөлініп, бөліндіге 450 қосылғанда косындыда 500 шықты. Белгісіз санды тап.
- 1044. Бір натурал сан ойланды. Ол сан 4-ке бөлінсе және бөліндіге 6 қосылса, 24 болады. Қандай сан ойланған?

#### Ағылшын тілін үйренеміз!



тендеу - equation уксас мушелер — similar terms тендеудің түбірі — root of equation сызықты тендеу — linear equation

# TECT 9


#### Өзінді сынап көр!

- **1.** Тендеуді шеш: 3(x+1) = 5(x+1) + 4.
  - A) 2;
- B) -3;
- D) 1;
- E) -1.
- **2.** Тендеуді шеш: -2x + 3 = 3x + 8.
  - A) 1;
- B) -1:
- D) 0;
- E) 2.
- 3. Екі санның қосындысы 140-қа тең. Бірінші санның 8%-ы екінші саннын 6%-ына тен. Сол сандарды тап.
  - A) 60; 80;
- B) 75; 65;
- D) 50; 90;
- E) 70; 70.
- 4. Екі санның қосындысы 140-қа, ал олардың айырмасы 60-қа тең. Сол сандарды тап.

  - A) 70; 70; B) 110; 30;
- D) 100; 40; E) 80; 60.
- 5. Қатар келген үш бүтін санның қосындысы –3-ке тең. Сол сандарды тап.
  - A) -3, 0, 3;  $| B \rangle -2$ , -1, 0;  $| D \rangle -1$ , 1, 2;  $| E \rangle 10$ , -1, 2.

#### Тарихи мәліметтер

ak + b = 0 түріндегі теңдеуді **сызықты теңдеу** дейді. Сызықты теңдеулер және Сен кейін үйренетін квадрат теңдеулер, оларды шешу тәсілдері отандасымыз, ұлы ғалым **Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми**дің **«Әл-жабр вал-муқобала есебі туралы қысқаша кітап»** еңбегінде жазылған. Ол шығармасымен әл-Хорезми алгебраға негіз қалады. Шығарма латын тіліне, еуропа тілдеріне



**Мұхаммад ибн Мұса әл-Хорезми** (780-850)

аударылған және бірнеше рет баспадан шығарылған, оны ғасырлар бойы Шығыс пен Батыс университеттерінде оқулық ретінде пайдаланған. «Алгебра» терминінің өзі шығарма атындағы «әл-жабр» сөзінің латын тіліндегі «algebra» көрінісінде жазылуынан пайда болған.

XIV ғасырдан бастап бүкіл әлемде әл-Хорезми негізін салған ғылым **алгебра** деп атала бастады.

Практикалық мәселелерді шешуде математиканың аса маңызды екенін айтып, әл-Хорезми былай жазады:

«... мен арифметиканың қарапайым және күрделі есептерін қамтитын «Әл-жабр вал-му-

қобала есебі туралы қысқаша кітапты» енгіздім, себебі мирасты бөлгенде, өсиет жазуда, мал-мүлік бөлу және әділет істерінде, саудада және әрқандай бітімдерде, сондай-ақ жер өлшегенде, қаналдар қазғанда, инженерлікте және осыған ұқсас басқа істерде адамдарға бұл қажет».

**Әл-жабр** «*теңдеуде* азайтылып жатқан («минус» таңбалы) мүше болса, оны теңдеудің бір бөлігінен екінші бөлігіне оң таңбамен өткізуге болатынын білдіреді.

**Вал-муқобала** — *«қарсы қою»* деген сөз. Оның көмегімен ұқсас мүшелер ықшамдалады, теңдеудің екі бөлігіндегі тең мүшелер тастап жіберіледі.

## ІХ тарау. Мәліметтер

# 124-125

## Кестелер

*Кестелер* мәліметтерді берудің ең қолайлы және кең тараған түрлерінің бірі. Әдетте, кесте қатарлардан, бағандардан құралып, олар қиылысқан торкөзге мәлімет жазылады.

Мәселен, төмендегі кестеде көктемде мектеп ауласына 6-сынып оқушылары еккен жеміс ағаштарының саны туралы мәлімет берілген.

Тәртіп реті	Ай Сынып	Март	Апрель	Май	Барлығы
1	6- «A»	5	3	_	8
2	6- «B»	4	4	2	10
Жемісті аға	Жемісті ағаштар саны		7	2	18

Сынып журналын, оқушының күнделігін, мектеп басшысының азаматтарды қабылдау уақытының кестесін, сандарды көбейту кестесін бұған мысал ретінде келтіруге болады.

- 1045. 1) Кестелер туралы не білесің?
  - 2) Оқулық, газет, журналдарда қандай кестелерді көргенсің?
    - 3) Компьютерде ше? Бұл кестелер қандай мәліметтерді өрнектейді?
- **1046.** Ташкент қаласының Солтүстік вокзалынан әр күні жүретін пойыздар туралы кесте мәлімет берілген:

Рейс	Мекен	Ташкенттен жүретін уақыт	Жетіп баратын уақыт	Қашық- тық км
092F	ӘНДІЖАН	06.40	12.40	423
760Z	ҚАРШЫ	07.00	10.20	500
760Z	CAMAPKAHT	07.00	09.08	343
762F	БҰХАРА	08.00	11.47	562

#### Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Пойыздардың қайсысы мекенге жетіп бару үшін көп уақыт жұмсайды? Қайсысы аз уақыт жұмсайды?
- 2) Жолаушы Самарқантқа жетіп баруға қанша уақыт жұмсайды?
- 3) Неге Самарқант пен Қаршыға баратын пойыздардың рейсі (цифры) бірдей?

**1047.** Кестеде аудандағы дарынды оқушылардың назарға лайықты істері жайлы мәлімет берілген:

T.p	Жұмыс түрі	Сентябрь	Октябрь	Ноябрь	Декабрь	Барлығы
1	Өлең	22	30	15	28	95
2	Әңгіме	14	17	20	19	70
3	Мақала	25	32	21	18	96
4	Гылыми жоба	9	7	12	16	44
5	Техни- калық модель	15	11	23	14	63
	Барлығы	85	97	91	95	368

#### Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Ноябрь айында неше ғылыми жоба жаратылған?
- 2) 4 айда неше әңгіме жазылған?
- 3) Сентябрь айында барлығы қанша жұмыс жасалған?
- 4) Декабрь айында қандай істер көп болған? 4 айда ше?
- 5) Қай айда көп жұмыс жасалған? Ең азы ше?
- 6) Боялған сан қайсы сандардың қосындысы?

**1048.** Сыныпаралық футбол жарысының кестесін қарап шық.

T.p.	Сынып	1	2	3	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Ұпай	Доп- тар	Орын
1	6- «A»		3:3	1:2	_	1	1	1	4:5	3
2	6- «B»	3:3		5:5	_	2	_	2	8:8	2
3	6- «D»	2:1	5:5		1	1	_	4	7:6	1

#### Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Ең көп жеңіске жеткен қайсы команда?
- 2) Ең аз жеңіске жеткен қайсы команда?
- 3) Ең көп тең ойын ойнаған қайсы команда?
- 4) Ең аз тең ойын ойнаған қайсы команда?
- 5) Ең көп гол соққан қайсы команда?
- 6) Ең аз гол соққан қайсы команда?
- **1049.** Практикалық тапсырма. Күнделігінді пайдаланып соңғы төрт аптаның әрқайсысында қанша және қандай баға алғанынды қарап шық. Нәтижелерді кесте түрінде өрнекте:

Бағалар	1-апта	2-апта	3-апта	4-апта	Барлығы
5					
4					
3					
2					
Барлығы					

#### Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Қай аптада ең көп баға алдың?
- 2) Қай аптада ең кем баға алдың?
- 3) Қай аптада ең көп "5" баға алдың? Ең азы ше?
- 4) Төрт аптада қайсы бағаны көп алдың?
- 5) Төрт аптада қандай бағаны аз алдың?
- **1050.** Практикалық тапсырма. Сыныптасыңның қай айда туылғанын анықта. Нәтижені кесте түрінде өрнекте.
- 1051. Сыныпаралық футбол жарысының кестесін қарап шық.

T.p.	Сынып	1	2	3	4	5	Ұпай	Доптар	Орын
1	6- «A»		2:3	1:2	0:0	2:1	4	5:6	4
2	6- «B»	3:2		5:0	0:1	4:2	9	12:5	1
3	6- «D»	2:1	0:5		1:1	2:0	7	5:7	2
4	6- «E»	0:0	1:0	1:1		2:2	6	4:3	3
5	6- «F»	1:2	2:4	0:2	2:2		1	5:10	5

Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Ең көп жеңіске жеткен қайсы команда?
- 2) Ең аз жеңіске жеткен қайсы команда?
- 3) Ең көп тең ойын ойнаған қайсы команда?
- 4) Ең көп гол соққан қайсы команда?
- **1052.** Жанұя мүшелеріңнің қай айда туылғанын анықта. Нәтижелерді кесте түрінде өрнекте.

# 126—127 Диаграммалар


Түрлі шамаларды өлшеуде пайда болған сандарды, алынған мәліметтерді, олардан құралған кестені дұрыс түсіну, олардан практикалық қорытынды шығаруда диаграммалар пайдаланылады.

Диаграммалар үш түрлі болуы мүмкін: **дөңгелек, сызықты** және **бағанды**. Дөңгелек диаграммамен 5-сыныптан таныссың.

**Е** с е п. 6-сыныпта математика бойынша өткен жазбаша бақылау жұмыстың нәтижелері мына кестеде берілген:

Бағалар	«5»	«4»	«3»	«2»
Окушылар саны	6	11	17	2

Есептегі мәліметтерді *бағанды диаграмма* түрінде өрнектейік.





Ш е ш у і. Табаны өзара тең, биіктіктері 6, 11, 17, 2 сандарына сәйкес тік төртбұрыш сызамыз (110-сурет). Пайда болған сызба бағанды диаграмма болады.


Бағанды диаграммадан тыс сызықты диаграмма да бар. Енді есептегі мәліметтерді сызықты диаграмма түрінде өрнектейміз.

«5», «4», «3» және «2» баға алған оқушылар санын ұзындығы 6-ға, 11-ге, 17-ге, 2-ге тең кесінділер түрінде жазамыз (111-сурет). Пайда болған кесінділер сызықты диаграмма болады.

- 1053. 1) Қандай диаграммаларды білесің?
  - 2) Бағанды диаграмма деген не? Мысалмен түсіндір.
    - 3) Сызықты диаграмма деген не? Мысалмен түсндір.

Есептерге бағанды, сызықты диаграмма жаса (1054—1058):

- **1054.** Жер атмосферасының құрамында азот 78%-ды, оттегі 21%-ды, аргон және басқа газдар 1% -ды құрайды.
- **1055.** Авиация өнеркәсібінде пайдаланылатын дүралюминийдің құрамында алюминий 95% -ды, мыс 4% -ды, марганец 0,5% -ды және магний 0,5% -ды құрайды.
- **1056.** Тіске қойылатын металдың құрамында алтын 58%-ды, күміс 14% -ды, мыс 28%-ды құрайды.
- 1057. 112-суреттегі диаграммада төрт фирманың январь-июнь айларында қанша өнімі сатылғаны жайлы мәлімет берілген. Январь айында тек бірінші және екінші фирманың өнімі сатылғаны көрініп тұр. Қалған фирмалардың өнімі февраль айынан бастап сатылған.



Диаграмманы пайдаланып сұрақтарға жауап бер:

- 1) Апрель айында IV фирманың өнімі қандай көлемде сатылған?
- 2) Қай айларда III фирма сауда көлемі бойынша II фирмадан озған?
- 3) Июнь айында І фирманың сауда көлемі қандай болғанын бағала.
- 4) 6 айдың қорытындысы бойынша қай фирма көп сауда жасаған?
- **1058.** Спорт үйірмесіне 72 оқушы қатысады. Олардың: 15-і шахмат, 20-сы күрес, 10-ны бокс, 8-і үстел теннисі, қалғандары футбол үйірмелеріне қатысады. Оқушылардың спорт түрлері бойынша үйірмелерге қатысуын бағанды диаграммаға түсір.

Есептерге сай бағанды, сызықты диаграммалар жаса (**1059—1062**):

**1059.** Математикаға мамандандырылған мектептің 6-сыныбында математикадан өткен тест нәтижелері берілген:

Балл	71-80	81-90	91-100
Окушылар саны	4	16	10

#### 1060. Кестеде оқушының бір күндік қызметі келтірілген:

Қызмет түрі	Мектеп	Демалу	Сабақ дайындау	Тамақ- тану	Басқа қызметтер	Ұйқы
Жұмсала- тын барлық уақыт (сағ)	7	1	3	1	4	8

#### 1061. Кестеде мұхиттардың деңгейі берілген.

Мұхиттар	Тынық	Атлант	Үнді	Солтустік Мұзды
Ауданы (млн. Кв.км-да)	179,7	93,4	74,9	13,1

Масштабты «10 млн кв км -1 см» деп алуға болады.

**1062.** 6-сыныпта ана тілінен алынған диктантта жіберілген қателер саны берілген. Осыны өрнектейтін диаграмма жаса.

Қателер саны	0	1	2-4	5-6	6-дан көп
Окушылар саны	3	5	15	6	1

## 128-129

#### Мәліметтер талдауы

Күнделікті өмірімізде кейбір шамалардың, мәселен астық өнімділігінің, жұмыс өнімділігінің, халық тұтынатын заттардың көптеген сан мәндері есепке алынады. Оларды есептеу статистикалық шамалар немесе статистикалық сипаттамалар бойынша жүргізіледі.

Статистикалық сипаттамалардың ең қарапайым түрлері: арифметикалық орта, өзгеріс ауқымы, мода және медиана.

1-м ы с а л. Шахмат ойыны жарысында 6-сынып 8 оқушысы 13, 13, 12, 13, 10, 13, 12, 10 ұпай алды. Олардың осы алған ұпайларының арифметикалық ортасын табайық:

$$\frac{13+13+12+13+10+13+12+10}{8} = 12.$$

Демек, шахмат ойыны жарысында 6-сынып окушыларының алған ұпайларының ортасы 12 ұпай.

Сандардың арифметикалық ортасын сандардың абсолют жиілігінің кестесін пайдаланып табайық.

Берілген сандар қатарында қандай да бір санның неше рет кездесетінін көрсететін санды сол санның абсолют жиілігі дейміз.

Берілген сандарды абсолют жиілігі кестесі түрінде жазайык.

Ұпай саны	Ұпай санының абсолют жиілігі		
13	4		
12	2		
10	2		

Кесте бойынша  $\frac{13\cdot 4+12\cdot 2+10\cdot 2}{4+2+2}=12$ , демек, арифметикалық ортасы 12 ұпай.

Ұпайлардың сан мәндерінің ең үлкені 13, ең кішісі 10. Басқаша айтқанда ұпайлар сан мәндерінің **өзгеріс кеңдігі** 13-10=3 екен.

Өзгеріс ауқымы дегеніміз берілген сандар қатарындағы ең үлкен сан мен ең кіші санның айырмасы.

Техникада, тұрмыста шамалардың өзгеріс ауқымын білу өте кажет.

**2-м ы с а л.** Айдың күнгей нүктесінде температура  $130^{\circ}$ С, ал оған қарама-қарсы нүктесінде  $-170^{\circ}$ С. Өзгеріс ауқымын тап (113- сурет).

Айдағы температураның өзгеріс ауқымын табайық:

 $130^{\circ}$ C – (-170°C) = 300°C. Өзгеріс ауқымы 300°C болады.



Айды зерттеу үшін Айға жіберілетін жасанды серіктер температураның осындай өзгеріс ауқымына шыдайтындай материалдардан жасалуы керек. Техникалық есептеулерде өзгеріс ауқымын білумен қатар, олардың ең үлкен және ең кіші сан мәнін білу қажет. Статистикалық сипаттаманың ең көп қолданылатын түрі — мода.

Берілген сандар қатарындағы абсолют жиілігі ең көп сан, сол сандар қатарының модасы болады.

**3-м ы с а л.** Оқушының математика пәнінен алған бағалары: 5, 5, 5, 4, 3, 4, 5, 4, 5, 5. Оқушының бағаларының абсолют жиілігін төмендегі кесте көрінісінде жазамыз.

Баға	Абсолют жиілігі
«5»	6
«4»	3
«3»	1

Демек, оқушының математикадан тоқсанда алған бағаларының модасы: 5.

Статистикалық сипаттаманың ең қарапайым түрлерінің бірі — медиана.

Берілген сандардың саны тақ болса, онда олардың медианасы қақ ортасында тұрған сан.

Берілген сандар саны жұп болса, онда олардың медианасы сол сандарды өсу тәртібімен орналастырғанда ортада тұрған екі санның орта арифметикалық ортасына тең болады.

4-м ы с а л. Март айының бірінші аптасындағы ауаның орташа тәуліктік температурасы апта күндеріне сәйкесінше  $3 \,^{\circ}$ C;  $4 \,^{\circ}$ C;  $5 \,^{\circ}$ C;  $8 \,^{\circ}$ C;  $6 \,^{\circ}$ C;  $4 \,^{\circ}$ C;  $7 \,^{\circ}$ C болды.

Апталық температураның медианасын табу үшін сандарды өсу тәртібімен қатар орналастырамыз: 3; 4; 4; 5; 6; 7; 8.

Берілген сандар саны тақ — 7. Онда оның қақ ортасында бір сан бар. Ол 5 саны. Осы 5 саны — берілген сандар қатарының медианасы. Алғашқы үш сан медиананың сан мәнінен кіші, соңғы үш сан одан үлкен.



**Мода** (латынша modus) — мөлшер, тәсіл, ереже. Мода орта мән ретінде санды емес мәліметтер үшін көбірек қолданылады.

- 1063. 1) Қандай статистикалық сипаттамаларды білесің?
- 2) Берілген сандардың өзгеріс ауқымы деген не? Мода деген не?
- 3) Берілген сандардың медианасы қалай табылады? **1064.** Сандардың берілген абсолют жиіліктерінің кестесі бойынша, оның арифметикалық ортасын, модасын тап.

Сандар	Абсолют жиілігі
14,35	4
11,9	3
7,9	2

- **1065.** Сандар қатарының арифметикалық ортасын және өзгеріс ауқымын тап: 5,9; 6,1; 4,85; 5,3; 4,9; 5,35.
- 1066. Сандар қатарының модасын тап:

3,5; 2,6; 3,5; 1,3; 2,6; 3,5; 1,2.

**1067.** Сандардың өзгеріс ауқымын есепте, модасын тап: 32,3; 27,1; 45; 27,1; 43,6; 32,3.

- **1068.** Январьдың бір күнінде ауаның температурасы таңертеңгілік 2°С, түсте 6°С, түс қайта 4°С, түнде 0°С болды.
  - 1) Ауаның тәуліктік орташа температурасы неше градус?
  - 2) Тәулік ішіндегі ауаның өзгеріс ауқымы қандай?
  - 3) Сол күнгі ауа температурасының модасы бар ма?
- **1069.** Футбол командасының жанкүйерлер саны бірінші ойында 18 000, екінші ойында 15 200, үшінші ойында 16 900 және төртінші ойында 17 500 болды. Футбол командасының жанкүйерлері санының өзгеріс ауқымын тап.
- **1070.** Тоқсанда математикадан алған бағаларынды жазып, аррифметикалық ортасын, өзгеріс ауқымын, модасын және мединасын тап.

# 130-131

#### Комбинаторика элементтері

**Комбинаторика** — математиканың ауқымды бөлімдерінің бірі. Тұрмыста, техникада, өндірісте кездесетін есептерді шешу тәсілдері көп болуы мүмкін. Ол тәсілдердің саны нешеу? Оларды қалай есептеуге болады? Комбинаторика осы сұрақтарға жауап береді.

**1-е с е п.** Бірінші себетте 20, екінші себетте 30 алма бар. Бірінші себеттен алманы неше түрлі тәсілмен алу мүмкін? 20 түрлі тәсіл екені айдан анық. Дәл солай екінші себеттен 1 дана алманы 30 түрлі тәсілмен алу мүмкін. Олай болса бірінші немесе екінші себеттен 1 дана алманы алудың жалпы тәсілдер саны 20 + 30 = 50 болады.

Бұл есеп комбинаториканың қосу ережесін өрнектейді.

- 1071. 1) Комбинаторика қандай сұрақтарға жауап береді?
- 2) Комбинаториканың қосу ережесін мысалмен түсіндір.
- **1072.** 1, 2, 3, 4, 5 цифрларынан барлығы: 1) 2 таңбалы; 2) 3 таңбалы сандар құрса болады? Цифрлар қайталанбайтын және қайталануы мүмкін жағдайларды қарастыр.
- 1073. Бір бала жазған өлеңнің бірінші қатарында «Ұздік оқысаң жақсы да!» делінген. Бала бірінші қатардағы сөздердің орнын ауыстырып кейінгі қатарларды жазбақшы. Осы өленде неше қатар болады? Қане осы өленді жазып көрші.
- **1074.** Таудағы көлге 4 жол алып барады. Көлге неше түрлі тәсілмен барып келуге болады? Егер келерде басқа жолмен жүрсе ше?
- **1075.** Абай, Аружан, Мерей және Альмира өздеріндегі жасыл, көк, қызыл, сары шарларды бір-біріне бермекші. Оны неше түрлі тәсілмен орындаса болады?
- **1076.** 1) 2; 2) 3; 3) 4; 4) 5; 5) 6 түзу көбімен неше нүктеде қиылысуы мүмкін? Сәйкес сурет сал.
- **1077.** Ешқайсысы ортақ 3 нүктеге ие емес және өзара қиылысатын: 1) 3; 2) 4 түзу жазықтықты нешеге бөледі?
- **1078.** 1) 2; 2) 3 шеңбер көбімен неше қиылысу нүктеге ие болалы?

- **1079.** Үстелде алма, алмұрт, жүзім бар. 2 түрлі жемісті неше түрлі тәсілмен алуға болады?
- **1080.** 1) 2; 2) 3 шеңбердің әрқайсысы қалған шеңберлердің әрқайсысымен өзара қиылысып, жазықтықты нешеге бөлелі?
- **1081.** 4 оқушыдан 2-еуі «Білімділер сайысына» қатысу үшін тандалады. Оны неше тәсілмен орындаймыз?
- **1082.** Жазықтықта *а* және *b* түзулер өзара қиылыспайды. *a* түзуде 2, *b* түзуде 3 нүкте белгіленген. Белгіленген нүктелер бір-бірімен тұтастырылды. Неше үшбұрыш пайда болады?
  - **1083.** Түзуде: 1) 2; 2) 3; 3) 5; 4) 10 нүкте белгіленген. Әр жағдайда неше кесінді пайда болды?
  - **1084.** Кез келген радиусты шеңбер сыз және онда: 1) 3; 2) 4; 3) 6 нүкте белгіле. Белгіленген нүктелер бір-бірімен тұтастырылған. Әр жағдайда неше кесінді пайда болады?
  - **1085.** 1) Неше екі таңбалы сан 5-ке бөлінеді? 2) Неше үш таңбалы сан 5-ке бөлінеді?

# 132-133 Әдетте комбинаторика ережелеріне (көбейтуге) қатысты практикалық есептерді шешу

**Есеп.** Бұлыңғыр ауданынан Самарқантқа дейін екі тәсілмен — автобуспен және жеңіл машинамен келуге болады. Самарқанттан Ташкентке төрт тәсілмен - самолётпен, пойызбен, автобуспен және жеңіл машинамен келу мүмкін. Бұлыңғырдан Самарқант арқылы Ташкентке неше түрлі тәсілмен келсе болады?

Ш е ш у і. Алдымен Бұлыңғырдан Самарқантқа әкелетін жолдардың біреуін таңдаймыз. Оның 2 мүмкіндігі бар. Самарқантқа келген соң, Ташкентке баратын жолдардың бірін таңдаймыз. Оның 4 мүмкіндігі бар. Демек, Бұлыңғырдан Самарқант арқылы Ташкентке келудің барлық мүмкіндігінің саны  $2 \cdot 4 = 8$ .

Бұл есеп комбинаториканың көбейту ережесін өрнектейді.


- 1086. 1) Комбинаториканың көбейту ережесін бір мысалмен түсіндір.
  - 2) Комбинаториканың көбейту ережесі қандай сұрақтарға жауап береді деп ойлайсың?


- 1087. Азамат үйінен мектепке дейін автобуспен, метромен немесе жеңіл машинамен баруы мүмкін. Ол мектептен шығып әжесінің үйіне бармақшы. Әжесінің үйіне автобуспен және жеңіл машинамен барса болады. Азамат алдымен мектепке, сосын ол жерден әжесінікіне неше түрлі тәсілмен баруы мүмкін?
- **1088.** 3, 6, 7, 9 цифрларынан оларды қайталамастан мүмкіндігі болған барша төрт таңбалы сандарды құрастыр. Ол сандардың арасында нешеуі: 1) 4-ке бөлінеді; 2) 6 цифрымен басталады; 3) 7 цифрымен аяқталады?
- **1089.** Әсемде Әлішер Науаидың 5 шығармасы бар. Әсем оларды кітап сөресіне қоймақшы. Оның неше тәсілі бар?
- **1090.** Жазықтықта ешқайсысы бір түзуде жатпайтын: 1) 3; 2) 4; 3) 5 нүктенің әрқайсысын бір-бірімен тұтастыратын неше түзу бар? Сәйкес суретін сал.
- **1091.** Телефон станциясы абоненттерінің үй телефон нөмірі 7 таңбалы сан және 224 санынан басталады. Осы станция неше абонентке қызмет көрсетеді?
- **1092.** Түзуде: 1) 4; 2) 5; 3) 6 түрлі нүктелер алынды. Ұштары берілген нүктелерден құралған неше түрлі кесінді пайда болалы?
- 1093. Динара тұратын үйдің есігі кодпен ашылады. Код түрлі цифрлардан құралған 3 таңбалы сан. Динара кодты ұмытып қалды, бірақ сол санның 9-ға бөлінетінін және ортадағы цифры 6 екенін біледі. Ол көбімен неше ұмтылыста есікті аша алады? Егер бір ұмтылысқа 30 секунд кетсе, ол қанша уақыттан соң есікті ашады?
- **1094.** Екі бос орын бар. 3 адамның екеуін осы орынға неше тәсілмен отырғызуға болады?
  - **1095.** Математика кабинетіндегі суреттердегі үшбұрыш және төртбұрыштардың саны 15. Олардың қабырғаларының саны 53. Суреттерде неше үшбұрыш және төртбұрыш сызылған?
  - **1096.** Көшедегі үйлер 1-ден 50-ге дейін нөмірленген. Осы үйлердің нөмірінде 4 цифры неше рет қайталанған?
  - 1097. 3 хатты 3 конвертке неше түрлі тәсілмен салуға болады?

## Х тарау. Геометриялық материал

## 136-138 Үшбұрыш, оның периметрі және түрлері

1. Үшбұрыш. Үшбұрыш, оның периметрі ұғымымен төменгі сыныптардан таныссың. Жазықтықта *A*, *B*, *C* нүктелерді белгілейік (114- *a* сурет). *A*, *B*, *C* нүктелерді *AB*, *AC*, *BC* кесіндінің көмегімен қосамыз. *A*, *B*, *C* нүктелер бір түзуде жатқан жағдайда қаралмайды (114- *б* сурет).





Жазықтықтың AB, BC, AC кесінділермен шекараланған бөлігі ABC үшбұрыш дейіледі және  $\triangle ABC$  сияқты белгіленеди.

*А*, *B*, *C* нүктелер үшбұрыштың төбелері, *AB*, *BC*, *AC* кесінділер үшбұрыштың қабырғалары (115-сурет).

Үшбұрыштың кез келген бір қабырғасы қалған екі қабырғасының қосындысынан кіші.

$$AB < AC + BC$$

$$AC < AB + BC$$

$$BC < AB + AC$$

2. Үшбұрыштың түрлері. Үшбұрышта үш бұрыш бар. Олардың градус өлшемдерінің қосындысы 180° (115-сурет).

$$\angle A + \angle B + \angle C = 180^{\circ}$$
.

Бұрыштарына қарай үшбұрыштар сүйір бұрышты, тік бұрышты (тік бұрышты құрайтын қабырғалар катеттер, тік бұрыштың қарсысындағы қабырға гипотенуза деп аталады), доғал бұрышты болуы мүмкін (1-кестеге қара).

Қабырғаларына қарай үшбұрыштар: тең қабырғалы, тең бүйірлі, қабырғалары әртүрлі болып бөлінеді (2-кестеге қара).

 $\triangle ABC$  тең қабырғалы, яғни AB = BC болса, әдетте AC қабырға үшбұрыштың табаны дейіледі.

14 — Математика. 6

**3. Үшбұрыштың периметрі.** Үшбұрыштың үш қабырғасының қосындысы оның периметрі делінетінін естеріңе саламыз. 115-суреттегі  $\triangle ABC$ -ның периметрі төмендегіге тең.

$$P = AB + BC + AC.$$

1-кесте

Үшбұрыштың бұрыштары	Үшбұрыштың аталуы	Көрінісі (суреті)
Барлық бұрыштары сүйір	Сүйір бұрышты үшбұрыш	
Бұрыштарының бірі тік	Тік бұрышты үшбұрыш	
Бұрыштарының бірі доғал	Доғал бұрышты үшбұрыш	

2-кесте

Үшбұрыштың қабырғалары	Үшбұрыштың аталуы	Көрінісі (суреті)
Үш қабырғасы өзара тең: <i>AB</i> = <i>BC</i> = <i>AC</i>	Тең қабырғалы (тұрақты)	$A \xrightarrow{B} C$
Екі қабырғасы өзара тең: <i>AB</i> = <i>BC</i>	Тең бүйірлі үшбұрыш	$A \stackrel{B}{\swarrow} C$
Қабырғаларының ұзындығы әртүрлі $AB \neq BC$ ; $AB \neq AC$ ; $BC \neq AC$ .	Қабырғалары әртүрлі	A $B$ $C$

- 1098. 1) Үшбұрыш деп нені айтады? Сызбамен түсіндір.
- 2) Үшбұрыштың периметрі деп нені айтады?
- 3) Үшбұрыштың қабырғаларының арасында қандай байланыс бар?
- 4) а) Бұрыштары бойынша; ә) қабырғалары бойынша ушбұрыштар қандай түрлерге бөлінеді? Сәйкес сызба сыз.
- 5) Екі бұрышы: 1) доғал; 2) тік болған үшбұрыш бар ма? Неге? Жауабынды негіздеп бер.
- 1099. Үшбұрыштың: 1) үш бұрышы өзара тең; 2) бір бұрышы 120°-қа, қалған екі бұрышы өзара тең. Осы бұрыштарды тап. Ол бұрыштар қандай үшбұрыш болады?
- 1100. Ұзындықтары төмендегідей кесінділерден үшбұрыш салуға бола ма? Себебін түсіндір.
  - 1) 1,3 дм; 2,7 дм; 45 см; 3) 20 см; 2 дм; 200 мм;
  - 2) 0,8 дм; 10 см; 0,2 дм;
- 4) 4 см; 0,5 дм; 0,6 дм.
- **1101.** Үшбұрыштың бір бұрышы 40°-қа тең. Екінші бұрышы одан 2,5 есе үлкен. Осы үшбұрыштың үшінші қабырғасын тап. Ол қандай үшбұрыш болады?
- **1102.** Кестені толтыр және үшбұрыштың түрін анықта (a, b, c)— үшбұрыш қабырғаларының ұзындығы):

а	b	c	Периметрі	Үшбұрыштың түрлері
6,5 см	7,2 см	8,7 см		
	1,4 дм	1,6 дм	5,2 дм	
25 см		2,5 дм	75 см	
1,7 дм	17 см		5,8 дм	

- 1103. 1) Үшбұрыштың бір қабырғасы 6,5 см, екінші қабырғасы a см, ушінші қабырғасы b см. Осы ушбұрыштың периметрін табу үшін өрнек құр.
  - 2) a) a = 5.8 cm; b = 4.6 cm; b) a = 7.3 cm; b = 8.2 cm болғанда құрылған өрнектің сан мәнін тап.
- 1104. Бір бұрышы қалған екі бұрышының қосындысына тең үшбұрыш бар ма? Ол қандай үшбұрыш болады?

- **1105.** Тең қабырғалы үшбұрыштың қабырғасының ұзындығы 5,8 см. Оның периметрін тап.
- **1106.** Үшбұрыштың бір қабырғасы 8,9 см. Одан екінші қабырғасы 1,8 см қысқа, үшінші қабырғасы 3,6 см ұзын. Осы үшбұрыштың периметрін тап.
- **1107.** Қайрат ұзындығы 3,4 см, 0,9 см және 4,5 см кесінділерден үшбұрыш жасамақшы. Ол үшбұрыш жасай ала ма? Неге?
- **1008.** Тең бүйірлі үшбұрыштың табаны 21,3 см, бүйір қабырғалары 26,2 см. Оның периметрін тап.
- **1009.** Үшбұрыштың бір бұрышы 72°. Екінші бұрышы одан 2 есе кіші. Осы үшбұрыштың бұрыштарын тап. Ол қандай үшбұрыш болады?
- **1110.** Тең бүйірлі үшбұрыштың төбесіндегі бұрышы 52°. Табанындағы бұрыштарын тап.
- **1111.** Кестені толтыр және үшбұрыштың түрін анықта (a, b, c үшбұрыш қабырғаларының ұзындығы).

а	b	c	Периметрі	Үшбұрыштың түрлері
1,8 дм	16 дм	20 дм		
			28,8 дм	тең қабырғалы
36 см		3,6 дм	1,08 м	
4,5 дм	0,45 м		17,3 дм	


- **1112.** 1) Тең қабырғалы үшбұрыштың периметрі 75,9 см. Оның қабырғаларының ұзындығын тап.
  - 2) Тең қабырғалы үшбұрыш қабырғаларының ұзындығы 23,8 см. Оның периметрін тап.
- **1113.** 1) Тең бүйірлі үшбұрыштың табаны 74,7 см. Бүйір қабырғасы табанынан  $1\frac{2}{7}$  есе кіші. Осы үшбұрыштың периметрін тап.
- **1114.** Үшбұрыштың бір бұрышы екіншісінен 10°-қа кіші, екінші бұрышы үшіншісінен 10°-қа артық. Осы үшбұрыштардың бұрыштарын тап. Ол қандай бұрыш болады?


# 136-138

#### Үшбұрыштың ауданы


Сендер 5-сыныпта тік төртбұрыштың ауданын есептеу формуласымен танысып, түрлі тік төртбұрыштардың ауданын есептедіндер.

Енді үшбұрыштың ауданын қалай есептеуді үйренеміз. ABCD тік төртбұрыш алып, (116-сурет), оған AC диагональ өткіземіз. Сонда тік төртбұрыш 2 өзара тең ABC және ACD тік бұрышты үшбұрышқа ажыралады. Оларды қиып алып, бірбірінің үстіне қойып үшбұрыштың теңдігіне көз жеткіземіз (117-сурет).







Қабырғалары — ұзындығы (табаны) a және ені (биіктігі) b болған тік төртбұрыштың ауданын S=ab формуламен есептеуді білесің. Тік төртбұрыш өзара тең екі тік бұрышты үшбұрышқа бөлінгендіктен бір тік бұрышты үшбұрыштың ауданы тік төртбұрыштың ауданынан екі есе кіші және демек, ол



**118**)

 $S = \frac{1}{2}ab$  -ға тең болады (118-сурет).





Кез келген үшбұрышты әрдайым екі тік бұрышты үшбұрышқа ажыратуға болады (119-сурет).

Олай болса берілген үшбұрыштың ауданы төмендегі формула бойынша есептеледі:


$$S = \frac{1}{2} AC \cdot BD.$$


Бұл формуланың дұрыстығын тексеруді саған қалдырамыз.

Әдетте, BD — үшбұрыштың биіктігі (h) және биіктік өткізілген AC қабырғаны үшбұрыштың табаны (a) деп алынады.


Кез келген үшбұрыштың ауданы оның табаны мен биіктігінің көбейтіндісінің жартысына тең:  $S = \frac{1}{2}ah$ .


- 1115. 1) Катет деген не? Гипотенуза деген не?
  - 2) Тік бұрышты үшбұрыштың ауданы қалай есептеледі?
    - 3) Кез келген үшбұрыштың ауданы қалай есептеледі?
- 1116. 1) 120-суретте берілген өлшемдер бойынша төртбұрыштың ауданын есепте.
  - 2) 121-суретте бейнеленген тік бұрышты үшбұрыштың катеттерін өлше және ауданын тап.






**1117.** 122-суретте бейнеленген әрбір фигураның ауданы 1 кв. бірлікке тең екенін негіздеп бер.







- 1118. Боялған үшбұрыштың ауданын тап (123-сурет).
- **1119.** Үшбұрыштың периметрі 41,5 см. Оның бір қабырғасы екіншісінен 3,8 см ұзын, үшіншісінен 2,4 см қысқа. Осы үшбұрыштың қабырғаларын тап.
- **1120.** Табаны 5,2 см, биіктігі 4,5 см үшбұрыш сыз. Оның ауданын есепте. Енді берілген шамаларды екі есе арттырып, табаны 10,4 см және 9 см болған үшбұрыштың да ауда-


- нын есепте. Аудандардың қатынасын тап. Оны табандар, биіктіктер қатынасымен салыстыр. Қорытынды шығар.
- **1121.** 124-*а* суретте бейнеленген фигуралардың ауданы 1кв. бірлікке тең. Неге осындай екенін түсіндір. Саған 124- *b* сурет көмектеседі.
- **1122.** 125-суретте бейнеленген тік төртбұрыштар тең (аудандары тең). Боялған үшбұрыштардың аудандары да бірдей ме?





- **1123.** 126-суреттегі *AKD*, *APD* және *ACD* үшбұрыштардың аудандары не үшін тең екенін түсіндір. Қорытынды шығар.
- 1124. Үшбұрыштың бір бұрышы екінші бұрыштан 2 есе үлкен, үшінші бұрыш бірінші бұрыштан 1,5 есе үлкен. Осы үшбұрыштың бұрыштарын тап.
- 1125. Квадраттан төрт теңдей тік бұрышты үшбұрыш қиып алынды. Квадраттың қалған бөлігінің ауданын тап. Ол төртбұрыш қандай пішін болады (127-сурет).






1126. Тік бұрышты үшбұрыштың катеттері: 1) 14 см және 6 см; 2) 11,8 см және 10 см; 3) 1,5 дм және 12 см; 4) 3,6 см және 5 см болса, оның ауданын тап.

1127. Табаны 5,2 см, биіктігі 4,5 см ушбұрыш сыз. Оның ауданын есепте. Енді берілген шамаларды екі есе арттыр: нәтижеде табаны 10,4 см және биіктігі 9 см болған ушбұрыш пайда болады. Оның да ауданын есепте. Аудандардың қатынасын тап. Оны табандар мен биіктіктердің қатынасымен салыстыр. Қорытынды шығар.

1128. 128-суретте берілген тең бүйірлі ушбұрыштың ауданын есепте және ауданы осы үшбұрыштың ауданына тең болған тік төртбұрыш жасауды көрсет. Мұнда AC = 6 см, BD = 8 см.



1129. Үшбұрыш қабырғаларының ұзындығы 3, 4, 5 сандарына пропорционал, ал периметрі 96 см. Үшбұрыш қабырғаларының ұзындығын тап.


1130. Тең бүйірлі үшбұрыштың табаны 2,4 см. Оның бүйірі табанының  $\frac{2}{3}$ бөлігіне тең. Осы үшбұрыштың периметрін тап.

1131. Тенлеулі шеш:

1) 
$$2x + 5,3 = 4x - 5,5$$

1) 
$$2x + 5,3 = 4x - 5,5;$$
 2)  $4,7x - 1,8 = 3,2 + 2,2x.$ 

1132. Тік бұрышты үшбұрыштың катеттері: 1) 14 см және 6 см; 2) 11,8 см және 10 см; 3) 1,5 см және 12 см болса, оның ауданын тап.



- 1133. 129-суретте берілген төртбұрыштың ауданын қажет қабырғалардың ұзындығын өлшеп тап.
- 1134. Үшбұрыштың табаны 24 см, биіктігі табанынан 1,2 есе кіші. үшбұрыштың ауданын тап.

1135. Үшбұрыштың биіктігі 18 см, табаны биіктігінен 1,6 есе улкен. Осы үшбұрыштың ауданын тап.

1136. Тендеуді шеш:

1) 
$$4x-1,6=6x-7,6$$
;

2) 
$$4.7x - 1.8 = 3.2 + 2.2x$$
.

1137. Үшбұрыштың бір бұрышы екіншісінен 15° артық, ушіншісінен 9 кем. Осы ушбұрыштардың бұрыштарын тап.


## 145—146 Торкөз қағазда аудандарды есептеу

5-сыныпта фигураның ауданы ұғымымен танысып, тік төртбұрыш пен квадраттың ауданын есептеуді үйренгенсіндер.

Әдеттегі жағдайларда пішіндердің ауданы төмендегі ереже бойынша табылады.

**Пішіннің ауданын өлшеу** — пішін неше бірлік квадраттан құралғанын білу деген.

Мәселен, 130-суреттегі пішіндерді бірлік квадраттарға бөліп, осы пішінді құраған бірлік квадраттар санын есептейміз.



Торкөз қағазда берілген көпбұрыштың ауданын есептеу үшін «Пик формуласын» келтіреміз. Әрбір торкөз ұзындығы 1 см болсын. Торкөз қағаздағы түзулердің қиылысу нүктелерін — бірлік квадрат төбелерінің түйін нүктелері деп аламыз. Олай болса көпбұрыштың ауданы төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$S = \frac{M}{2} + N - 1.$$

Бұл формулада M — көпбұрыштың шекарасында жатқан түйін нүктелер саны, N — көпбұрыштың ішінде жатқан түйін нүктелер саны.


**1-е с е п.** Тік төртбұрыштың ұзындығы 5 см, ені 4 см. Осы тік төртбұрыштың ауданын тап.

Ш е ш у і. 1-т ә с і л. Тік төртбұрыштың ауданын есептеу формуласы  $S = a \cdot b$  бойынша:

$$S = 5 \cdot 4 = 20$$
 (cm<sup>2</sup>).

2-т ә с і л. Осы жауаптың Пик формуласымен қалай табылатынын қарастырамыз(131-сурет).

1) Тік төртбұрыштың ішінде жатқан түйін нүктелерді (көк түске боялған) санаймыз: олар  $4 \cdot 3 = 12$ , яғни N = 12.



2) Тік төртбұрыштың қабырғаларында жатқан түйін нүктелерді (қызыл түске боялған) санаймыз: олар 2 (3 + 6) = 18, яғни M=18. Пик формуласын қолданамыз:

$$S = \frac{18}{2} + 12 - 1 = 9 + 11 = 20$$
 (cm<sup>2</sup>).

Бұл мән сан тұрғысынан алдын есептеген ауданға тең. Ауданды есептеудің бұл әдісі әрі қызықты, әрі қолайлы. Ең бастысы торкөз қағазға сызылған төртбұрыш пен көпбұрыштың ауданын есептеуді оңайлатады.

**2-е с е п.** Тік бұрышты үшбұрыштың катеттері 6 см және 8 см. Оның ауданын тап. Сәйкес суретін сыз.

Ш е ш у і. 1-т ә с і л .  $S = \frac{1}{2}ah$  формула бойынша,

$$S = \frac{1}{2} \cdot 8 \cdot 6 = 24$$
 (cm<sup>2</sup>).

2-т ә с і л . Бірлік квадраттардың үшбұрыштың ішіндегі ұштарын санаймыз: олар N=17. Үшбұрыштың периметрі бойлап орналасқан ұштарының саны M=16. Пик формуласын қолданамыз:

$$S = \frac{16}{2} + 17 - 1 = 8 + 16 = 24$$
 (cm<sup>2</sup>).

Сөйтіп, екі тәсіл де бірдей нәтиже берді.

Ж а у а б ы: S = 24 см<sup>2</sup>.

3-есеп. 132-суреттегі үшбұрыштың ауданын есепте.

Ш е ш у і. Түйін нүктелердің санын санаймыз: M=15, N=34.


Пик формуласын қолданамыз:

$$S = \frac{15}{2} + 34 - 1 = 7,5 + 33 = 40,5$$
 (cm<sup>2</sup>).

Үшбұрыштың ауданын табу формуласы  $S=\frac{1}{2}ab$  бойынша да


$$S = \frac{1}{2} \cdot 9 \cdot 9 = 40,5$$
 (cm<sup>2</sup>).

Демек, Пик формуласы дұрыс нәтиже берді.




- **1138.** 1) Тік төртбұрыш және үшбұрыштың ауданын есептеудің қандай тәсілдерін білесің?
  - 2) Пик формуласы дегенде нені түсінесің?
  - 3) Кез келген үшбұрыш сыз және Пик формуласымен оның ауданын есепте.


- **1139.** AOB үшбұрыштың O бұрышы тік. Егер AO = 2,4 см және BO = 10 см болса, үшбұрыштың ауданын тап.
- **1140.** 133-суреттегі пішіннің ауданын тап (бір торкөз 1 см $^2$ ).




**1141.** Түйін нүктелерді белгілеп, үшбұрыштардың ауданын Пик формуласымен есепте (134-сурет).



1142. Боялған пішіндердің ауданын тап (135-сурет).



- **1143.** Үшбұрыштың бір бұрышы 60°. Екінші бұрышы одан 1,5 есе үлкен. Сол үшбұрыштың үшінші бұрышын тап және бұрышы бойынша түрін анықта.
  - 1144. 136-суреттегі пішіннің ауданын тап.



## 147-148

## Торкөз қағазда аудандарды есептеуге қатысты есептер

Торкөз қағазда көпбұрыштың ауданын есептеуге қатысты есептер шығаруды жалғастырамыз.

**1-е с е п.** 137-суреттегі пішін параллелограмм деп аталады. Оның ауданын есепте.


Ш е ш у і. Түйін нүктелер санын санаймыз. Суретте M=18, (қызылмен боялған), N=20 (көкпен боялған) . Пик формуласын қолданамыз:

$$S = \frac{18}{2} + 20 - 1 = 9 + 19 = 28$$
 (cm<sup>2</sup>).

Параллелограммның ауданы S = ah формуламен есептеледі. S = ah формула бойынша  $S = 7 \cdot 4 = 28$  (см²). Мұнда да Пик формуласы тура нәтиже берді.

**2-е с е п.** 138-суреттегі көпбұрыштың ауданын есепте.


Ш е ш у і. Түйін нүктелер санын санаймыз. Суретте M =11, (қызылмен боялған), N = 5 (көкпен боялған). Пик формуласын колданамыз:



$$S = \frac{11}{2} + 5 - 1 = 5, 5 + 4 = 9, 5$$
 (cm<sup>2</sup>).


Ж а у а б ы: S = 9,5 см<sup>2</sup>.

**1145.** Түйін нүктелері белгіленген пішіндердің ауданын Пик формуласымен есепте (139-сурет).




**1146.** Тік төртбұрыштың периметрі 26 см, қабырғаларының бірі 9 см. Осы тік төртбұрыштың ауданына тең ауданды квадраттың қабырғаларын тап.


1147. Ортадағы квадраттың ауданы төрт торкөзге, жоғарыдағы бөлігінің ауданы екі торкөзге, қалған бөліктерінің әрқайсысының ауданы 1 торкөзге тең екені анық. Түйін нүктелерді белгілеп, пішіннің ауданын Пик формуласымен есепте (140-сурет).




**1148.** Түйін нүктелерді белгілеп, пішіннің ауданын Пик формуласымен тап (141-сурет).



- **1149.** Тік төртбұрыштың бір қабырғасы 25 см, екіншісі 16 см. Тік төртбұрыштың ауданына тең ауданды квадраттың қабырғасын тап.
- **1150.** Тік төртбұрыштың ауданы 40 см², қабырғаларының қатынасы 2 : 5. Оның периметрін тап.
- **1151.** Үшбұрыштың табаны 4,8 дм, биіктігі 2,7 дм. Үшбұрыштың ауданын тап.
- **1152.** Түйін нүктелері белгіленген пішіннің ауданын Пик формуласымен тап (142-сурет).




- **1153.** Үшбұрыштың ауданы 20,48 см², биіктігі 6,4 см. Үшбұрыш табанының ұзындығын тап.
- **1154.** 143-суреттегі пішіннің ауданын тап (1 торкөздің ауданын 1 см $^2$  деп ал).



## 150-152 Дөңгелектің ұзындығы және шеңбердің ауданы

1. Дөңгелектің ұзындығы. Дөңгелек, шеңбер ұғымдарымен 5-сыныптан таныссын. Практикалық жаттығу ретінде төмендегі істерді орында: картон қағаздан радиустары әртүрлі (мысалы 3 см және 5 см) екі шеңбер қиып ал. Шеңбердің айналасынан бір нүкте белгіле. Сызғыштың О нүктесін, яғни санақ басын сол нүктеге қой және оны А нүктемен белгіле. Сосын А нүктеден бастап шеңберді сызғыш бойлап оң жаққа бір рет толық домалат. Шеңбердегі нүктенің сызғышқа келіп тірелген жерін В нүкте деп белгілеп ал. Пайда болған АВ кесінді шеңбердің ұзындығы болады. Осы істі екінші дөңгелек үшін де орында (144-сурет).

Енді дөңгелектің ұзындығын оның диаметріне (диаметр ұзындығы 2 радиус ұзындығына тең екенін есіңе түсір) қатынасын есептеп көрейік. Өлшеуді дұрыс орындаған болсаң, екі дөңгелек үшін де қатынастар 3,1 және 3,2 сандарының арасында болады.



Дөңгелек ұзындығының осы дөңгелек диаметріне қатынасы грекше  $\pi$  («пи» деп оқылады) әрпімен белгіленеді. Дөңгелектің ұзындығын C, радиусын r, диметрін d әрпімен белгілесек, онда

$$d=2r, \quad C\colon d=\pi, \quad \text{немесе} \quad C\colon (2r)=\pi$$
 болады. Бұдан  $C=\pi\cdot d$  немесе  $C=2\pi r.$ 

Дөңгелектің ұзындығын табу үшін оның диаметрін  $\pi$  санына көбейту керек.

 $\pi$  саны айнымайтын сан.  $\pi$  саны дөңгелек радиусына байланысты емес.

 $\pi$  саны периодты емес шексіз ондық бөлшек көрінісінде өрнектелуі мүмкін. Мырза Ұлықбектың обсерваториясында  $\pi$  санының үтірден кейінгі 17 таңбасы анық табылған.

$$\pi = 3,14159265358979325...$$

Іс жүзінде, жаттығулар орындауда ықшам болу үшін көбінесе  $\pi=3,14$  (кейде  $\pi=3,1416;\ \pi=\frac{22}{7}$ ) деп алынады.

**1-е с е п.** Дөңгелектің радиусы 3 см. Оның ұзындығын тап. Ш е ш у і.  $C = 2\pi r$  формула бойынша,

$$C = 2 \cdot 3,14 \cdot 3 = 6 \cdot 3,14 = 18,84$$
 (cm).

Жауабы: 18,84 см.

**2-е с е п.** Дөңгелектің ұзындығы 12,56 см. Оның радиусын тап.

Ш е ш у і:  $C = 2\pi r$  формуладан r = C:  $(2\pi) = 12,56$ :  $(2 \cdot 3,14) = 12,56$ : 6,28 = 2 (см).


Жауабы: 2 см.

**2.** Шеңбердің ауданы. Шеңбердің ұзындығын S әрпімен белгілейік.

Шеңбердің ауданы  $S = \pi r^2$  формула бойынша есептеледі.

Демек, шеңбердің ауданы қабырғасы осы шеңбер радиусына тең болған квадраттың ауданынан  $\pi$  есе үлкен екен (145-сурет).

**3-е с е п.** Шеңбердің радиусы 1 см. Оның ауданын тап.



Ш е ш у і.  $S = \pi r^2$  формула бойынша  $S = \pi \cdot 1^2 = \pi$  (см²).

Жауабы:  $S = \pi$  см<sup>2</sup>.

**4-е с е п.** Шеңбердің ауданы 12,56 см². Оның радиусын тап.

Ш е ш у і.  $S = \pi r^2$  формулада, S = 12,56;  $\pi = 3,14$  десек,  $12,56 = 3,14 \cdot r^2$ , бұдан  $r^2 = 4$ . Қандай санды өзіне өзін көбейтсе 4 шығады?


$$r \cdot r = 2 \cdot 2$$
, демек,  $r = 2$  (см).

Ж а у а б ы: r = 2 см.


1155. 1) Дөңгелек деп нені айтамыз? Шеңбер деп ше? Олардың бір-бірінен айырмашылығы неде, ұқсастығы ше? 2) Дөңгелектің ұзындығы дегенде нені түсінесің? Ол

2) Дөңгелектің ұзындығы дегенде нені түсінесің? Ол қандай формуламен есептеледі? Мысалдар келтір.

- 3) Шеңбердің ауданын табу формуласын білесің бе?
- 4) Дөңгелек ұзындығының диаметрге қатынасы неге тең?  $\pi$  әрпі нені білдіреді.
- **1156.** Радиусы: 1) 0,5 см; 2) 5 дм; 3) 20 см; 4) 0,4 м; 5) 40 мм дөңгелектің ұзындығын тап.
- **1157.** Диметрі: 1) 4 дм; 2) 50 см; 3) 0,01 м; 4) 100 см; 5) 200 мм дөңгелектің ұзындығын тап.
- **1158.** Ұзындығы: 1) 31,4 см-ге; 2) 56,52 дм-ге; 3) 0,628 м-ге; 4) 2,512 м тең дөңгелектің диаметрі нешеге тең?
- **1159.** Дөңгелектің радиусы 3 дм арттырылды. Оның ұзындығы қанша болады?
- **1160.** Диаметрі 2,4 дм доңғалақ 144,72 м қашықтыққа неше рет айналады?
- **1161.** Доңғалақ 2763,2 м қашықтықта 440 рет айналды. Доңғалақтың радиусы неше метр?
- **1162.** Радиусы: 1) 5,5 см-ге; 2) 10,8 см-ге; 3) 15,2 дм-ге тең шеңбердің ауданын тап. Нәтижені жүзден бірлер разрядына дейін дөңгелекте
- **1163.** Диаметрі: 1) 3,6 дм; 2) 19,4 м-ге тең шеңбер ауданын тап. Нәтижені бірлер разрядына дейін дөңгелекте.
- **1164.** 1) Диметрі 26 см баскетбол добы ұзындығы 81 см қалқадан өте ме?
  - 2) Ұзындығы 85 см сымнан жасалған қалқадан ше?
- **1165.** Шеңбердің радиусы 1,2 есе артса, оның ауданы қаншаға артады?
- **1166.** Шеңбердің ауданы: 1)  $36\pi$  см²-ге; 2)  $16\pi$  дм²-ге; 3)  $81\pi$  дм² тең. Шеңбер шетінің ұзындығы қанша?
- 1167. Квадраттың қабырғасы 4 см (146-сурет). Боялған аудандарды тап және нәтижелерді салыстыр. Қорытынды шығар.
- 1168. Ауданы 50,24 см<sup>2</sup> шеңбер шетінің ауданы неше дециметр? Нәтижені оннан бірлер разрядына дейін дөңгелекте.



- **1169.** Үлкен шеңбердің (147-сурет) радиусы 1,3 дм, боялған аудан  $\pi M^2$  -ге Кіші 1.44p тен. шенбердің радиусын тап.
- 1170. Донғалақтын диаметрі 68 см. Ол 100 рет айналғанда қанша метр журеді?
- **1171.** a) Радиусы: 1) 1) 3,6 см-ге;
  - 2) 24 дм-ге тен дөнгелектін ұзындығын тап. Нәтижені бірлер разрядына дейін дөңгелекте.



- ә) Диаметрі: 1) 1) 5,8 дм-ге; 2) 42 см-ге тең дөңгелектің ұзындығын тап. Нәтижені бірлер разрядына дейін дөнгелекте.
- **1172.** Ауданы: 1) 25р дм<sup>2</sup>-ге; 2) 314 см<sup>2</sup>-ге тең шеңбер шетінің ұзындығы қанша?
- 1173. Шеңбердің ауданы 314 см<sup>2</sup>. Оның диаметрін тап.

#### Ағылшын тілін үйренеміз!

үшбұрыш — triangle төртбұрыш – rectangle квадрат — square

донгелек — circle **трапеция** — trapezoid **аудан** — area

## **TECT 10**

#### Өзінді сынап көр!

- 1. Тең қабырғалы үшбұрыштың периметрі 28,8 см. Оның қабырғасының ұзындығын тап.
  - А) 9,6 см;
- В) 9,16 см; D) 8,6 см; E) 9,06 см.
- 2. Үшбұрыштың периметрі 27,8 см. Оның бір қабырғасы екіншісінен 3,5 см қысқа, үшіншісінен 2,7 см ұзын. Үшбұрыштың ұзын қабырғасы неше сантиметр?
  - А) 18,8 см;
- В) 11,7 см;
- D) 15,3 см; Е) 12,5 см.
- 3. Дөңгелектің ұзындығы 25,12 см. Оның радиусын тап.
  - A) 6,28 cm;
- В) 3.5 см;
- D) 4 cm;
- Е) 4,6 см.
- 4. Радиусы 3 см шеңбердің ауданын тап. ( $\pi \approx 3,14$  деп ал).
  - A) 28,026 cm<sup>2</sup>;
- D)  $21,126 \text{ cm}^2$ ;
- B)  $28,36 \text{ cm}^2$ ;
- E) 27,26 cm<sup>2</sup>.

15 — Математика. 6

225



#### Тарихи мәліметтер

 $\pi$  санының қолданыстағы маңызын ғалымдар тез түсініп, оны үлкен дәлдікпен есептеуге тырысқан. Оны төмендегі кестеден білуге болады.

<b>Галымның</b> апы	<b>Fасыр</b>	Мемлекет апы	π жуық мәні	Үтірден кейін неше цифр анық	
Архимед	Эрамызға дейінгі ІІІ	Греция	3,14285; 3,14084	2	
Витрувий	Эрамызға дейінгі І	Греция	3,12500	1	
Птолемей	Эрамызға II	Греция	3,14166	3	
Джан-Ен	II	Қытай	3,16214	1	
Ариабхатта	V	Үндістан	3,14159	5	
Си Шун	V	Қытай	3,14160	3	
Брахмагупта	VII	Үндістан	3,14234; 3,1428	2	
Мұхаммад Мұса Ал-Хорезми	VIII	Өзбекстан	$ 3,14285; 3,14160 \frac{22}{7}; \frac{62832}{20000} $	3	
Әбу Насыр Фараби	IX	Өзбекстан	3,14285; 3,14084	2	
Леонардо да Винчи	XIII	Италия	3,14183	3	
Бхаскара	XII	Үндістан	3,14160	3	
Гиясиддин Жамшид Ал Коши	XV	Өзбекстан	3,14159265358979325	17	
Франсуа Виет	XVI	Франция	3,1415926535	10	

 $\pi$  -ді анық есептеу барысында ең жақсы нәтижені бірінші болып Ұлықбек обсерваториясының жетекші ғалымдарының бірі Ал-Коши алғанын әрдайым мақтаныш етеміз.

## Қорытынды қайталау

#### 1. Сандардың бөлінгіштік белгілері

- 1174. Бір сан екіншісінен 9-ға артық, ал үшіншіснен 6-ға кем. Осы үш санның қосындысын 3-ке бөлгенде бөлінді 20-ға тен. Сол сандарды тап.
- 1175. Жұлдызшаның (\*) орнына сондай сан қой, шыққан сан 3-ке бөлінсін.
  - 1) 3\*8:
- 2) \*10:
- 3) 17\*:
- 4) 4 \* 25.
- 1176. 1) 1-ден 600-ге дейінгі сандар ішінде 9-ға бөлінетін сандар нешеу? 2) 3-ке бөлінетін сандар ше?
- 1177. Жұлдызшаның орнына сондай сан қой, нәтиже 9-ға бөлінсін:
  - 1) 283 + 1\*3;
- 2) \*01 + 10\*:
- 3) 2013 \*25.
- 1178. Қос теңсіздіктің жай шешімдерін тап
  - 1)  $1 \le x \le 32$ ;
- 2)  $31 \le x \le 47$ ;
- 3)  $101 \le x < 114$ .
- **1179.** Жұлдызшаның орнына сондай цифрлар қой 2 408 + 4 \*2\* қосынды; 9\*4\* — 2017 айырма 9-ға бөлінсін.
  - 2. Бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайту
- 1180. Есепте:

  - 1) EYOБ (372, 168); 3) EYOБ (840, 720);
  - 2) EKOE (816, 51); 4) EKOE (24, 25).
- **1181.** Ecente: 1)  $\frac{49}{80} + \frac{15}{16} + \frac{11}{32}$ ; 2)  $\frac{17}{24} + \frac{14}{15} + \frac{19}{45}$ .

- 1182. Тендеуді шеш:
  - 1)  $\frac{13}{5} \left(\frac{7}{6} + x\right) = \frac{11}{15}$ ; 2)  $\left(x \frac{3}{4}\right) + \frac{7}{16} = \frac{9}{16}$ .
- **1183.** Квадраттың қабырғасы  $5\frac{1}{4}$  дм, ол тік төртбұрыштың енінен  $2\frac{1}{5}$  дм ұзын, биіктігінен  $2\frac{3}{4}$  дм қысқа. Тік төртбұрыштың периметрі квадраттың периметрінен қанша артық?
- **1184.** *AB* кесіндіні *C* нүкте екі бөлікке бөледі:  $CB = 1\frac{1}{4}$  м, *AC* болса *CB*-дан  $2\frac{1}{5}$  м ұзын. *AB* кесіндінің ұзындығын тап.

1185. Қолайлы тәсілмен есепте:

1) 
$$25\frac{18}{47} - 12\frac{30}{41} + 8\frac{29}{47}$$
;

1) 
$$25\frac{18}{47} - 12\frac{30}{41} + 8\frac{29}{47}$$
; 2)  $23\frac{26}{37} + 7\frac{18}{19} - 4\frac{26}{37}$ .

**1186.** Ойланған санға  $15\frac{7}{12}$  қосылса,  $16\frac{7}{24}$  және  $10\frac{13}{15}$  сандар косындысына тең сан шығады. Ойланған санды тап.

#### 3. Жай бөлшектерді көбейту және бөлу

1187. Амалдарды орында:

1) 
$$4\frac{2}{7} \cdot 1\frac{13}{15} - 2\frac{1}{13} \cdot 1\frac{4}{9}$$
;

1) 
$$4\frac{2}{7} \cdot 1\frac{13}{15} - 2\frac{1}{13} \cdot 1\frac{4}{9}$$
; 2)  $2, 4 \cdot 1\frac{5}{12} \cdot 1\frac{7}{17} - 3\frac{1}{7} : 1\frac{4}{7}$ .

1188. Колайлы тәсілмен есепте:

1) 
$$39\frac{5}{7} \cdot 3\frac{15}{37} - 2\frac{5}{7} \cdot 3\frac{15}{37}$$
; 2)  $2\frac{5}{9} \cdot 1\frac{13}{28} + 4\frac{4}{9} \cdot 1\frac{13}{28}$ .

2) 
$$2\frac{5}{9} \cdot 1\frac{13}{28} + 4\frac{4}{9} \cdot 1\frac{13}{28}$$
.

**1189.** Санға оның  $\frac{4}{5}$  бөлігі қосылса, 90 болады. Сол санды тап.

1190. Мотоциклші сағатына 60 км жылдамдықпен 2 сағат 45 минут журді. Кейін сағатына 50 км жылдамдықпен 3 сағат 36 минут жол жүрді. Мотоциклші барлығы неше километр жол жүрген?

1191. Амалдарды орында:

1) 
$$3\frac{3}{11}:18+100:\frac{25}{36}-5\frac{1}{6}:1\frac{1}{30};$$

2) 
$$12\frac{3}{5}:\frac{21}{25}-\frac{17}{20}:1,19+3\frac{1}{17}:1\frac{1}{51}$$
.

**1192.** Тік төртбұрыштың ауданы  $20\frac{4}{5}$  м²-ге табаны  $6\frac{1}{2}$  м-ге тең. Төртбұрыштың биіктігін тап.

#### 4. Катынас және пропорция

1193. Бөлшек сандар қатынасын бүтін сандар қатынасына ауыстыр:

1) 3,25 : 9,75; 2) 
$$\frac{2}{3}:\frac{5}{12}:\frac{17}{18};$$
 3)  $2\frac{1}{9}:8\frac{4}{9}.$ 

3) 
$$2\frac{1}{9}:8\frac{4}{9}$$
.

1194. Қатынастың белгісіз мүшесін тап:

$$1) x : 1,2 = 2,5;$$

2) 
$$1.8: x = 1.5;$$

1) 
$$x : 1,2 = 2,5;$$
 2)  $1,8 : x = 1,5;$  3)  $x : 11\frac{3}{7} = 1\frac{1}{20}.$ 

1195. Қатынастардан пропорция құрастыруға бола ма:

1) 
$$1,5:7,5$$
 және  $1\frac{1}{7}:3\frac{3}{7};$  2)  $4:1$  және  $10:2,5$ ?

**1196.** Пропорцияның негізгі қасиетін пайдаланып теңдеуді шеш:

1) 
$$\frac{3x+4}{28} = \frac{22}{7}$$
; 2)  $2\frac{1}{7} : \frac{3}{28} = 3\frac{1}{3}x : 1,5$ ; 3)  $\frac{3}{2x-1} = \frac{7}{4x-1}$ .

- **1197.** Бір сан екіншісінен 102-ге үлкен. Ал ол сандардың қатынасы 9,3 : 0,8-ге тең. Сол сандарды тап.
- **1198.** Күріште 75%, арпада 6% крахмал бар. 5 кг күріштен шығатын крахмал неше килограмм арпадан шығатын крахмалға тең болады?
- **1199.** Ауданы 20 гектар егістік алқабының өлшемдері 50 см және 40 см-лік тік төртбұрыш сызбасын сызу үшін қандай масштаб таңдау керек?
- 1200. Пропорцияның белгісіз мүшесін тап:
  - 1) x:8=4:2;
- 3)  $2\frac{2}{7}:1\frac{1}{7}=x:2\frac{1}{9};$
- 2) 7.8 : x = 7.2 : 1.2;
- 4) 5:4=2.5:x.
- **11201.** 10, 27, 15 сандар үштігіне сондай төртінші санды танда, олардан пропорция құрастыруға болсын. Есептің неше шешімі бар?
- **1202.** *А* және *В* қалалардың арақашықтығы 180 км. Оны жеңіл машина 2 сағатта, жүк машинасы 3 сағатта жүріп өтеді. *А*-дан *В*-ға қарай жүк машинасы жолға шықты. *В*-дан *А*-ға қарай жеңіл машина жолға шықты. Олар *А* қаладан неше километр алыста кездеседі?
- **1203.** Пропорцияның негізгі қасиетін пайдаланып теңдеуді шеш:

1) 
$$\frac{2x+1}{6} = \frac{3x-1}{4}$$
; 2)  $x: 2,5 = 8\frac{4}{7}: 2\frac{1}{7}$ ; 3)  $\frac{10,5}{x-3,6} = \frac{51}{x+1,8}$ .

- 5. Оң және теріс сандар. Оң және теріс сандарды қосу және азайту
- **1204.** Координата осінде A (2) нүкте беріліп, ол ось бойымен жылжытылғаннан кейін B (-3) нүктеге өтті. B нүкте неше бірлікке және қай жаққа жылжытылған?
- 1205. Есепте.

1) 
$$|-2,8| \cdot |-3,5| \cdot \left|-2\frac{2}{3}\right| \cdot \left|-1\frac{1}{2}\right|;$$
 2)  $|-3,1| \cdot \left|-1\frac{9}{31}\right| - 1\frac{1}{3} \cdot \left|-\frac{3}{4}\right|.$ 

**1206.** Тендеуді шеш:

1) 
$$|x| = 1$$
;

2) 
$$|x| = 1.5$$
;

2) 
$$|x| = 1.5;$$
 3)  $|3 - x| = 3.$ 

**1207.** Ecente:

1) 
$$125 + ((-125) + 25);$$
 4)  $3,71 + ((-2,71) + 9);$ 

4) 
$$3.71 + ((-2.71) + 9)$$

$$2)$$
  $149 - (126 - (-70));$ 

$$5)$$
  $143 + (-176) + 1663$ 

$$3) -202 + ((-38) + 102)$$

1208. Сан осінде координатасымен берілген екі нукте арасындағы қашықтықты тап. Сәйкес сурет сал:

1) 
$$A(-1)$$
,  $B(3)$ ;

3) 
$$C(-4)$$
.  $D(-1)$ 

3) 
$$C(-4)$$
,  $D(-1)$ ; 5)  $E(-2)$ ,  $O(0)$ ;

2) 
$$F(2,5)$$
,  $G(4,5)$ ; 4)  $K(-1)$ ,  $L(2)$ ; 6)  $P(-5)$ ,  $O(1)$ .

4) 
$$K(-1)$$
,  $L(2)$ ;

6) 
$$P(-5)$$
,  $Q(1)$ 

**1209.** Тендеуді шеш:

1) 
$$10 + x = -20 + (-5)$$
;

3) 
$$-16 - x = 32 - (-12)$$
;

2) 
$$-12 + x = -11 - (-10)$$
:

1) 
$$10 + x = -20 + (-5)$$
; 3)  $-16 - x = 32 - (-12)$ ; 2)  $-12 + x = -11 - (-10)$ ; 4)  $x + (-18) = -29 - (-19)$ .

1210. Есепте:

$$3) -(-8 - 14) - (-18 + 32);$$

4) 
$$-\left(-2\frac{1}{3}-1\frac{2}{3}\right)-\left(3\frac{2}{7}-1\frac{2}{7}\right)$$
.

1211. Жұлдызшаның (\*) орнына сәйкес сандарды қой:

1) 
$$-28 + (-22) + * = -55 - 3$$
;

$$2) * - 32 - (-38) = -29 - (-21);$$

3) 
$$-78 - (-22) - * = -(-63) - 96$$
.

#### 6. Оң және теріс сандарды көбейту және бөлу

1212. Дәреженің таңбасын анықта:

1) 
$$(-1)^1$$
;

3) 
$$(-1)^2$$
;

5) 
$$(-1)^{2013}$$
;  
6)  $(-1)^{2014}$ .

2) 
$$(-1)^3$$
;

4) 
$$(-1)^4$$
;

6) 
$$(-1)^{2014}$$

1213. Терімділік заңын пайдаланып шеш:

4) 
$$\left(-2\frac{5}{9}\right) \cdot 27 \cdot \frac{9}{23}$$
;

5) 
$$0,125 \cdot 3\frac{14}{15} \cdot (-8);$$

3) 
$$3\frac{4}{7} \cdot (-18) \cdot \frac{7}{25}$$
;

6) 
$$\left(-4\frac{1}{11}\right) \cdot (-5,5) \cdot 2$$
.

1214. Ортақ көбейткішті жақшадан шығар:

1) 
$$-122 \cdot 83 - 61 \cdot 46 - (-6) \cdot 122$$
;

2) 
$$-136 \cdot 57 - 68 \cdot 36 - 50 \cdot 68$$
.

#### 1215. Тендеуді шеш:

- 1) (12 + x) : (-3) = (-7) : 3.5:
- 3)  $\frac{-7-x}{4} = \frac{x-2}{3}$ ;
- 2) (x 9) : (-1,8) = (-2,5) : (-0,5);
- 4)  $\frac{8}{3 \times 7} = \frac{20}{4 \times 7}$ .

#### 1216. Өрнектің мәнін тап:

- 1)  $(-14,4) \cdot (-2) : (-3,6) \cdot (-1);$
- 2) (-33.6) : 2.8 · (-3.5) : (-7);
- 3)  $42.5:(-5):(-17)\cdot(-24);$
- 4)  $-8\frac{6}{7}:4\frac{3}{7}\cdot(-2,8):(-0,7).$

#### 1216. Өрнектің мәнін тап:

- 1)  $(-24) \cdot x = 480$ ; 3) 2.5x = -17.5; 5) 28.9 : (-x) = 17;
- 2)  $2\frac{2}{a} \cdot x = 1\frac{1}{a}$ ; 4) -x : 1,2 = 1,3; 6)  $x : \left(-1\frac{1}{3}\right) = \frac{-3}{4}$ .
- 1218. Азамат бір сан ойлады. Оны (-5)-ке көбейтіп, жауапты 9-ға бөлді. Бөліндіден 80-ді азайтып, нәтижені (–11)-ге бөлді. Пайда болған санның 80% -ына (-50)-ді қосқан еді, (-46) шыкты. Азамат кандай сан ойлаган?

#### 7. Тендеулерді шеш

- 1219. 1) Тендеудің тубірі деген не? Тендеу тубірге ие болуы шарт па? Мысалдар келтір.
  - 2) Тендеулердің негізгі қасиеттерін айт және мысалдармен түсіндір.
- **1220.** Белгісіз x қатысқан мүшелерді теңдеудің сол жағына, белгілі (бос) мүшелерді оң жағына өткізіп, өрнекті ыкшамда және пайда болған теңдеуді шеш.:

  - 1) 2,7x 2,8 = 4,2 4,3x; 3) -5,3x + 4,5 = 4,7x 5,5; 2)  $1\frac{4}{7}x 4,9 = 11,1 6\frac{3}{7}x;$  4)  $0,25x + 4\frac{2}{3} = 1,75x + 2\frac{2}{3}.$
- 1221. 1) Қатар келген бес тақ натурал санның қосындысы 9 975-ке тең. Сол сандарды тап.
  - 2) Қатар келген бес жұп натурал санның қосындысы 10 080-ге тен. Сол сандарды тап.
- 1222. Бес санның орта арифметикалық мәні (-3,2). Осы 5 санға тағы бір x сан қосып, орта арифметикалық мән есептелген еді, ол: 1) 2,4-ке; 2)  $8\frac{2}{3}$ -ге; 3) –3-ке тең шықты. *х*-ты тап.

- 1223. Кәсіпкерде 110 кг өнім бар еді. Егер ол 1 кг өнімді 4 000 сумнан сатса, 120 000 сум зиян көреді. Кәсіпкер барлық өнімді сатып, 100 000 сум пайда алды. Ол өнімнің бір килограмын неше сумнан сатқан?
- 1224. Бір фермердің егін алқабы екіншісінікінен 20% көп. Бірак өнімлілік екінші фермерле біріншісінікіне карағанда 25% көп. Кайсы фермер және неше пайыз көп өнім жинап алады?
- 1225. Төрт санның қосындысы 3 888-ге тең. Олардың қатынасы 4:3:5:6 сияқты. Сол сандарды тап.
- 1226. 576 м қашықтықта арбаның артқы доңғалағы алдағысына қарағанда 60 рет кем айналады. Алдағы доңғалақтың шеңбері 3,2 м болса, артқы доңғалақтың шеңберін тап.
- 1227. Тендеуді шеш:
  - 1) (7x + 3) (5x 7) = (2x 5) (3x 6);
  - 2) 3(2x-3) + 4(2-5x) = 7(2-3x) 2(3x-1);

3) 
$$\frac{5}{8} \cdot \left(\frac{4}{5}x - 1, 6\right) + 0,75 \cdot \left(\frac{1}{3}x + 1\frac{1}{3}\right) = 5 - 3x$$
;

4) 
$$2 \cdot (3,5x-4) - 3 \cdot (3x+1) = 2\frac{1}{7} \cdot (\frac{7}{15}x-1,4)$$
.

- 1228. Екі санның бірі екіншісінен 11-ге артық. Үлкен санның 30%-ы кіші санның 40%-ынан 0,8-ге көп. Сол сандарды тап.
- 1229. Үш шкафта 376 кітап бар. Бірінші шкафта екіншісіне қарағанда 12-ге кем, бірақ үшіншісінен 17-ге көп кітап бар. Әрбір шкафта нешеден кітап бар?
- 1230. Пропорцияның негізгі қасиетін пайдаланып теңдеуді шеш:

1) 
$$\frac{4x-7}{x-1} = \frac{13}{4}$$

3) 
$$\frac{x+1}{x+2} = \frac{1}{2}$$
;

1) 
$$\frac{4x-7}{x-1} = \frac{13}{4}$$
; 3)  $\frac{x+1}{x+2} = \frac{1}{2}$ ; 5)  $\frac{2x+3}{5-x} = \frac{3}{5}$ ;

$$2) \ \frac{x+1}{x-3} = \frac{5}{4} \ ;$$

2) 
$$\frac{x+1}{x-3} = \frac{5}{4}$$
; 4)  $\frac{x+3}{x+1} = \frac{5}{3}$ ; 6)  $\frac{x-3}{x+1} = \frac{1}{2}$ .

$$6) \quad \frac{x-3}{x+1} = \frac{1}{2}$$

- 1231. Автобустың жылдамдығы жеңіл машинанікінен 20 км/сағат аз. Белгілі қашықтықты жеңіл машина 5 сағатта, автобус 7 сағатта жүріп өтеді. Автобус пен машинаның жылдамдығын тап.
- 1232. Сатушы өнімнің 1 кг-ын 16 500 сумнан сатса, 81 400 сум зиян көреді. Егер 1 кг-ын 19 800 сумнан сатса, 162 800 сум пайда табады. Сатушыда неше кг өнім бар?

- **1233.** Қатар келген үш бүтін санның қосындысы (-387)-ге тең. Сол сандарды тап.
- **1234.** Үшбұрыштың периметрі 61 см. Оның қабырғасы екіншісінікінен 3 см қысқа, ал үшіншісінен 5 см ұзын. Сол үшбұрыштың қабырғаларын тап.

#### 8. Мәліметтер

- **1235.** 3, 5, 6 және 9 цифрларынан оларды қайталамастан мүмкін болған барша төрт таңбалы сандарды құр. Ол сандардың ішінен нешеуі: 1) 4-ке бөлінеді; 2) 5 цифрынан басталады; 3) 9 цифрымен аяқталады; 4) неше жағдайда тақ сандар қатар тұрады?
- **1236.** Маржан баскетбол торына 33 рет лақтырған доптан 20-сын, Мерей 28 рет лақтырған доптан 18-ін түсірді. Қыздардың қайсысы мерген?

#### 9. Геометриялық материал

- **1237.** Үшбұрыштың бір бұрышы 30°. Екінші бұрышы одан 3 есе үлкен. Осы үшбұрыштың үшінші бұрышын тап. Бұл үшбұрыш қандай үшбұрыш болады?
- **1238.** Үшбұрыш қабырғаларының ұзындығы 6, 8, 10 сандарына пропорционал, периметрі 72 см². Үшбұрыш қабырғаларының ұзындығын тап.
- **1239.** Үшбұрыштың периметрі 41,5 см. Оның бір қабырғасы екіншісінен 3,8 см ұзын. Үшіншісінен 2,4 см қысқа. Осы үшбұрыштын қабырғаларын тап.
- **1240.** Үшбұрыштың бір бұрышы екіншісінен 18° артық, ал үшіншісінен 6° кем. Осы үшбұрыштың бұрыштарын тап.
- **1241.** 1) Дөңгелектің радиусы 2,5 см. Дөңгелектің ұзындығын тап.
  - 2) Дөңгелектің ұзындығы 21,98 см. Дөңгелектің диаметрін тап.
- 1242. Шеңбердің радиусы 1,5 см. Осы шеңбердің ауданын тап.
- **1243.** Шеңбердің ауданы 9 есе арту үшін оның радиусын неше есе арттыру керек?
- **1244.** Жер экваторының радиусы 6378 км. Жер экваторының ұзындығын тап.

#### ЖАУАПТАР

**3.** 240 м<sup>2</sup>. **8.** 1 сағатта 252 г, 1 тәулікте 6 048 г, 1 айда 181 440 г. **22.** 2 сағат 24 мин (2,4 сағат). **28.** 64 бет, 60 бет. **41.** 1) 0, 2, 4, 6, 8цифрлары. 44. 1. 47. 1. 59. 1) 2-ге: 36, 38, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52; 2) 5-ке: 35, 40, 45, 50; 3) 10-а: 40, 50. **64.** Ең үлкені — 3 210; ең кішісі -1023. **79.** 1) 111; 2) 111 111 111. **88.** 1) x = 126; 135; 144; 153; 162; 2) y = 90; 99; 3) z = 63; 72; 81; 90; 99; 108; 117. **128.** 1) EYOB  $(a, b) = 2 \cdot 5^2 = 50$ ; 3) EYOB  $(a, b) = 5 \cdot 7 = 35$ . 137. 1) EYOB (50, 60) = 10; 2) EYOB (21, 84) = 21; 3) EYOB (225, 84) = 21; 3) 50) = 25. **144.** 105 KYH. **149.** 2 + 5 = 7; 5 - 2 = 3. **169.** 1) x = 13; 2) x = 18. **174.** B). **197.** 1) 25 cm =  $\frac{1}{4}$  m, 50 cm =  $\frac{1}{2}$  m, 90 cm =  $\frac{9}{10}$  m; 2) 60  $\Gamma = \frac{3}{50}$  кг, 200  $\Gamma = \frac{1}{5}$  кг, 750  $\Gamma = \frac{3}{4}$  кг. **201**. Қырық. **225.** n = 3болуы мүмкін:  $\frac{1}{3}$ ;  $\frac{2}{3}$ . **226.** Мадина жылдам шешеді, өйткені  $\frac{9}{45} < \frac{10}{45}$ . **246.**  $a = \frac{2}{36}$ ;  $\frac{3}{36}$ ;  $\frac{4}{36}$ ;  $\frac{5}{36}$ . **248.** A) 2. **250.** 1) x = 9; 2) x = 3; 3) x = 28. **284.**  $\frac{19}{30}$  сағат немесе 38 мин. **301.** 2- қаптада 8,1 кг; 0,7 кг көп болған. **310.** AB кесінді ұзын,  $\frac{1}{25}$  дм-ге ұзын. **313.** 41 м. **316.**  $6\frac{1}{8}$ . **330.** *AB* кесінді *CD* кесіндіден 0,15 дм-ге ұзын. **350.** Иә, мукін. Масалы, 2 + 3 + 59 = 64. **351.** E). **353.** 14,7 кг. **360.** 72,9 дм<sup>2</sup>. **369.** 2 кг. **371.** 9 кг. **373.** Торғайдікі 1 200 м/мин, қырғидікі 1 120 м/мин. **375.** 20 кг. **427.** 12 км. **455.**  $1\frac{2}{3}$  сағатта,  $3\frac{1}{3}$  сағатта. **462.** 1 сағатта 60 км. **469.** 450 м<sup>2</sup>. **473.** 62 жаста. **482.** 240-қа. **484.** 101 —  $-10^2 = 1$ , **487.** 49 км. **498.** 1) 12,8; 2) 4. **503.** Мақсатта мүкіндік көп, өйткені  $\frac{36}{90} > \frac{35}{90}$ . **514.** 1) Дұрыс; 2) дұрые емес. **521.** 8 км жерді 2 сағатта басып өтеді. **523.** 2) 8. **528.** 1)  $1\frac{1}{5}x = 3$ ; 2) x = 2,4. **531.** 2) x = 6,5. **542.** Шеткі мүшесі 30-ға тең. **550.** 7 ат 8 күнде 224 кг жем жейді. **551.** 1) x = 1. **556.** 10 кұс 10 күнде 1 кг дән жейді. **558.** 100 кг. **578.** Маржан 7 ні қосты. **588.** 1) 720 г мақта бор; 2) 1 кг капрон бар. 612. 100,8 кг қалайы; 12 кг сурьма; 4,8 кг мыс;

2,4 кг висмут. **614.** 5 000 м<sup>2</sup>. **628.** 99 см. **631.** Кабырғалары 20 см. см. **635.** (77 + 13) : 3 = 30;(28 + 47) : 3 = 25;(16+44): 3=20, яғни орта торкөздегі сан шеткі торкөздегі сандар қосындысының 3-ке бөлінгеніне тен. 636. 36 жұмыртқа. **657.** 150 есе кішірейген. **658.** 72 км/сағат. **660.** 1 : 2 000 000. **662.** 32 км. **675.** 1:1000 000. **684.** 1) 2 артады. **687.** 1, 1, 1, 2, 5. **691.** D). **692.** 3 °C. **697.** 33 °C. **729.** 1) 23. **738.** 1) 106. **742.** 75. **803.** D). **827.** Кашықтықтар тен. **844.** 320 м, 6 300 м<sup>2</sup>. **907.** 3) 0; 4) теріс. **927.** 1) 5. **958.** 1) -111; 2) 0. **970.** 1) 5,(2); 2) 1,(37); 3) 3,(108). **975.** 1) 7,2 см; 2) 3,6 дм. **989.** 1) 36. **990.** 1) x = 1,8. **998.** -2,6. **1007.** 1) -4a; 3) 8b. **1020.** 27 cm, 23 cm, 30 cm. **1072.** 1) 20, 25; 2) 60, 65. **1073.** 6 катар. **1077.** 2) 11. **1079.** 6. **1081.** 12. **1083.** 3) 10; 4) 45. **1085.** 1) 18; 2) 180. **1087.** 6. **1089.** 120. **1091.** 10 000. **1093.** 10 ұмтылыс; 5 мин. 1097. 6. 1100. 1) Жасуға болмайды, өйткені үшбұрыш екі қабырғасының қосындысы үшінші қабырғасынаң кіші (4 дм < 4.5 дм). **1101.** 40°; догал бурыш. **1103.** 1) P = 6.5 + a + b; 2) а) 16,9 см. **1104.** Иә, бар; тік бұрышты. **1106.** 28,5 см. **1116.** 1) 50 см<sup>2</sup>. **1130.** 5,6 cm. **1132.** 2) 59 cm<sup>2</sup>. **1135.** 259,2 cm<sup>2</sup>. **1137.** 62°, 47°, 71°. **1139.** 12 см<sup>2</sup>. **1145.** a) 32,5 см<sup>2</sup>; d) 20 см<sup>2</sup>. **1147.** 12 см<sup>2</sup>. **1168.** r = 0.5 дм. **1174.** 21, 12, 27. **1189.** 50. **1200.** 2) x = 1,3. **1202.** 72 km. **1229.** 127, 139, 110. **1230.** 2) x = 19; 3) x = 0. **1231.** 50 km/caf; 70 km/caf. **1232.** 74 кг. 1233. –130; –126; –128.

#### 1000-ға дейінгі жай сандардың кестесі

2	3	5	7	11	13	17	19	23	29	31	37	41	43
47	53	59	61	67	71	73	79	83	89	97	101	103	107
109	113	127	131	137	139	149	151	157	163	167	173	179	181
191	193	197	199	211	223	227	229	233	<b>239</b>	241	251	257	263
269	<b>271</b>	277	281	283	293	307	311	313	317	331	337	347	349
353	359	367	373	379	383	389	397	401	409	419	421	431	433
439	443	449	457	461	463	467	479	487	491	499	503	509	<b>521</b>
<b>523</b>	541	547	557	563	<b>569</b>	571	577	587	593	<b>599</b>	601	607	613
<b>617</b>	619	631	641	643	647	653	659	661	673	677	683	691	701
709	719	727	733	739	743	751	757	761	769	773	787	797	809
811	821	823	827	829	839	853	857	859	863	877	881	883	887
907	911	919	929	937	941	947	953	967	971	977	983	991	997

### мазмуны

5-сыныпта өткендер	оді қайталау	3
6	- СЫНЫП МАТЕРИАЛДАРЫ	
І ТАРАУ. С	АНДАРДЫҢ БӨЛІНГІШТІК БЕЛГІЛЕРІ	
1—2-тақырыптар. 3—5-тақырыптар.	Сандардың бөлгіштері және еселігі Сандардың 10-ға, 5-ке және 2-ге бөлінгіштік белгілері	
10-тақырып. 11—12-тақырыптар. 13—14-тақырыптар. 15—16-тақырыптар.	Сандардың 9-ға және 3-ге бөлінгіштік белгілері	16 19 21 26
<b>II ТАРАУ. БӨ</b> Ј	ІІМДЕРІ ӘРТҮРЛІ БӨЛШЕКТЕРДІ ҚОСУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ	
21—23-тақырыптар. Өзінді сынап көр! (24—26-тақырыптар. 27—28-тақырыптар. 31—33-тақырыптар. 34—37-тақырыптар.	Бөлшектің негізгі қасиеті	34 38 39 43 47 51
ІІІ ТАРАУ. ЖАЙ	й бөлшектерді көбейту және бөлу	
43—45-тақырыптар.	Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту	65
49—50-тақырыптар. 51—53-тақырыптар.	Өзара кері сандар Жай бөлшектерді бөлу	73

54-тақырыптар. Бөлігіне қарай санның өзін таоу       82         Өзінді сынап көр! (4-тест)       87
IV-ТАРАУ. ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ПРОПОРЦИЯ
57—58-тақырыптар. Қатынас ұғымы. Пропорция
75—78-тақырыптар. Масштаб
V ТАРАУ. ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС САНДАР. БҮТІН САНДАР
81—83-тақырыптар. Оң және теріс сандар. Бүтін сандар туралы ұғым
сан осінде өрнектеу
VI ТАРАУ. ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС САНДАРДЫ ҚОСУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ
93—94-тақырыптар.       Координата осімен сандарды қосу және азайту
VII ТАРАУ. ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС САНДАРДЫ КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ
105—106-тақырыптар.       Сандарды көбейту       165         107—109-тақырыптар.       Сандарды бөлу       168         110—112-тақырыптар.       Рационал сандар туралы ұғым. Рационал сандарға қолданылатын амалдардың қасиеттрері       172
113-тақырып. Әдеттегі жағдайда натурал сандардың дәрежелері, мәндері рационал сан болған квадрат түбірлерді есептеу. Периодты бөлшек туралы ұғым

Өзінді сынап көр! (8-тест)	181
VIII ТАРАУ. ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУ	
116—117-тақырыптар. Жақшаларды ашу ережесі. Коэффициент 118—119-тақырыптар. Бір белгісізді бүтін коэффициентті сызықты теңдеулерді шешу	[
120—121-тақырыптар. Әдеттегі бір белгісізді бөлшек коэффициент сызықты теңдеулерді шешу	тi
Өзінді сынап көр! (9-тест)	195
х тарау. Мәліметтер	
124—125-тақырыптар. Кестелер	200 203 206 7re)
ХІ ТАРАУ. ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛ	
136—138-тақырыптар. Үшбұрыш, оның периметрі және түрлері 139—142-тақырыптар. Үшбұрыштың ауданы 145—146-тақырыптар. Торкөз қағазда аудандарды есептеу 147—148-тақырыптар. Торкөз қағазда аудандарды есептеуге қатысты есептер 150—152-тақырыптар. Дөңгелектің ұзындығы және шеңбердің ауданы. Өзінді сынап көр! (10-тест)	213 217 220 222 225
Тарихи мәліметтер	226
<b>ҚОРЫТЫНДЫ ҚАЙТАЛАУ</b>	
<ol> <li>Сандардың бөлінгіштік белгілері</li> <li>Бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайту</li> <li>Жай бөлшектерді көбейту және бөлу</li> <li>Қатынас және пропорция</li> <li>Оң және теріс сандар. Оң және теріс сандарды қосу және</li> </ol>	. 227 . 228 . 228
азайту	230 231 233
Жауаптар	234

22.я72 M29 Мырзаахмедов М.А., Рақымқариев А.А., Ш.Н. Исмаилов, М.А.Тохтаходжаева.

Математика 6: Жалпы орта білім беретін мектептердің 6-сыныбына арналған оқулық, /М.А. Мырзаахмедов, А.А. Рақымқариев, Ш.Н. Исмаилов, М.А.Тохтаходжаева. – «Oʻqituvchi» БПШҮ, 2017. – 240 бет.

I. Авторлар ISBN 978-9943-22-086-7

> УЎК 51(075.3) КБК 22.1я72

MIRFOZIL ABDULHAQOVICH MIRZAAHMEDOV, ABDUVAHOB ABDURAHMONOVICH RAHIMQORIYEV SHUXRAT NORALIYEVICH ISMAILOV, MIYASSAR ABDUVAXABOVNA TOXTAXODJAYEVA

#### **MATEMATIKA 6**

Umumiy oʻrta ta'lim maktablarining 6-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

Qayta ishlangan va toʻldirilgan 2-nashri

«Oʻqituvchi» nashriyot-matbaa ijodiy uyi

Toshkent - 2017

Тәржіман *Қ. Нұрбаева* Редактор *Қ. Нұрбаева* Тех. редактор *С. Набиева* Суретші *Ш. Рақымқариев* Беттеушілер *Қ. Нұрбаева, Ш. Юлдашева* 

Баспа лицензиясы AI №291.04.11.2016. Оригинал-макеттен басуға рұқсат етілді 28.07.2017. Пішімі  $70 \times 100^{-1}/_{16}$ . Кеглі 11, шпонды. ТітеsKAZ гарнитурасы. Офсеттік басылым. Офсет қағазы. Шартты б.т. 19,35. Есептік баспа табағы 11,82. Таралымы 605. Тапсырыс №

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «Oʻqituvchi» баспа-полиграфия шығармашылық үйі. Ташкент, Юнусабад, Янгишахар көшесі, 1-үй. Келісім-шарт №47-17.

#### Жалға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

Nº	Оқушының аты, фамилиясы	Оку жылы	Оқулықты алғандағы жағдайы	Сынып жетекшісі- нің колы	Оқулықты тапсыр- ғандағы жағдайы	Сынып жетекші- сінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

# Оқулық жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтып алғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критериімен толтырады

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқабасы бүтін, оқулық негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттерінде жазу-сызу жоқ.
Қанағатта- нарлық	Мұқабасы езілген, шеттері мүжілген, оқулық негізгі бөлігінен ажыраған, қолданушы қанағаттанарлық жағдайға келтірген. Жыртылған парақтары қалпына келтірілген, кейбір беттері толық емес.
Қанағатта- нарлықсыз	Мұқабасы мүжілген, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған және бүтіндей жоқ. Беттері жыртылған, парақтары толық емес, сызылып боялған. Оқулықты қалпына келтіруге болмайды.